

The background of the cover is a vibrant landscape. The top half shows a bright blue sky with wispy white clouds. Below the sky is a calm, blue body of water, possibly a lake or a wide river. In the foreground, there are several trees. On the left, a tree with yellowing leaves suggests autumn. On the right, a large, dark green tree with dense foliage stands prominently. The overall scene is peaceful and scenic.

Ғалым ҚАДІРӘЛІҰЛЫ

ЖЫЛҒАРА  
БАЙТОҚИН

«АРЫС» ҚОРЫНЫҢ «МӘДЕНИ МҰРА» СЕРИЯСЫ



СЕРИЯ «КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ» ФОНДА «АРЫС»



Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану  
мұражайы, “Асыл мұра” орталығы

---

## ӨТКЕН КҮН

*Тәтті, дәмді, тармақты,  
Ұзын Ертіс, Жетісу.*

-----

*Есіл менен Нұрадай,  
Екі енеге телі еді.*

-----

*Осылардың арасы  
Сарыарқа деген жер еді.*

-----

*Ақан, Шөже, Орынбай  
Жанақ, Біржан, Наурызбай  
Бір өзі мың ділдәлық  
Алты алашқа атақты —  
Бәрі ақын, сері еді.*

-----

*Өткен күнді ойласам,  
Ойға терең бойласам,  
Кешегі қайран қазақтың,  
Сәулеті мен дәулеті  
Көз алдыма келеді...*

*Мағжан Жұмабаев*

Ғалым ҚАДІРӘЛІҰЛЫ

(Тарихи-танымдық  
шығарма)

Жылғара БАЙТОҚИН



“Арыс” баспасы  
Алматы-2004

ББК 63.5 (5 Қаз)

Қ 14

Ақылдастар алқасы:

Қайролла Мұқанов – өлкетанушы,

Социал Жұмабаев – өлкетанушы,

Қаратай Биғожин – ауыз өдебиетін зерттеуші.

Пікір жазған:

Герольд Бельгер жазушы,

Қазақстан Президенті сыйлығының иегері.

ҚАДІРӘЛПҰЛЫ Ғ.

Қ 14 **Жылғара БАЙТОҚИН** *Зерттеулер (архив деректері жече ел аузында қалған сөз).* — Алматы, “Арыс” баспасы, 2004 ж.-104 +8 жапсырма бет.

ISBN 9965-17-164-5

*Орта жүзде дәлірек айтқанда Солтүстік Қазақстан жерінде аты шыққан, би болыс, аға сұлтан болған әйгілі Жылғара Байтоқин ХІХ ғасырдың жаңғырығы іспеттес. Бұл кітапта патшалық Ресейдің отарлау кезінде ел қорғаны, ел басшысы болған осы тарихи тұлға туралы жазылған.*

*Осындай атақты атамыздың бұған дейін зерттелмей, өз бағасын ала алмай келгендігі өлке тарихының олқылығы деп білеміз. Алғаш шығып отырған бұл басылым сол олқылықты толтырудың бастамасы деп түсініңіздер, құрметті оқырмандар! Кітап мазмұны, архив деректеріне сүйеніп жазылған, тарихи-танымдық мәні зор. Шығарма көпшілік қауымға ұсынылады, ал оған баға беру солардың құқығында.*

ББК 63.5 (5 Қаз)

Қ  $\frac{0503020905}{00 (05) -04}$

ISBN 9965-17-164-5

© “Арыс”, 2004 ж.



## АЛҒЫ СӨЗ

Өткенді білу, ел мен жерді басқарған, сақтаған, қорғаған қасиетті бабаларымыздың рухына бас ию, еске алу, керек десе оларды қайта түлету бүгінгі ұрпақтың парызы.

Жыландай жылжып жатқан жылдар, ғарыштап өтіп жатқан ғасырлар бар. Әр ғасырдың өз айғағы, өз шежіресі қалады, оның бәрі қағаз бетінде айғақталмаса есте сақтала бермейді. Мәселен XVIII және XX ғасырларда есте қаларлық қанды уақиғалар болды бірі жоңғар шапқыншылығы, екіншісі қуғын-сүргін құрбандары. Арасындағы XIX ғасыр ондай болмағанымен елеулі, ірі саяси және әлеуметтік оқиғаларға толы еді.

Қазақ елінің тағдыры, келешегі сол XVIII ғасырда өмір сүрген атақты Абылайханмен байланысты. Үйткені өзінің батырлығымен, ақылдылығымен елімізді, жерімізді аман-есен сақтап қалған осы хан Абылай және оның үзеңгілес, қандыкөйлек жолдастары, – батырлары болатын.

Әңгімеге арқау болып отырған Жылғара Байтоқин Ұлы қырғыннан бір ғасыр кейін өмір сүрсе де төре (хан) тұқымдарымен, яғни Абылайханның немересі Ғұбайдолла Уәлихановпен тұстас (замандас), қызметтес болған екен. Бірақ бұл кезде хандық биік жойылып, патша үкіметінің үстемдігі өз күшіне мықтап еніп, бодан болған елді басқарудың жаңа жүйесі – үлкен реформаның басталғаны сезіледі. Дәл осы кезде Жылғара Байтоқинның асығы алшысынан түсіп, желі оңынан есіп, өңірімізге аты шыға бастаған. Жылғараның алғашқы мақтаньшы



– байлығы, одан соңғысы азды-көпті сауаттылығы, ақылдылығы, құдай берген бармақтай бақыты.

Ал, Жылғараның әкесі Байтоқа би Абылаймен сыбайлас, Уәлиді хан көтерген беделді адамдардың бірі болған. Байтоқа Жолдыбаев (кейбір деректерде Елдібаев) 1770 жылдары Құлсары сияқты батырлармен ел ағасы ретінде аты қатар аталып жүрген. Алдағы айтылатын тарихи архив деректерінде Жылғараның дәрежесі қай қырынан қарасақ та ерекше екеніне көздеріңіз жетуге тиіс деп есептеймін.

Байтоқамен бірге туысқан Қаратоқа би де кезінде Уәли ханның елшісі болып қызмет атқарған. Байтоқа мен Қаратоқаның аттары Арқа жерінде кең тараса, солардың ұрпақтары Жылғара мен Шопанның да дәрежелері олардан еш кем болмапты, қайта асып түскен екен. Шопан думаға заседательдікке сайлансды. Жылғараның балалары Мұса аға сұлтан, штапс-капитан болды, Әлібек батыр атанып, әйгілі Ақан серінің сенімді серігі және қамқоршысы болғаны белгілі. Уәлидің баласы Шыңғыс (Шоқанның әкесі) Мұсамен замандас, аға сұлтандыққа екеуі қатар таласып, тартысып жүрген. Бұл, кейбіреулер айтқандай, көдімгі жанжал емес, саяси талас, саяси тартыс, әділетті күрес, яғни халықтық сайлауда дауысқа түсу жарысы болған.

Жылғара жөнінде ел аузында қалған аңыз-әңгімелер баршылық. Бірақ ауыздан-ауызға, елден-елге тараған дүниенің кемшілігі де болмай қоймайды. Асыра айту, бұрмалап айту да кездеседі. Осындай күмәнды сейілту үшін біз тікелей архив құжаттарын пайдалануға кірістік. Дес бергенде, архивте Жылғара және оның ұрпақтары жөнінде ауқымды деректер сақталған екен.

Құрметті оқырман! Осы жинақтан Байтоқиндер өулетімен таныса отырып, ХІХ ғасырдағы еліміздің, аталарымыздың тұрмыс-жағдайы жөнінде аз да болса мағлұмат алар деп үміттенеміз.



## ТУҒАН ЖЕР

*Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,  
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.  
Жастық алтын, қайтып келмес күнімде  
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.  
Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім,  
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-төнім.  
Сенен басқа жерде маған қараңғы,  
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.*

*Мағжан Жұмабаев*

## ЖЫЛҒАРА ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘУІРІ

Қазақ халқының өткен-кеткені, бүкіл болмыс тіршілігі, өнері мен мәдениеті тек орыс көзімен, коммунистік қалыптың тұрғысынан ғана бағаланып, сызылған жолдан аз-маз ауытқыған адам ұлтшыл деп жарияланды. Әсіресе, Қазан төңкерісіне дейін ел басқарып, халыққа қорған болған, байлық жинаған адамдарға Ресей патшалығына қызмет етгі деп, теріс баға беріліп келді. Осы уақытқа дейін біздің солтүстік өңірде тарихтан өзінің орнын ала алмай, халық үшін істеген еңбегі ескерусіз келе жатқан осындай ірі тарихи тұлғаның бірі – Жылғара Байтоқин.

Жылғара Байтоқин патшалық Ресейдің Қазақстанның солтүстік өңірін отарлау кезінде, яғни, қазақтардың ата қоныстарынан айырылып, тілі басқа, діні басқа адамдардың талауына түскен “Ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен” заманда “Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай” ел басқарған адам.

Ұлы тарихшы Қарамзин “Әрбір тарихи тұлғаға өзі өмір сүрген заманына, сол уақыттағы тарихи жағдайға сай баға беру керек” – деген екен. Сондықтан Жылғара Байтоқин туралы жазылған кітабымыздың кіріспесін сол уақыттағы тарихи кезеңнен бастайық.

1819 жылы Уәли хан дүние салады. Осы кезді пайдаланып патша үкіметі хандық құрылымды жоюды жедел ойластыра бастайды. Хандықты жою, билікті жою, одан әрі дербестікті, мемлекеттікті жою деген сөз. Мұндай пиғыл Екатерина патшайымы тұсында басталып, Александр І-нің қол қоюымен аяқталды.





1822 жылы Михаил Михайлович Сперанский және Гавриил Степанович Батеньков Сібірді басқару жөніндегі реформаның жобасын жасайды, оны Александр І қолдап, қол қояды. Алдағы екі адам орыстың сауатты, білімді интеллигенциясының өкілдері болатын, соңғысы декабристер көтерілісіне қатысқан.

Жаңа реформа – Сібірді басқарудың жаңа жүйесі. Осыған орай Сібір Шығыс және Батыс болып екі губернаторлыққа бөлінеді. Батыс Сібір губернаторлығы Тобыл, Томск, Омбы облыстарын қамтиды. Оның орталығы алғашында Тобыл қаласы (1822-1839 ж.), ал кейін орталық Омбы қаласына ауысады. Орта жүз қазақтары негізінен Омбы облысына қараған. Сібір қазақтарының Уставы бойынша Омбы облысы төрт “ішкі дуанға” бөлінген. Ол Омбы, Петропавл, Семей және Өскемен. Бұл орыс-қазақтарының бекіністері мен қорғандары салынған қалалар, ішкі дуандар деп аталған. Ол қалалар сызығымен қосыла тұра Ресейге бағынады. Ал, сызықтың бойынан тыс жатқан дуандар – сыртқы дуандар деп аталады. 1824 жылдан бастап сыртқы дуандар құрыла бастайды. Солтүстік өңірде Петропавл ішкі дуанға жатады. Бұл да орыстардың билігіндегі қала. Бұл ежелден Қызылжар атанды. Ол жөнінде Сәбит Мұқанов мынадай бір әңгіме, аңыз айтады. Қызылжар – қызғылт биік жарқабақта салынған қала. Сондықтан қаланы солай атаған. Бұл ертеден қазақ жері. Осы жарқабақта Дәулеткелді дейтін (атығай руынан) байдың қыстауы болған.

Ел аузында мынадай аңыз бар. Абылай хандық құрып тұрғанда оған Петр және Павел деген ағайынды екі орыс жігіті келіп, осы жарқабақтан бір өгіздің терісіндей жер сұраған. Абылай бұл сөзге аса мән бермей қызық көріп, ал деген. Әлгі екі жігіт өгіз терісін жіп-жіңішке жіптей етіп тіліп, таспалап әкелген екен, соны жазып жібергенде, осы қаланың орынын түгел қоршап алған. Абылай уәдесін бұза алмай, сұраған осы жерді берген. Сол жерге екі жігіт қала салған, ол қаланың аты Петропавл болған екен дейді.

Сәбеннің айтуынша қызғылт жарқабаққа төніп тұрған бір ұзынша ақ үй – “Абылайдың ақ үйі” дейді. Бұл үйді орыс патшасы Абылайханға сыйға тартқан екен.

Батыс Сібір генерал-губернаторы Петр Михайлович Капцевич (1772-1840) Орталық Қазақстанда округ дуандар ашу жұмысы басталды деп, 1824 жылы қыстауда отырған жергілікті адамдарға үндеу-хат жолдапты. Дәл сол жылы Петербургте Сібір комитетінің отырысында Батыс Сібірге қарасты Қарқаралы мен Көкшетау жерінде екі сыртқы дуан ашу жөнінде шешім қабылданады. Бұған сол жергілікті жердегі қазақ сұлтандарының келісімдері басшылыққа



алынған. Дуандарды құру, ашу жұмыстары Омбы облысының басшыларына тапсырылған.

Әрине, хандық өмірден басқарудың жаңа жүйесіне – орыс әдісіне көшу қазақ еліне үлкен сілкініс, өзекті өзгеріс әкелді. Келесі жылы бірінші Николай таққа отырады. Патша үкіметінің құрығы ұзын. Ол сезікті адамдардың қырын кетіруге әбден машықтанған үкімет. Қырдағыны Қырымнан көретін Абылай сияқты адамдар бұдан былай хан тұқымынан да табыла қоймаған.

Ресей өзінің саясатын – реформасын Орталық Қазақстаннан бастады, яғни округтерге, қазақша дуандарға бөлді. Дуандардың ішкі құрылымында болыстар, одан ауылдар, әр ауылда шаңырақтар есепке кірмек. Әр дуанда 15-20 болыс, әр болыста 10-15 ауыл, әр ауылда 50-70 шаңырақ (сол кезде кигіз үй деп атаған) есептеліп, біріктіріліп ұйымдастырылады. Сол кезде әр дуанның жеке болыстардың шекарасы белгіленді. Устав бойынша адамдар бір дуаннан екінші дуанға жергілікті жердің басшыларының ұлықсатымен, келісімімен ғана ауыса алатын болған.

Дуанның басқару органын “бұйрық” (орысша “приказ”) немесе “дуан басшысы” деп атаған. Дуан басшысы “Аға сұлтан” деп аталады, ол үш жылға сайланады. Аға сұлтанның төрт заседательдері (немесе орынбасарлары) болады. Олардың екеуі орыстан тағайындалады, екеуі жергілікті халықтан, яғни қазақтан сайланады.

Алғашқы жоспар бойынша Орта жүз қазақтарын 10 дуанға (округке) бөлу көзделген. Жасалған реформа, оған сөйкес шыққан заң актілері, Сібір қазақтарының Уставы бәрі де патшалық Ресейдің билеп-төстеу саясатына бағытталған. Дегенмен реформаның жобасын жасаған (алда айтылды) прогресшіл алдыңғы қатардағы адамдар болғандықтан, жергілікті халықтың мұң-мұқтажын (оқу, емделу, өз-ара қарым қатынас, құқық т.б.) ескермей қалған жоқ. Әрине, қабылданған заң, Устав бәрі де былай, сырт қарағанда дұрыс сияқты. Ал, солардың орындалу дәрежесі көңілшегідей емес, заң жергілікті жерде бұрмаланып, халықтың наразылығын тудырады.

Реформадан кейін орталық Қазақстан тек 7 дуанға бөлінген. Олар: Аманқарағай, Қарқаралы, Баян-Ауыл, Ақмола, Аягөз, Үшбұлақ, Көкшетау дуандары. Ал, сол ХІХ ғ. орта кезінде 8 дуан болады. Яғни, алғашқыға Көкпекті дуаны қосылып, Аманқарағай дуанының аты өзгеріп, Құсмұрын аталады. Тарихи деректерге қарағанда осы аймақтар 79 болысқа бөлінген. Оның ішінде Көкшетауда – 11 болыс, Аманқарағайда – 10, Баянауылда – 18, Ақмолада – 12, Аягөзде – 10, Қарқаралыда – 18 болыс болған.



Көкшетау дуаны құрылар кезде осы өңірде 17 болыс болып, 40 мыңдай адам тұрған. Онда Атығай, Қарауыл, Керей, Уақ, Қанжығалы, Бағаналы, Күрлеуіт сияқты елдердің, рулардың басы қосылыпты. Көкшетау дуаны құрылғаннан кейін халық, ауыл, болыс-билер сол қалпында қалады. Бірақ хан заманында ру басы (родовой старшина) деп аталса, енді болыс (волостной управитель) деп айтылатын болды, ал ауыл старшыны – енді ауылнай деп өзгертілді. Бұдан былай аудармашылар (тілмәштар), іс-қағазын жүргізушілер сияқты қызметкерлер тағайындала бастайды, бәрі де дуан басшыларына қызмет етеді.

Орталық Қазақстанда ең көп тараған халық – Арғындар. Көкшетау дуанында негізінен сол Арғындардың бір тармағы Атығай, Қарауыл рулары қоныстанған. Алайда Көкшетау дуаны басқаларынан бұрынырақ ашылғандықтан оған Керей, Уақ руларының кейбір болыстары кірген еді. Ал кейін, Құсмұрын дуаны ашылғаннан кейін бұл болыстар солай қарай ауысады. Уақыт өткен сайын болыстардың саны да, аттары да дүркін-дүркін өзгеріп тұрған. Кейбір жағдайларда бірнеше болыстар бірігіп, аттары қосарланып айтылатын болған. Жылғара Байтоқин Көкшетау округі ашылғанға дейін би, болыс (волостной), ауылнай (старшин) қызметтерін атқарған. Ол сол кездегі Андағұл-Ораз-Бөйімбет болысын басқарған. Архивтегі деректерге сүйенсек дуанның алғашқы аға сұлтаны болып Ғұбайдолла Уәлиев сайланады, ал оның заседательдері (аға сұлтанның орынбасарлары) болып сайланғандардың ішінде Марданов, Боранбаев, Байтоқиндер аталған.

Ресей патшалығы реформаны, Сібір қазақтарының Уставын, соған байланысты шығарылған заң актілерін белгілі бір дәлелдермен, қоғамдық өзгерістерге сәйкестендіріп көрсетуге тырысқан. Санақ жүргізу, атаулы тізім жасау, қазақтардың (орыстардың) сызығын, бекінісін, қорғанын жасау бірыңғай басқару жүйесін құру (ауыл старшынынан бастап патшаға дейінгі басқару) бәрі де империялық пиғылдың туындысы деп түсінген жөн. Қазақ жерінде бұған қарсылық, қарама-қайшылық тумап қойған жоқ.

Реформа жарияланып, патшаның жарлығы шыққанымен хандық құрылым тезарада жойыла қоймайды. Уәлихан өлгеннен кейін де хан сайлауы қазақ жерінде жүре береді. Уәлидің соңғы жұбайы Айғаным да, тұңғыш баласы Ғұбайдолла да хан деп есептелініп жүрген. Дегенмен хандық дәуір осыдан кейін ыдырай бастайды. Төре тұқымдары бар болғаны аға сұлтан қызметін ғана атқаратындай жағдайға жетеді.



Айғанымның тарихта алатын орны бар. Хан ордасы – Бурабай Ғұбайдолланың ұрпақтарына, Сырымбет Айғанымнан туған балаларға мұра болып қалады. Айғаным бірнеше шығыс тілдерін білетін алдыңғы қатарлы адам болды. Ресей патшалығына өз ықпалын жүргізе білді. Шыңғысты (баласы), немересі Шоқанды Омбыда оқытып, әскери, ғылыми адам етті. Орыс патшасының ұлықсатымен Сырымбетте қарағай үйлер салдыртты.

Бертін келе Көкшетау мен Құсмұрын дуандары бірігеді, оның аға сұлтаны Шыңғыс, заседательдері Тәштит Тәбеев (Керей), Мандай баласы Әбдіғалпар (Атығай) сайланады.

Бұл кезде аға сұлтандықтың да құны күлдырап, төре тұқымдарынан Шыңғыстан басқа басшы қалмаған еді. Барымта мен ұрлық көбейіп, тәртіптің бұзыла бастаған шағы болатын.

Бодандықта отырған қазақ елін билеу, жерін ұтымды пайдалану үшін Ресей мұнда үлкен өзгеріс енгізу пиғылында болғаны анық. Ондағы ойы хандық басқару жүйесін жойып, патша губерниясына тура бағынатын дуандар (округтер) ашу еді. Оған патшалық Ресей асығыстық жасамады. Мәселенің мән-жайын, жай-жапсарын бақылау үшін қазақ ауылдарына жұмыс топтарын жіберді. Оның құрамында орыс офицері, аудармашы, мүсілман молласы т.б. болады. Батыс Сібір басқармасының саясатын, уставын би-болыстарға, беделді ақсақалдарға, ауыл старшындарына түсіндіріп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе бастайды. “Қоянның қашуына, мылтықтың басуы” дегендей осы кезде Уәли хан (хан Уәлі) қайтыс болады, шын мағынасында ол қазақтың соңғы ханы болатын. Дуандар құру, хандықты жою бағыты, әсіресе, хан тұқымдары арасында үлкен наразылық тудырады. Соның нәтижесінде дуандарды ашу сәті Уәлихан өлгеннен соң бес жылдан кейін ғана түседі.

Көкшетау сыртқы дуанын ашу және оны басқару мәселесі жөнінде Батыс Сібір генерал губернаторы Уәли ханның үлкен баласы Ғұбайдолламен ақылдасуға мәжбүр болады. Билік мұрагері төре тұқымдарында қалғандықтан Ғұбайдолламен және Уәли ханның жесірі Айғаным ханыммен ақылдаспау ағаттық, үлкен қателік болар еді. Бұл жөнінде патша өкілдері “әдептілік сақтап” бірқатар жұмыстар жүргізген сияқты. Көкшетау дуанын “тәртіппен ашу” үшін Петропавл ішкі дуанынан, дәлірек айтқанда бекінісінен құрамында 300 солдатты бар әскери бөлімше жіберіледі.

Дуан ашу үшін сайлау өткізілді. Онда аға сұлтан және оның орынбасарлары-заседательдері сайланбақ. Осыған орай белгіленген күнде жер-жерден өлкенің игі жақсылары (бай-билері) жиналады



(29.II.1824). Бұл сайлауда Көкшетау дуаны немесе Көкшетау приказы құрылады (Кокшетауский округ или Кокшетауский приказ). Дуанның аға сұлтаны Ғұбайдолла Уәлиханов, ал заседательдері (орынбасарлары) болып Жылғара Байтоқин (Атығайдан) және Мүсет Жәнібеков (Керейден) сайланады. Бұл екеуі де бұған дейін болыс старшындары қызметін атқарғандар болатын. Сайлау рәсіміне жиналғандар негізінен Атығай, Қарауыл, Керей, Уақ, Қыпшақ, Қанжығалы руларының өкілдері. Сайлаудың екінші кезеңінде әр болыстың басшыларын (волостной правительдер) сайлау жұмысы жалғасады. Бұл кәдімгі “болыстар” (кейін солай аталып кетеді), соңында ауыл старшындары тағайындалады. Сайлау науқаны біткеннен кейін орыс оркестірі “Туш” ойнап, орыс әскерлері аспанға бірнеше дүркін оқ атып, “Салют” жасайды. Жер-жерден келген басшылар Ресейге берілгендігі жөнінде “Ант” беріп, қағазға қол қояды.

Патша үкіметі осы жерде дуан басшыларына, қызметкерлеріне, офицерлерге үй, солдаттарға казарма, ұста, диірмен, ат қорасын салу, Шағалалы өзені үстінен көпір орнату жоспарланған, ол үшін ақша да бөлінеді. Дуан басшыларының, қызметкерлерінің жалақысы белгіленеді. Бірақ орыс чиновниктері қазақ қызметкерлеріне қарағанда жалақыны артық алатын болған.

Қазақ даласына келген орыстар еркін сезініп, бойлары үйренген соң өздерінің қоқан-лоқысын көрсете бастайды. Әсіресе, жер бөлу, егін салу, ясақ (салық) жинау кезінде үстемдік жүргізе бастайды. Батыс Сібір генерал-губернаторы мән-жайды аса біле бермейді. Оған жергілікті жерден түскен хат-хабарлар шындықты ақтара бермейді. Бірақ ұзынқұлақтан естілген пара алу, халықты алдау, өкім-зорлық жасау сияқты жағымсыз қылықтарды генерал-губернатор естіп отырады. Халық арасында болып жатқан қозғалыс, көтеріліс осының салдары екенін басшылар сезіп, орыс чиновниктеріне тексеріс жіберіп, кейбіреулерін орындарынан түсіре бастайды.

Он жыл (1826-1836) бойы Саржан Қасымов патша үкіметінің колониялық саясатына тікелей қарсы шығып, ұлт-азаттық көтеріліске қолбасшылық жасаған. Бірақ 1836 жылы ол жауларының қолынан қаза табады.

Одан кейін ұлт-азаттық көтерілісі етек алып, бүкіл Қазақстан жерін шарпиды. Оның қолбасшысы батыр Кенесары Қасымов еді. Кенесары сұлтан хан болып сайланғанымен, кіші хандықты патша үкіметі мойындамаған. Кенесары жердің тұтастығы, қазақ халқының бірлігі, ішкі басқарудың халық жүйесін қайта орнату, “дуандық”



деген орыстық басқаруды жою үшін күрескен халық батыры. Бұл осыған дейінгі қазақ тарихындағы ұлт-азаттық көтерілістердің ішіндегі ең көлемдісі болатын. Көтеріліс Солтүстіктен, Көкшетау жерінен басталып, дүркін-дүркін бүкіл қазақ жерін қамтиды. Кенесары басқарған көтеріліс те он-ақ жыл өмір сүрді (1837-1847 жж.), үйткені Кенесары 1847 жылы қазаға ұшырайды, сөйтіп көтеріліс жеңіліспен аяқталады. Дегенмен, келешекте көтеріліс даңқы тегін кеткен жоқ, оның үлкен тарихи маңызы болды.

Енді дуан басшыларының орналасқан кеңсесі жайында сөз етелік. Дуан орналасқан кеңсенің маңдайшасына “Кокшетауский окружной диван” деп жазылады. Бұл үй уақытша орын, яғни Дом дивана (Дуан үйі) аталды. “Диван” деген сөз басқару органы отыратын үйді айтады. Дуан үйін, кейбір ыңғайсыздықтан, келешекте басқа жаққа көшіру мақсаты қойылады. “Егер дуанның бас қосатын үйі Бурабайда болса, онда алдымен табиғатқа зиян келтіреміз, одан соң Абылайдың елді шет жаулардан қорғаған қасиетті ордасында отыруымыз аруақты сыйламағандығымыз болады” деп ақыл-кеңес айтады дуан мүшелері. Сондағы таңдалған жер – Қопа көлінің жиегі, Бұқпа тауының етегі, бұрынғы “Теріс қыстау” деген алаңы болды. Бұл бүгінгі Көкшетау қаласы орнаған жер. Кезінде бұл жер Атығай Бағыс болысының қыстауы болған екен. Көп шу шығармас үшін орыстар алғашында бұл жерге қоныс салмаған екен. Бірақ ел жайлауға көшкенде орыстар осы қыстаудағы үйлерді өртеп жібереді. Осыдан барып орыстар мен қазақтар арасында қырғи-қабақ туындап, аяғы ірі көтеріліске ұласады.

Ия, Көкшетау қаласының құрыла бастауын осы дуанның ашылуымен сәйкестендірсек (1824 ж.), ал Петропавл одан елу жыл бұрын іргесі қаланған қала болатын. Оның алғашқы аты Қызылжар. Есіл өзенінің жарқабағында орналасқандықтан солай атаған екен. Біздің бала кезімізде есте қалғаны қалада тақтайдан салынған жаяулар жолы, ал Ленин атындағы көшеде тас төселген жол болатын. Қаладағы ең биік үй – қызыл кірпіштен салынған биік мұнара, ішіне ешкімді кіргізбейді, темір тормен қоршалған. Бұл көдімгі – водокачка, қалаға су беретін мұнара екен, әлі тұр. Бір кезде мұндағы бақша – сад ең көрнекті орын атанды, әлі солай.

Хан ордасымен көрші, аралас-құралас болған Атығай, Қарауыл руларының шоғырланған жері Сырымбет, Айыртау, Жалғызтау етегі, Кіші және Үлкен Торанғұл көлдерінің жиегі мен аралары, Теріс-аққан, Борлық, Есіл өзенінің екі қанатын бірдей алып жатқан алқап болатын. Бұл алқап Шал ақынның, Ақанның, Біржанның, Ыбырайдың, Тоғжанның, Қожамбеттің, Молдахметтің, оларды



жалғастырып келе жатқан Кәкімбектің өлеңдеріне арқау болған сұлу өлке. Мысалға кигіз үйге ұқсаған, жалғыз оқшау тұрған тау – жалғыз Жамантауды алайық. Маңы ертеде адамға жайлы, мөлдір бұлақты, етегі мен жағалауында ит тұмсығы өтпейтін ну орман болыпты. Алыстан көрінгенде көгілдірленіп көз тартады, мұнарланып құлпырады. Оның Жаман атануы етегіндегі көлдің суы ашы-тұзды болғандықтан, мал ғана сусындай алады. Жаман аты таудың бүгінгі халіне дәл сәйкес келіп тұр. Бұрынғы қасиетті хан ордасы бүгін сотталғандар ордасына айналды. Онда сотталғандардың колониясы-лагері орналасқан. Жаман тауда ауыр жазаға кесілгендер отыр. Бұл күнде жалғыз таудың қыртысы қырылып, жоны қырқылып, топырағы тозған. Баяғы қалың орман құрыды, қара топырақ сарғайды, мөлдір бұлақтардың көзіне құм құйылып, жер түбінде жоғалды.

Атығай руының ұрпағы батыр Қалқаштан екі ата тарайды: Құдайберді мен Бәйімбет. Бұл екі атамыздың ата қонысы Есілдің өнбойындағы қос қанаты, яғни бүгінгі мөлшермен есептегенде Шал ақын, Есіл, Аққайың аудандарының түгел аумағы, ал шет жағынан Мүсірепов, Мағжан, Айыртау, Жамбыл, Тимирязев аудандарының шеткі шекарасы кірген.

Құдайберді руынан шыққан атақты Жылғара-Шопан тұқымы құнарлы алқалары бар, шұрайлы шабындықтары бар, малға да, жанға да жайлы, салқын самалды, қалың тоғайлы ықтасын болған Есілдің жиегін жайлаған ел еді. Жылғараның ұлдары жеке-жеке шаңырақ көтеріп, бір-бір ауыл атанып, осы жұмақ-жайлауда өмір сүреді. “Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” заман болған-ғой”, - деген ойдан аулақтыз. Ағайын арасында да араздық болады, таптық тартыс та, рушылдық та, Абай айтқандай алауыздық та аз болмаған. У ішсең руыңмен дегендей қырғиқабақтық қазақта болып тұрса да таптық мақсатын екі талайда елін, қорғауын еш ұмытпайды. Қырықпышпақ ағайын қиын-қыстау кезеңде еті елжіреп көмекке келеді.

Патша жендеттерімен үзеңгілес, терезесі тең, айтқанын өткізе алатын, көзі ашық асқар бел азаматтар сол кезде де болған. Солардың бірі – Жылғара, одан соң оның балалары болды. Қара қазақтан шыққан жуан-шонжарлардың ішінде дуан басшысы – аға сұлтан болған, шен-шекпен киген, “дворян” атағын алып, екі рет алтын медальмен марапатталған, подполковник дәрежесіне дейін көтерілген адам Жылғара Байтоқин еді. Он тоғызыншы ғасырдың бірінші жартысында біздің өңірде бұған теңесер адам болды деп айту қиын. Әрине, хан тұқымдарының (оны төре тұқымдары дейді) төбесі биік,



дәрежесі жоғары болғандығын жасыра алмаймыз. Олар жөнінде әңгіме бөлек.

Бірақ Жылғара Уәли (Уәлі) ханмен, одан кейін Шыңғыспен аралары суысып өтеді. Бір-бірімен кездесулері де шамалы, тек Уәлихан ауырып жатқанда көңілін сұрап кіріп шықты деген сөз бар. Жылғара мен Уәлихан тұстас адамдар. Айғаным (Уәлидің әйелі) Жылғарамен қоныстас отырған, малы да, жаны да араласып, жері іргелес болған еді. Жер дауының жиі шығып тұруы да сондықтан болар.

Елде “Жылғара – Шопан” деп ағайынды екеуін қосарландыра атаған, солай аттары жайылған. Үйткені олар ағайынды (ағалы-інілі) адамдар. Шопан өте ауқатты, мыңғырған бай адам. Мандайға біткен байлығы – малы. Бірақ малдарын да, терісін де, қой жүнін де Ресейге өткізбеген (сатпаған). Тері-терсекті, жүн-жұрқаны кедей адамдарға тегін берген дейді.

Жылғараның балаларының ішіндегі ең өжеті Әлібек болған. Ел аузында оны “Әлібек батыр” деп атайды. Талай жаугершілікке қатысқан, барымтаға да барған, Ұлытау, Есіл, Ертіс бойын шарлаған ұры-қарақшылардан елді қорғаған. Шыңғыс Әлібекті Петерборға Петропавл қамалына аудартады. Тұрлыбек (Әлібектің ағасы) ізденіп, Омбыға барып патшаның атына хат жазады. Ол хат сенатта қаралады. Нәтижесінде Әлібек айдаудан босап, елге оралады. Ол да төре тұқымдарына іштей наразы болады.

Шыңғыс Уәлиханов жөнінде мағлұмат бере кетейік. Шыңғыс Уәлиханның баласы Сырымбетте туған. Шоқанның әкесі, 1811-1902 жылдары өмір сүрген, оның анасы әйгілі Айғаным еді. Шыңғыс Уәлиханов Омбы, Сібір бекінісіндегі орыс-қазақ әскери училищесін бітіріп, майор дәрежесін алады (1827-1834 ж.). Аманқарағай дуанының (1834-1852 ж.) аға сұлтаны, Көкшетау дуанының (1860-1865 ж.) аға сұлтаны, Батыс Сібір шекара басқармасында (1854-1859 ж.) кеңесші болып қызмет атқарған. Әскери дәрежесі подполковник, кейін полковник болады, Александр лентасына тағылған алтын медальмен марапатталады. Шыңғыс Уәлиханов Жылғараның Мұсасымен де орынға сайлауларда талай таласқан адам.

Атақты жазушы жерлесіміз Сәбит Мұқанов өзінің “Өмір мектебі”, “Аққан жұлдыз” т.б. шығармаларында Атығай руындағы атышулы Жылғара Байтоқаұлын жөле оның тұқымдарын, ұрпақтарын бірнеше жерде ерекше атап өтеді, оның себептері де жоқ емес. Бірақ Жылғараны “Зілғара” деп жазған екен. “Аққан жұлдызында” Сәбит: “...Көкшетау дуанындағы ең ірі феодалдың біреуі, Атығайдың Андағұл руынан шыққан Қаратоқаның Зілғарасы еді. Оның інісі –





Байтоқаның Шопаны, сол маңайдың он мың қой, бес мың жылқы, бес жүз түйе айдаған ең ірі байы екен. Шопан момын, Зілғара тентек болған. Есіл өзенінің қазіргі Солтүстік Қазақстанға қарайтын бойында, шамасы – жүз шақырымдай жер, сол бір шақта Зілғара мен Шопанның меншігі екен. Олардың әрқайсысы үш-төрттен әйел алған, қыздары да, ұлдары да көп болған...” – дейді.

Бұл жерде Сәбеңнің сөзін өзгертпей сол қалпында беріп отырмыз. Ол кісімен келіспеуге де болмайды. Дегенмен Жылғараның әкесін ауыстырып жазған, онда тұрған ештеңе жоқ. Шопан, Жылғара екеуі де ағайындылар емес пе. Әдеби шығармаларда мұндай мәселеге мән берілмейтіндігі белгілі. Сәбит Мұқановтың бұл тұқымға туыстық жағы да бар екен. Ол жөнінде өзі айтып кеткен. Мұқан (Сәбиттің әкесі) Шопан ауылына жиен болады. Бала кезінде ол нағашыларында болып, есейген кезінде еліне көшіп кеткен. Өз еңбектерінде Жылғара, Шопан жайында жиі қайталайтындығы осы себептен болар.

Сәбеңнің айтуынша Жылғара тұқымы аға сұлтандықты Абылай тұқымынан тартып алған. Құсмұрын дуаны жабылғаннан ол Көкшетау дуанына қосылады деген сөз ел арасына тарап кетеді. Бірақ дуан басы кім болары белгісіз. Жұрт Жылғараның Әлібегін айтып жүргенде оны патша үкіметі Петерборға Петропавл қамалына айдап жіберген. Тура айтқан туғанына жақпайды дегендей, батыл, тура мінезінен тапқан болар. Әлібек деген елге тынышсыз, қиянатшыл адам деп елге лақап тараған. Аға сұлтандыққа Мұса лайық деген ұзын құлақ сөздер гүілдейді. Сәбеңнің айтып отырғаны шындыққа жанасады. Ақыры аға сұлтандықты қолына алған Мұса болып шығады, ол сайланады.

Жылғара әуел бастан болыстықты, аға сұлтандықты ешкімге бермей келген (қартайғанша) шынжыр балақ, шұбар төс еді. Ажары тозып, көріліктің мықтап кірген кезі болса да қайраты әлі қайтпаған қасқыр адам болыпты. Кезінде Сәбең сияқты жазушылар ақты көмескілеп, қараны бұлдырлатып көрсеткені белгілі. Заманның қатаң заңы солай талап етті. Бірақ Сәбең атышулы Жылғараны айналып өте алмады. Хан ордасының аға сұлтаны Жылғара “Қартайдым, жүріс-тұрысты көтере алмаймын” деп аға сұлтандығын баласы – Мұсаға бергендігін де сөз етеді. Сәбеңнің бұл арасы шындықпен үйлеспейді. Мұса аға сұлтан болған 1865 жылы Жылғара өмірде жоқ болса, екіншіден аға сұлтандық сайланбалы қызмет, сондықтан мұралық қыла алмайды. Жылғараның Есенеімен, т.б. атақты адамдармен, әсіресе төре тұқымдарымен байланысын, ара қатынасын ерекше атап кеткен.



Жылғара Байтоқин ел арасында кеңінен тарап, аты аңызға айналған адам. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге сүйенсек Жылғара батыр да, әнші де, акын да тіпті айтыскер акын да, шешен де болған. Сөз жоқ Жылғараның өз заманында беделді, білгір, бай, іскер, ірі қайраткер болғаны рас. Бірақ оның ақындығы, айтыскерлігі жөнінде дерек жоқ. Әйтеуір, жақсы екен деп барлық жақсылықты жапсыра беру қажет емес шығар.

Ресей үкіметінің ресми қағаздарында қалған деректеріне сүйене отырып, Жылғараның шын өмірбаянын анықтадық. Байтоқин Жылғара Есіл бойында, Атығай елінде 1767 жылы туып, 1849 жылы 83 жасқа қараған шағында қайтыс болған. Оның алғашқы әйелі Қаракөз, соңғысы Мәтиман. Екеуінің арасында – Бишай деген әйелі болған, бірақ тарихи деректерде алғашқысы мен соңғысы ғана бар.

Шопан және оның ағалары байлық қуып, малмен, саудамен айналысқан. Ал, Жылғара билік құрып, болыс болған.

Жылғараның алдыменен ата тегін атап өткен жөн болар. Орта жүз Арғынның үлкен бір тармағы Атығай. Атығайдан 12 ата Дәуіт тарайды, кейде оны “12 ата Атығай” деп те айтады. Дәуіттің бір баласы Қалқаш батыр. Қалқаштан Құдайберді, Бөйімбет деген екі бала туады. Соның Құдайбердісінен алты бала тарайды: Құлымбет, Жемет, Есенгелді, Ақмәліш, Андай, Ырсай.

Құлымбеттен Көшқұлы, Ораз; Ақмәліштен Түрке, Бозыке; Андайдан Маймақ, Тілеп; Жеметтен Андағұл, Жұмық туады. Осының ішіндегі Андағұлдан төрт бала тарайды: Шінгір, Сасық, Өтеміс, Құлтай. Өтемістен Табынбай, одан Құрымсы би туады. Сасықтан Байкісі, Жанкісі, Есіркеп, Жолдыбай туады. Жолдыбайдан Қаратоқа, Байтоқа, Үсен, Мырзагелді, Есет, Баубек деген алты бала туады.

Қаратоқадан Иса, Жақия, Зікірия деген үш бала туады, алғашында Шопанды (Байтоқаның баласын) бауырына салып асырап алған. Байтоқадан Жылғара, Шопан, Дәуғара туады. Ал, Жылғараның өз кіндігінен туған он баласы болады: Мұса, Әлібек, Тұрлыбек, Есенбек, Төре, Жетпіс, Аю, Қисық, Мұжан, Шүкей.

Жылғараның балаларының саны жөнінде әр түрлі пікірлер бар: бірі – 13 бала, екіншісі – 16 бала деп санын көбейтіп айтады. Ал деректі құжаттарға сүйенсек (патшаның марапаттау қағаздарында, мінездеме-формалы тізімдерінде т.б.) 10 баласы бар деп көрсетілген. Бұл тұжырымды Дүйсенбі Әуелбеков те растайды. Аталған балаларының аттары да кей жерлерде өзгеріп кеткен.



Құрымсы би мен Жылғара жоғарыда жазылғандай үшінші атадан қосылады.

Жылғараның есімі жөнінде бір ауыз сөз айта кетейін. Ел аузында “Зылғара” есімі қалыптасып кеткен. Бірақ азан шақырып қойған тиесі аты “Жылғара” болуы керек. Оған дәлел де жоқ емес. Бұл жөнінде облысымыздың белгілі журналисі, көрнекті азаматы, аталып отырған тұқымның тумасы марқұм Дүйсенбі Әуелбеков Жылғара екендігін жазып кеткен еді. Одан соң ардагер ұстаздар, әдеби тарихи зерттеушілер Социал Жұмабаев пен Қайролла Мұқановтар да архив негізінде есімі Жылғара болғанын баспа бетінде жариялаған еді. Шынында көптеген архив деректерінде “Джылғара” деп жазылған. Орыс орфографиясының заңдылығы бойынша “Д” әрпі тек “Ж” әрпінің алдына қойылатындығы белгілі. Орыс патшалығы кезінде толтырылған құжаттарда (грамоталар, мөр, атаулы тізімдер т.б.) Байтоқинның есімі Джылғара деп көрсетілген.

Жылғараның атағы мен беделі кезінде елден асты. Ең бастысы байлығы. Отарлаған қойы, үйір-үйір жылқысы, аша тұяқ қара малы нақтылы байлық емес пе? Ол Меккеге де апарады, өкімдікке-билікке де жеткізеді. “Болыс болдым, мінеки...” деп Абай айтқандай көпшілік жағдайда қол ұзындық қаражатқа байланысты болғаны шындық. Абайдың бұл сөзі бүгін де өз маңызын жоя қойған жоқ сияқты. Бүкіл Атығай мен Қарауыл елі кезінде Жылғараның ашса алақанында, жұмса жұдырығында болғаны анық.

Дуанның заседателі болып жүрген кезінде Жылғара көзге түсіп, көп жұмыс атқарады. Сол кездері аға сұлтандыққа Ғұбайдолла сайланса да, оның өз қызметін атқаруы мардымсыз болады. Жылғараның мүмкін көктен іздегені жерден табылып, осы аға сұлтандық күтіп тұрған шығар. Нәтижесінде солай болды, сайлаусыз Көкшетау дуанының бірнеше рет аға сұлтаны болды, сол қызметті ұзақ жылдар атқарады да. Жылғараның атқарған қызметі Көкшетау дуанына және оның басшыларына байланысты болғандықтан, әсіресе хан тұқымы Ғұбайдолла Уәлихановпен алма-кезек өткендіктен бұл жайтқа арнайы тоқтала кетейік.

Ғұбайдолла Уәлиханның үлкен ұлы, Бурабайдың атақты Қызылағаш өңірінде туған. Бұл жерді атақты дейгініміз атасы хан Абылайдың ордасы болған орын. Әкесі Уәли өлгенде ер жеткен жігіт шағы екені белгілі. Шоқан Уәлиханов пен Г.Н.Потаниннің жазған еңбектерінде Ғұбайдолла Уәлиханның алғашқы әйелінен, ал Шыңғыс соңғы әйелі Айғанымнан туған деп көрсетілген.

Ресей хандық құрылымының қазақ жерінде жойылатынын хабарласа да Ғұбайдолла хандықты сақтау жолын ойластырады.



Абылай атасының саясатына сүйеніп, Ғұбайдолла Қытай империясымен байланысын үзбейді, Қазақстандағы басқару жүйесін бұрынғысынша сақтауға тырысады. Уәли әкесінің хандық тағын сақтай береді. Бірақ Александр-I орыс патшасының (22.VII. 1824 ж.) жарлығы – “Сібір қырғыздарын басқару уставы” үлкен төңкеріске, өзгеріске өкеледі. Батыс Сібір губернаторы Ғұбайдолламен кеңес жүргізіп, аға сұлтандықты ұсынады. Ғұбайдолла бұған келісім бергенімен, іштей наразы болған, Қытаймен байланысын ішінара жүргізе берген. Патша үкіметі оның ниетін сезіп, артынан аңдытып, дуан қызметінен алшақтатады. Осыған ыза болған Ғұбайдолла Есіл жиегіндегі жайлауға барып жатып алады. Дегенмен Қытай империясымен байланысын үзбей, қайта оны жандандыра түседі. Ақыры Баянауыл жерінде қытайлықтармен кездесу кезінде Ғұбайдолланы орыс солдаттары қоршап алып, Омбы қаласына айдап өкеледі. Осы кезден бастап Қасым Абылайханов пен Саржан-батыр бастаған көтеріліс етек ала бастайды. Қасым генерал-губернатордан Ғұбайдолланы тез арада босатуын талап етеді. Ғұбайдолла босап шығады, бірақ айтқанынан қайтпай, аға сұлтандыққа мойынсұнбайды.

1826 жылы жазда Көкшетау дуанының аға сұлтаны болып Абылай Ғаббасов (Ғұбайдолланың жиені) сайланады, ол 1832 жылы өледі.

1832-1838 жылдар аралығында Көкшетау дуанының аға сұлтаны болып Ғұбайдолла қайта сайланады. Полковник дәрежесіне дейін көтеріледі. Ғұбайдолла Уәлиханов шамамен 1777 жылы туып 1851 жылдары қайтыс болған. Ол алтын медальмен және “Аға сұлтан Ғ.Уәлиханов” деп жазылған алтын қылышпен марапатталған. Өмірінің соңғы жылдарында отырықшылыққа көшіп, Қопа көлінің маңына және Бұрабайдағы Қызылағашта өзіне арнап үйлер салғызады.

Бірақ, Ғұбайдолла Кенесары Қасымовтың көтерілісін қоштады деп айыпталып, Сібірге “Итжеккенге” жер аударылады, содан тек 8 жыл жүріп, 1847 жылы ғана оралған ол 1851 жылы қайтыс болады.

Енді Жылғараның елге жасаған жақсылығын, жанашырлығын айта кетейік. 1811 жылы Андағұл – Ораз – Бәйімбет болысы атынан Жылғара Байтоқин генерал Глазенапқа хат жазып, сауатты молла сұратқан екен. Глазенап Орынбордың әскери генерал-губернаторы князь Волконскийге хабар беріп, болыс елдің өтінішін жеткізеді. Нәтижесінде Орынбор губерниясы Челябинск округіндегі Мецержаков діни басқармасына қарасты Азаматов басқарып отырған мұсылмандар орталығынан білімді, оқыған Яман Явгозин деген молланы



белгілейді. (Алматы мемл.архив, 374 қор, 1 тіркеу, 1085 іс. Бұдан былай: А.М.А. қор, тіркеу, іс деп қысқаша жазылады).

Явгозин өзінің жанұясымен осы Атығай жеріне көшіп келген. Ол болыс төңірегінде ислам дінін уағыздап, түрлі оқу орындарында діни сабақ береді, балалардың да, үлкендердің де сауатын ашады. Құдайға құлшылық ету, бес мезгіл намаз оқу, құран шарттарын үйрену, т.б. уағыздау ісімен айналысады. Көп жыл халыққа еңбек етіп, құдай жолын үйретіп, жасы келіп қартайған соң еліне – Челябинге 1835 жылы қайта көшеді. Бірақ өзінің орынына баласы Желладин Яман-Құлын тастап, орналастырып кетеді.

Осы жағдайды айтып Жылғара Байтоқин шекара басқармасына (22.IV. 1842 ж.) хабарлама жасайды, одан кейін мәселенің ізін суытпай (12.V.1842 ж.) Орынбор азаматтық губернаторына өтініш-хат жолдайды. Ол хатта Көкшетау дуанына қарасты Андағұл-Ораз-Бәйімбет болысында Яман Явгозин молла болды, көп еңбек сіңірді, елдің сауатын ашты, діни уағыздар таратты, бірақ жасы келіп, қартайып еліне көшіп кетті делінген. Оның орнында қалған баласы Желладин, қызметін ойдағыдай атқарып жатыр. Осы Желладинді бізде қалдырып, бекітулеріңізді сұраймын деп өтініш білдіреді.

Орынбор губерния басқармасына қарасты ішкі істер министрлігі осы аталған сұрауға жауап қайтарады (31.VII. 1842 ж.). Жауапты Батыс Сібір шекара басқармасының бастығы полковник Вишневскийге жібереді. Хаттың мазмұны: Орынбор мұсылмандары діни жиналысының шешімі бойынша Желладин Яман-Құлы аталған болыста дін уағызын жүргізе алады деп айта алмаймыз. Себебі Желладиннің моллалық оқу-мамандығы, арнаулы білімі бар деген мағлұмат бізде жоқ және ол мамандар тізімінде де жоқ. Патшалық Ресей кезінде де дінге аса мән берілген екен. Ал, елдің қамын ойлап жүрген Жылғараны да бұл жерде ерекше атап өткеніміз жөн болар.

Енді Жылғараның аға сұлтандыққа қалай өткендігі жайында толығырақ тоқталайық. Батыс Сібір генерал губернаторына бірнеше хаттар түседі. Өңгіме Көкшетау дуанының аға сұлтаны жөнінде болып отыр, яғни осы дуанның заседателі Жылғара Байтоқинды, облыстық Кеңестің дуан басшылары жөніндегі ережесіне сәйкес, аға сұлтан қызметіне жоғарылату және штат тізіміне енгізу еді. Генерал губернатор жауапты кешіктіргенімен қойылған мәселені оңынан шешкен. Бұл сұрақты заңдастырған жөн, Ғұбайдолла өз қызметіне қайта оралғанға дейін, егер ол оралса, Жылғара Байтоқинді ереже-заң бойынша тағайындауға болады. Дегенмен облыстық Кеңестің шешімі қажет болар деп генерал өзінің ақыл-



кеңесін айтады. Осы өңгімелерден кейін Көкшетау дуаны Жылғараға толық мінездеме жазып, Омбы облысының бастығы полковник Броневский мырзаға жеткізеді. Мінездеме, әрине, Жылғараның жақсы жағынан жазылып, сіңірген еңбегі, қабілеті толық баяндалады. Заседатель бола жүре аға сұлтанның қызметін қоса атқарған, осы жағдай оның қабілеттілігін толықтыра сыпаттайды.

Батыс Сібір генерал губернаторы берген ұсыныстар мен Көкшетау дуанының жазған мінездемесін ескере келе Омбы облыстық Кеңесі 1825 жылдың 29 мамыры күні осы мәселе жөнінде өзінің отырысын өткізген. Отырысқа 11 адам қатынасады. Кеңесте Көкшетау дуанының заседателі Г.Мутинцев мырза хабарлама жасайды. Ол белгілі, “тәжірибелі кеңесші” деп есептелген (архивте-орысша “Титулярный советник” деп жазылған). Мутинцев Көкшетау дуанының жайына қысқаша тоқтала келе, оның басшысы Ғұбайдолла Уәлиев өз қызметін дұрыс атқармағанын, бұл қызметті Ж.Байтоқин орындап отырғанын бастан-аяқ баяндап береді. Байтоқинның жұмысы ауыр, бірақ еңбек ақысы аз, жанұясы дуаннан 200 шақырым жерде тұрады. Өз аттарымен бүкіл болыстарды аралайды деп шын жанашырлық білдірген. Сонымен, Омбы облыстық Кеңесі отырысының шешімі бойынша Ғұбайдолла Уәлиевтің орнына аға сұлтан болып Жылғара Байтоқин тағайындалады. Бұл заңды түрдегі шешім. Сайлауға дейін немесе бастығы қайта оралғанға дейін оның қызметін орынбасарларының бірі атқаруға міндетті (А.М.А. 338 қор, 1 тіркеу, 603 іс).

Генерал губернатордың ұсынысы, облыстық Кеңестің шешімі, Көкшетау дуанының сұрауы бойынша облыс басшысы қарамағындағы қазыналық экспедиция бөліміне (қаржы бөліміне) осы мәселені егжей-тегжейімен анықтап, Ж.Байтоқинның жалақысын реттеуді тапсырады.

Ж.Байтоқин аға сұлтандық қызметті 1824 жылдың 8 тамызынан бастаған. Нұсқауда заседательдік жалақысы осы күннен бастап қысқартылып, аға сұлтандық жалақы төленсін делінген.

Омбы облыстық қазына экспедициясы облыс басшысына, Көкшетау дуанына және басқа да мүдделі орындарға осы мән-жайды жазбаша хабарлайды. Штат кестесі бойынша аға сұлтанға жылына 1200 сом (рубль) ал заседательге 200 сом еңбек ақы белгіленген. Көкшетау дуанының аға сұлтаны Ғұбайдолла Уәлиев үш айға 326 сом 70 тиынның орынына 613 сом 30 тиын еңбек ақы алған. Артық төленген ақша қазынаға қайтарылады. Аға сұлтан Ж.Байтоқинге 1824 жылдың 4 айы мен 22 күніне қосымша (бұрынғы табысына) 413 сом 33 тиын төленетін болды. Ал, хабарламада 1825



жылдан бастап ол таза аға сұлтанның еңбек ақысын алатын болады делінген.

Жылғара Орта жүз депутаттары құрамында Петерборда әміршінің қабылдауында болып, онда поручик шені беріледі. 1828 жылы аға сұлтандар Абылай Ғаббасов, К.Таукин және Алшынбай бимен қосылып Петерборға екінші рет барған.

Сөйтіп, Жылғара сайлаусыз аға сұлтандыққа тағайындалады. Жылғараның елге де, дуанға да екінші рет аға сұлтандыққа тағайындалып еңбек сіңіргендігі белгілі. Батыс Сібір басқармасы Омбы облысы, одан әрі патша үкіметіне аты шығып, оны екі рет алтын медальмен марапаттайды, әскери дәрежесі подполковникке жетеді. Кезектегі дәреже – “дворян” атағын алу. Бұл басқа ұлттың өкілдері түгілі, кез келген орыс зиялыларының қолы жете бермейтін дәреже.

1842 жылы Батыс Сібір қазақтарының шекара басқармасына хат түседі. Онда Көкшетау дуанының аға сұлтаны Жылғара Байтоқин жөнінде формалы тізім жасау, жіберу жөнінде сөз болады. Формалы тізім – бізше анкета болғанымен ол тізімде адамға мінездеме толығырақ жазылады. Әңгіме бұл жерде Ж.Байтоқинге “Ресей империясының дворяны” атағын беру жөнінде болып отыр. Сол жылы, 4-5 айдың ішінде формалы тізім жасалып, Сенат басшысы және Батыс Сібір генерал губернаторына одан соң, Герольдмейстерге жеткізіледі. Ол тізім Ресейдің негізгі заңына сүйене отырып жасалынған. Көкшетау дуанының аға сұлтаны подполковник Жылғара Байтоқинге “Дворян” атағын беру үшін жазылған мінездеме-анкетада нақты, тиянақты толық мәліметтер беріледі. Ресейде бұл атақ “потомственный дворянин” деп жазылады. Осы мәліметтер бойынша Жылғараның өмірбаянын анықтай алдық.

“Дворян әулеті” атағын беру үшін жазылған құжаттарда Жылғараға “умен, краток, в поведении строгий” деген мінездеме берілген. Дворян атағын алу үшін, заң бойынша, аға сұлтан болып үш жылдан бірнеше рет сайлануы керек. Мәселен Абылай Ғаббасов бірнеше дүркін сұлтан және оның балалары Көкшетау дуанында аға сұлтан болды. Тұрсын Шыңғысов Қарқаралы округінің соты болып бірнеше рет сайланады, сондықтан олар көп жеңілдікке ие болған. Подполковник Жылғара Байтоқин аға сұлтандыққа үшінші рет тағайындалды, бірақ анкетада үшінші тағайындалудың мерзімі өлі аяқталмағанын ескерте кеткен.

Батыс Сібір басқармасы (19.IX.1842 ж. Омбы қаласы) Көкшетау округінің аға сұлтаны Жылғара Байтоқинның дворян атағын алу үшін жазылған іс қағаздарында түсініксіз, күмәнді



жерлерді анықтау керек деп шекара басқармасына тағы да хат жолдаған. Хаттың соңында Жылғара Байтоқин жөнінде нақты, адал, ақиқат материалдармен толықтыруды сұрайды.

Дворян атағын алу үшін қаншама құжат қажет болған, ал олардың шындығы бастан-аяқ тексерілген. Ж.Байтоқинның қызметі, алған наградалары сарапталып анықталған. Дегенмен, көмескі жерлері де, күмәнді күдіктері де болмай қойған жоқ, ерсілі-қарсылы жазыстың өзі осыған куә. Жылғараға “Дворян” атағын беру жөніндегі ұсыныстар, жазыстар 1841-жылдың басында басталады. Содан әңгіме 1844-жылға дейін созылыпты. Жылғараның “дворян” атағын алу үшін жиналған іс-қағаздарының ішіндегі әскери атағы, алған медальдары мен ордендерінің куәліктері қатаң тексерілген, қызметтегі қабілеті мен іскерлігі, тіпті Ресейге деген көзқарасы мен адал берілгендігі анықталған. Содан кейін ғана дворян атағының грамотасын жасауға Жылғара 45 сом (орысша рубль) мөлшерінде ақша төлейді.

Дворян атағын алатын адамға жеке герб жасалады. Оның тарихын айта кетейік. Герб белгілі бір композицияға құрылған, элементтері тәртіппен орналасқан, бекітілген ережеге сәйкес жасалған графикалық кескін-фигура болып табылады. Оны “Геральд” фигурасы деп атайды (шетел сөзі). Герб белгілері ежелден тарихи жеке тұлғаларға, қалаларға, мемлекетке арнап жасалады. Мемлекет гербі “елтаңба” деп аталады. Патшалық Ресейде XVII ғасырдан бастап гербті бір ұрпақтың немесе жеке тұлғаның тарихи дәстүрін, қызметін, сіңірген еңбегін анықтайтын белгі ретінде пайдаланған. Оны мемлекеттік орган заңдастырып бекітеді. Гербтың графикалық кескіні, қандай заттардан қалай жасалатындығы, мөлшері көрсетіледі. Гербтің куәлігі-дипломы қоса беріледі. Герб пен мөрді, куәлік пен грамотаны жасайтын ұжымды – “Геральдия”, ал оны басқаратын адамды “Герольдмейстер” деп атаған.

Герб, мөр ат-тұрманға тағылатын сияқты оюлы түсті жарқырауық металдардан (күміс, жез т.б.) жасалған. Формалы тізімде Жылғара 75 жаста деп көрсетілген (бұл 1841 жыл), ал 1849 жылы қайтыс болса (әйелінің, балаларының айтуынша) онда ол 82 жыл ғұмыр жасаған деп айта аламыз. 1824 жылдың 29 сәуірінен бастап, Көкшетау дуанының ашылуына байланысты, заседатель қызметіне сайланады, білім дәрежесі 9 сынып болып белгіленген. Александр лентасына тағылған алтын медальмен марапатталады. Сол жылдың қыркүйек айынан бастап аға сұлтандық қызметке ауысады, яғни Көкшетау округін басқарады. Ол қызметті 1826 жылдың маусым айына дейін жалғастырған.





Жылғара подполковник атағын алғаннан кейін Владимир лентасына тағылған екінші алтын медальмен марапатталады. Ол 1838 жылдан бастап аға сұлтандық қызметке қайта оралған. Анкетада (формалы тізімде) Жылғараның шекара басқармасын басқарған, бірақ оның қай жылдан қай жылға дейін екендігі (айы, күні) көрсетілмеген. Осы жәйтті және басқа жетіспей тұрған жерлерін архивтен қарауды ұсынған көрінеді. Әсіресе, Патшалық Ресейге Жылғара Байтоқинның ант бергендігі жөнінде еш дерек жоқтығы ескертіледі (А.М.А. 345 қор, 1 тіркеу, 23 іс қағаз.).

Жылғара Байтоқиннен қалған ескерткіш-мұра Николай I орыс патшасының берген “дворяндық” атағы жөніндегі грамотасы еді. Бұл грамота біздің облыстық өлке-тану мұражайында сақталған. Грамотаның сыртқы әшекейі де, ішкі мәзмұны да таңқаларлықтай. Әр беті өдемі, түрлі-түсті оюлармен көмкерілген. Оюлардың әр жерінде квадрат-торға салынған аңдардың, жануарлардың, құстардың, әскери жауынгерлердің суреттері бар. Грамотаның бірінші бетінің ұшар басында екі басты қыран құстың суреті, Ресейдің символы-гербі тұр. Осы әшекейдің ішінде грамотаның тексті жазылған. Яғни, ескі славян графикасына ұқсас алтын әріптермен өдемілеп жазылған мәтін-сөйлемдері көз тартады.

Жылғара Байтоқинның “Дворян әулеті” атағын алу жөніндегі грамотасының тексін (мазмұнын) орысша беріп отырмыз.

\* “Божю

*поспешествующего милостию,*

*Мы, Николай Первый, Император и самодержец Всероссийский*

*Мы, Николай первый, император и самодержец всероссийский Московский, Киевский, Владимирский, Новгородский, Царь-Каменский, Царь Польский, Царь Сибирский, Князь Смоленский, Витебский, Вольнский, Томский и Финляндский, Князь Эстляндский, Курляндский, Карельский, Тверский, Пермский, Вятский, Болгарский и Великий Князь Новгородский, Черниговский, Рязанский, Ростовский, Белозерский и всея Северные страны. Повелитель и государь Картилинские, Грузинские и Кабардинские земли и области... и прочая, и прочая, и прочая Объявлен всем вообще и каждому особливо чрез сию Нашу Жалованную Грамоту, что... Мы по самодержавию от Всемогущего Бога Нам данной Императорской власти и по природной Нашей милости и щедроте всех наших верных подданных честь, пользу и приращений Всемилоостивейше всегда защищать и им желаем:*

*\*Қараңыз. 7-8 суреттер. Түпнұсқаның ықшамдалған көшірмесін жапсырма беттерге беріп отырмыз.*



и однако ж не иначе потому склонны, чтобы тем Наших верных подданных и их роды честью, достоинством, такоже и особенного Нашею милостию по их состоянию награждать повышать и надлежащими преимуществами жаловать и в оных подтверждения которые по всеподданнейшей своей к службе Нашей ревности, Нам и Государству Нашему отменные пред прочими услуги и верность показывают

А известно Нам, что Наш верноподданный Подполковник Джилгара Байтокин в 1796 году произведен в Поручики, 1824 г. 29 апреля Киргиз-Кайсацким народом избран в Кокчетавский окружной приказ Заседателем, этого же года 6 мая пожалован в 9 класс, и золотою медалью на Александровской ленте, 22 февраля 1927 года произведен в Майоры, а 8 ноября 1930 г. в Подполковники и пожалован золотою медалью на Владимирской ленте; с Сентября 1824 г. по июль 1826 г. и с 28 августа 1839 г. по 24 декабря 1841 г. исправлял должность Старшего Султана в упомянутом Приказе, - и всегда к службе Нашей оказывает усердие и ревность. То Мы в воздаяние ревностных его Подполковника Джилгара Байтокина заслуг, такоже и по Нашей Императорской склонности и щедроте, которую Мы для награждения добродетелей ко всем Нашим подданным имеем и по дарованной Нам от всемогущего Бога самодержавной власти Всемилостивейше соизволили помянутого нашего верноподданного Байтокина в вечные времена, в честь и достоинство Нашей Империи Дворянства, равнообретающемуся в Нашей Всероссийской наследной Империи, Царствах, Княжествах и Землях прочему Дворянству, возвести, постановить и пожаловать, яко же мы сим и силою сего его Байтокина в вечные времена, в честь и достоинство Нашей Империи Дворянство вводим, постановляем и жалуем и в число прочего Всероссийской Империи Дворянства таким образом включаем, чтоб ему и потомству его по нисходящей линии в вечные времена всеми теми вольностями, честью и преимуществом пользоваться, которыми и другие Нашей Всероссийской Империи Дворяне по нашим правам учреждениям и обыкновениям пользуются.

Для вящего же свидетельства и в признак сей Нашей императорской милости и возведения в Дворянское достоинство, жалуем ему Байтокину нижеследующий Дворянский Герб.

В червленном щите четыре горизонтальные золотые полосы. Щит украшен дворянским шлемом и бурлетом золотого и червленого цветов; над бурлетом три червленые страусовые пера. Намет на щите червленый, подбитый золотом. Чего ради жалуем и позволяем помянутому Нашему верноподданному Подполковнику Байтокину



*вышеподписанный Дворянский Герб во всех честных и пристойных случаях, в письмах, печатях на домах и домовых вещах и везде, где честь его и другие случающиеся обстоятельства того потребуют употреблять по своему изволению и рассуждению, так как и другие Нашей Империи Дворяне оную вольность и преимущество имеют. И того ради всех чужестранных Потентатов, Принцев и высоких областей владетелей також Графов, Баронов, Дворян и прочих чинов, как всех вообще, так и каждого особливо через сие дружесбно просим, и от всякого по достоинству чина и состояния благоволительно и милостиво желаем оному Байтокину сие от Нас Всемилостивейше пожалованное преимущество в их Государствах и областях благосклонно позволять, а нашим подданным какого бы чина, достоинства и состояния оные ни были, сим Всемилостивейше и накрепко повелеваем помянутого Байтокина за Нашего Всероссийской Империи Дворянина признавать и почитать, и ему в том, також и в употреблении вышеозначенного Дворянского Герба и во всех прочих Нашему Всероссийской Империи Дворянству от нас Всемилостивейше позволенных правах, преимуществах и пользах предосуждения, обид и препятствия отнюдь и ни под каким видом не чинить.*

*А для вящего уверения Мы сию Нашу жалованную Грамоту Нашею собственною рукою подписали и Государственною нашею печатью укрепить повелели. Дана в 1 августа 1852 года.*

*Император Романов Николай.  
Министр Юстиции Статс Секретарь Малинин.”*

Бұл Жылғара Байтоқинге “Дворян әулеті” деген атақ берілгендігін растайтын бірден-бір құжат болмақ. Сол грамотаның бір бетінде Байтоқинның гербі басылған. Ол гербте әшекей оюлы гүлге ілінген төрт алтын жолақты қызыл лента құрайды.

Бұл грамотада Жылғараның сіңірген еңбегі мен атақ дәрежесі толық қамтылған. Атап айтқанда: фамилиясы, аты, жасы, нәсілі, от басы, балаларының саны т.б. тегіс қамтылған. Одан соң қызметі, яғни заседатель, аға сұлтан болғандығы, білім дәрежесі, әскери атағы поручик, майор, подполковник (1796, 1827, 1830 жылдар), Александр және Владимир ленталарындағы алтын медальдармен марапатталуы жазылған. Жылғара Байтоқинның адал қызметін де атап өтеді. Дворян атағын алған адамға және оның жаңұясына берілетін жеңілдіктер, олардың құқықтары өмір бойы сақталады делінген. Грамота 7 бет.



Грамотаның сөйлемдерінің соңына Ресей патшасы Николай Романов пен оның статс хатшысы, әділет министрі Малинин қол қойған. 27 тамыз 1852 жыл.

Ғұбайдолла Уәлиханов пен Жылғара Байтоқин XIX ғасырдың бірінші жартысында аға сұлтандықты қолдарында ұстап, елге аттары шықты. Солармен қатарласып елге еңбек еткен, ел басқарған, аймақ-кезек аға сұлтан болған Абылай Ғаббасов, Тоқтамыс би болатын. Олардың ісін жалғастырған адамдардың ұрпақтары, туыстары Әбілқайыр және Пірәлі Ғаббасовтар, Маңдай Тоқтамысов, Мұса Жылғарин және төре тұқымынан Шыңғыс Уәлиханов, т.б. болған. Бұлардың көпшілігі әскери дәрежесін алып, медальдармен марапатталған.

Жылғара мен Тоқтамыс сияқты аға сұлтандар сайланбай тек тағайындалса да қызметтерін асыра орындады. Ал, олар дуанның (орынбасары) заседательдері болып сайланды, сондықтан аға сұлтан болу олардың құқығына жатады.

Топ жарған Тоқтамыс би жөнінде бірер сөз. Ол Орта жүздің атақты билерінің бірі. Шығу тегі Атығай руы, Бағыс тармағынан тарайтын Назар баласы Жанұзақтың ұрпағы Тоқтамыс пен Төбет еді. Тоқтамыс төбе би болды. Оны Орта жүз түтел таңыды, Патша үкіметі де онымен санасқан. 1826 жылы Көкшетау дуанының аға сұлтаны болып тағайындалады, бірақ екі жылдан кейін қайтыс болады. Бабасан — Бағыс болысы Бурабай, Тайынша өңірін мекендеген. Бұл жерді кезінде Ғаббас төренің, Тоқтамыс бидің балалары басқарған. Ол кезде бұл болыстар бүгінгі Омбы облысының біраз жерін де қамтыған екен.

Тоқтамыс бидің баласы Маңдай Тоқтамысов та белгілі адам болған. 1795 жылы туған, старшын, штабс-капитан, болыс, аға-сұлтан болған. Егін егу, өнер үйрену, кен көздерін ашу, т.б. қолдап көмек жасаған. Маңдайдан туған Әбдіғафар да кезінде көзі ашық, сауатты адам болыпты. Сібір Кадет корпусын бітірген (Омбыда), аға сұлтанның хатшысы, Губерния секретары, жүз басы, аға сұлтан қызметтерін атқарған. Шоқанның досы Тоқтамысовтар “Дворян әулеті” атағын алған.

Абылай Ғаббасов 1829 жылы аға сұлтан болған, бірақ 1832 жылы қайтыс болады. Ол аз уақыттың ішінде көп іс тындырған. Әсіресе тәуелсіздік пікірін Петерборда да білдірген адам. Оның ісін кейін баласы Әбілқайыр Ғаббасов жалғастырады болыс, майор, алтын медаль атағын алған, аға сұлтан болған. Одан кейінгі Пірәлі Ғаббасов та көп қызмет атқарған екен. Капитан, болыс, аға сұлтан, Қытай елшілігінде жүрген. Сайып келгенде осы Ғаббасовтар әулеті



Көкшетау дуанын басқарған, Бағыс, Бабасан, Баба, Құдайберді-Бөйімбет болыстарында болып, соларды тірек еткен. (Тортай Садүақасов. “Ел мен жер”. А. Дайк-Пресс. 2003 ж.).

Аға сұлтан қызметін атқарған адамдар және олардың қай жылдары болғандығын алынған деректерге сүйене отырып, айта кетейік: Ғұбайдолла Уәлиханов – 1824 ж., 1832-1838, Жылғара Байтоқин – 1824-1826, 1838-1841, Тоқтамыс би – 1826-1827, Абылай Ғаббасов – 1829-1832, Әбілқайыр Ғаббасов – 1841-1845, Маңдай Тоқтамысов – 1845-1851, Маңдаев Әбдіғафар – 1852-1854, Пірәлі Ғаббасов – 1854, Шыңғыс Уәлиханов – 1860-1866, Мұса Жылғарин – 1866-1868 ж.ж.

Хан тұқымдарынан Шыңғыс Уәлиханов (Шоқанның әкесі) жөнінде де ерекше айтатын жайттар көп. Ол 1834 жылы Құсмұрын дуанына аға сұлтан болып сайланады, бір емес бірнеше рет сайланады (әр сайлану 3 жылдан). Әскери дәрежесі полковникке дейін өскен, алтын медальмен марапатталған, Сібір Қазақтарының (Қырғыздарының) Басқармасында кеңесші болып істеген (1852 ж.), қазақ депутаттығының құрамында Петерборда болған. Көкшетау дуанына 1860 жылы аға сұлтан болып сайланады. Бұл күндері Шыңғыс тұқымынан шыққан Шота Уәлиханов қоғам қайраткері, атақты сәулетші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

## **ЖЫЛҒАРА МЕН ЕСЕНЕЙ**

Бұл екеуі де елдің еркесі, екі рудың серкесі атанды. Адамның аты байлығымен де, билігімен де, ақылымен де шығары белгілі. Осылардың бәрі де екеуінің маңынан, я бойынан табылары сөзсіз, ендеше Жылғара мен Есеней сияқты екі ірі тұлғалардың байланысы мен ара қатынасы қандай болған? – деген сұрақ өзінен-өзі туындайды. Жылғара Атығай руынан, ал Есеней Керей руынан шыққан. Бұл екі ел ежелден іргелес қоныстанып, нағашылы, жиенді болып, осы күнге дейін келе жатыр. Себебі қыз алысып, қыз берісіп құдандалы болғалы не заман. Ендеше олардың басшылары да көршілес отырып, бір-бірімен араласпауы мүмкін емес. Он тоғызыншы ғасыр, 20-50 жылдар аралығында Жылғара мен Есеней бір кезеңде кемеліне келіп, ел басқарып аттары шығады, Ресейге де жақсы қызмет етеді. Елді, жерді аман сақтап қалу үшін отарлап отырған Ресеймен ымыраға келмеуге және болмады, ал бүкіл ел



сыйлап отырған беделді адамдармен Ресейдің санаспауы мүмкін емес еді.

Бұл екеуінің ара-қатынасын ерекше жақындататын тағы бір жайт бар. Оны айтпас бұрын, алдымен Есенеі жөнінде толығырақ тоқталайық. Үйткені Есенеіді бірі білсе, бірі білмейді. Білетіндерінің өзі “ол би болған, бай болған” деген қағиданы бетке ұстап, Кеңес үкіметінің шашбауын көтерді емес пе? Ал, Жылғара жөнінде ол кезде баспа беттерінде мүлде басылмады. Тек, ел аузында қалған өңгіме-естеліктер ауызша ғана сақталған. Омбы, Алматы архивтерін (мұрағаттарын) ақтарып отырсақ тарихтың тарамдалған, бұғып жатқан беттері ашылады екен. Онда іздесең қалтқысыз шын деректер табылары сөзсіз.

Есенеі Естемесов ел басқарған, ел қорғаны болған адам. Сибан-Керейдің болысы, Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңесшісі, Аманқарағай дуанының заседателі (аға сұлтанның орынбасары), Құсмұрын дуанының аға сұлтаны болып қызмет атқарады. Сол қызметтерде жүргенде ел қорғаны болып тонаушы, барымташы адамдармен тікелей батыл күрескен, жәбір көрген адамдардың жоғын жоқтап, малын, жерін қайтарып берген. Сайып келгенде сөзге шешен, білекке батыр, ақылға алғыр адам болған екен.

Тарихи деректерге сүйенсек Есенеі 1798 жылы Қызылжар маңындағы Бескөл қонысында Естемес шаңырағында дүниеге келген. Ол Ашамайлы Керейдің Сибан руына жатады. 1871 жылы қайтыс болғаннан кейін денесін Бүркеу деп аталатын соңғы қонысына апарып қояды. Ол жер қалың Керейдің ортасы – Жамбыл ауданындағы Ғабит Мүсірепов ауылының маңы еді.

Есенеі алғаш ауыл молдасынан оқып, хат таниды, сауатын ашады. Одан соң Қызылжардағы медреседе оқиды да, діни білім алады. Осы шаһарда татар, орыс балаларымен араласып жүріп, сол тілдерді меңгереді. Білімін тереңдету мақсатында, әкесінің көмегімен Үргеніш медресесіне түседі, сонда араб тілін де жақсы меңгереді. Сауатты, білімі жетілген азамат Батыс Сібір мұсылмандарының діни орталығына орналасады да, дін жолын қуады. Онда негізінен қазақ, татар, башқұрт ұлттарының өкілдері болған. Ол орталықтың басшысы-имамы Марал-Ишан Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы адам. Астыртын ұлт-азаттық қозғалысқа қосылады. Бұл кезде Ресей патшалығының өкілдері Петропавл қонысын және оның маңындағы қолайлы өздеріне ұнаған жерлерді иемденіп, құрылыстарын, қорғандарын салып, орната бастаған. Сол кезде Есенеі елі ата қонысы – Бескөlden көшіп, батысқа қарай қоныс аудара бастайды.



Дін үшін, ел бостандығы үшін ұйымдасқан ұлт-азаттық қозғалысқа сол кездегі көзі ашық азаматтар бей-жай қарай алмады. Есеней ел арасында “жүз басы”, “мың басы” атағын алып “Ер Есеней” атанады. Соның нәтижесінде елдің байлары, билері, батырлары Есенейді ел басы, ел “Шорасы” (кіші ханы) етіп сайлау үшін оны дайындайды. Хандық жойылса да (1819 жылы Патшаның жарлығымен) Есеней елдің шорасы болып қала береді (бұл шамамен 1819-1824 жылдар).

Жылғара жоғарыға да, төменге де жаққан адам. Заседательдікке ел сайлады, аға сұлтандыққа патша үкіметі тағайындады. Осы қызметтерді көп жыл атқарды. Өзінің сауатымен, ақылдылығымен, қызметімен бүкіл дүйім елге жағып, атағы Сібірдің жеріне де тарады.

Жылғара мен Есенейге елі бас иген, кезінде айдарынан жел есіп, жұлдыздары жарқырап тұрды. Дәл осы кезде Тоқтамыс, Мүсет, Жылғара, Қожағұл, Есеней, т.с. сияқты елдің бектері Орталық Қазақстанда округтер (дуандар) ашу жөніндегі Ресейдің саясатына қарсылық білдіреді. Кең байтақ елімізді қатаң бағындыру мақсатында ашқалы отырған округтерге (дуандарға) бүкіл ел, оның ішіндегі Атығай-Қарауыл, Керей-Уақ халықтары, төре тұқымдары қарсы болады. Күш атасын танымас дегендей Ресей өзінің дегенін істетті.

Барлық жерде 1824 жылдан бастап дуандар ашылса да, Құсмұрын дуаны (Керей-Уақ жері) 1830 жылға дейін құрылмады. Дәл осы кезде Есеней биліктен шеттеліп, аздап тоқырауда болады. Ал Жылғара Көкшетау дуаны ашылғаннан кейін билікке мольнан ілікті. Ал, Есеней Аманқарағай дуаны ашылғаннан кейін (1830 ж.) аға сұлтандыққа Жалбыр Абдоллаұлын (Абылай ханның немересі) ұсынады. Өзінің бұл қызметке өтпейтіндігін сезген Есеней Жалбырды жақтап, сайлауды өзі ұйымдастырады. Ал, Есеней өзінің баяғы қазы-би қалпында қалып, ел ішіндегі дау-жанжалдарды шешіп, билік айтып, отыра береді. Бірақ Керей-Уақ болыстарының билігі шын мәнінде Есенейдің уысында болған.

1834 жылы Жалбыр қызметінен түсіп, Уақ шонжарларының қолдауымен Аманқарағай дуанының аға сұлтаны болып Шыңғыс Уәлиханұлы сайланады да, оның бірінші заседателі (орынбасары) болып Есеней сайланады.

Кезінде Есенейдің бақталастары генерал-губернаторға арызшағым жазып, оны заседательдіктен түсіртеді. Әйтеуір көпшілік қолдап Сибан-Керей болысына қайта старшын қызметіне орналасады (1842). Осы кезде Кенесарымен байланысы қайта жанданып, қарым-қатынасы басталады. Алғашқы кезде де, бұл жолы да Есеней Кенесары көтерілісін (ұлт-азаттық) қолдап, оған ішін-ара көмектесіп



отырады, мінетін ат, оның ат-тұрмандары дегендей, 1847 жылы Кенесары қазаға ұшырайды. Содан кейін ғана Ресей патшалығы Есенейге оң көзбен қарап, жақындаса түседі, оның төре тұқымдарымен араласпауын қалайды. Содан соң Есеней Құсмұрын (алдында Аманқарағай) дуанына аға сұлтан болып сайланады.

Есеней төре тұқымдарымен құдандас. Оның Есенгелді деген ағасы, Еменәлі деген інісі бар. Әкесінің Есіркеп деген інісінен Есенаман, Есенәлі деген екі ұл туады. Әкесі Естемес қажы көзі тірісі кезінде Абылайханның ұлы Қасым төренің Бопан деген қызын Еменәліге айттырады, ал Есенәліге Абылайханның Абдолла деген ұлының Айтолқын атты қызын айттырады. Одан соң Есеней әкесінің бағасын бұзбай қалың-малдарын төлеп, осы аталған төре қыздарын келін қылып түсіреді. Кейін Есенәлі қайтыс болады, оның жесірі Айтолқынды дәстүр-салт бойынша Еменәліге қосады.

Есеней өзі үш әйел алған адам. Алғашқысы өзінің ағасы Есенгелдінің әйелі Ғайынжамал. Ағасы Есенгелді қайтқан соң әменгерлік салтымен жесір қалған жеңгесі жас әйелді 17 жасар Есенейге қосады. Ғайынжамалдан Аманжол, Аманқұл атты екі ұл туады. Өкінішке орай екеуі де шешек ауруынан бір мезгілде қайтыс болған. Ал Ғайынжамал да ерте қайтыс болады. “Сүйек жаңғырту” ғұрпы бойынша Ғайынжамалдың сиңілісі Қаныкейді, екі жақтың келісімімен орын суытпай Есенейге қосады. Сөйтіп бас түйіскен жақын, сүйек ескірмес құдалық үшін “қайта сүйек жаңғырту” деген дәстүр жалғасады. Қаныкейдің шешесі – Жанапия ерте дүние салады. Жас қалған Қаныкейді аға жеңгесі Жылғара мен Бишай өз қамқорлығына алып, тәрбиелеп өсіреді. Сондықтан Қаныкей біржағынан Жылғараның қарындасы болса, екіншіден тұңғыш қызындай болып кеткен. Қаныкей де аға-жеңгесін өзінің әкешесіндей көріп, бауыр басып кетеді. Солардың қолынан ұзатылады.

Есенейдің үшінші әйелі Ұлпан. Ол жөнінде академик, классик жазушы Ғабит Мүсірепов өзінің атақты повесінде жазды, халықтың құлағы қанық.

Бір айта кететін жайт Есенейдің әйелдерінен туған балалар тұрақтамаған, сәби кезінде өле берген. Содан Есеней өзінің қайнағасы Шопанның Сәлік деген баласын бауырына салып, асырап алады. Ал, Байтоқаның інісі Қаратоқада да бала алғашында болмайды. Ол Байтоқаның баласы Шопанды өз бауырына салады. Сондықтан Шопанның фамилиясы Қаратоқин болып кетеді. Қаратоқада кейін үш бала туады. Шопан да бір-екі сайлауда Көкшетау дуанының заседателі болып сайланады. Сәлік үйленіп одан Жүсіп деген ұл





туады. Ақыры Есенеі қартайғанда осы Жүсіптің қолына келіп орнығады. Қаныкей Есенеіден бұрын қайтыс болып, оған Жамбыл ауданы Айымжан ауылының маңында ас беріледі. Есенейдің өлер алдындағы өсиеті бойынша Сәлікті және Жүсіпті, тиесі мал-мүлкін беріп, жанұяларымен туған жері – Атығай еліне қайтарады. Есенеі мал-мүлкті өзінің көзі тірісінде артында қалған ұрпақтарына, ағайын-туыстарына, жетім-жесірлерге бөліп кетеді.

Есенейдің елге жасаған жақсылығы аз емес. Ол алдымен мұсылман жолын кұған адам. Мұсылмандықты уағыздап, мешіт салдырып, көпшіліктің алғысын алған. Түркістан жеріне барып, әулие аталарымыздың басына тағзым еткен.

Есенеі мен Жылғараның қызметтері, атақтары қос ат жеккендей қатар өрбіді, қаймағы бұзылмаған тату еді. Онымен қоса жақын туыстығы да басым. Орталарынан қыл өтпейтін адамдардың арасында да келіспеушілік, жанжал, абыройлары айрандай төгіліп, тіпті соттасуға дейін баратын жағдайлар болады екен. Мәселені түсіндіру үшін архив деректеріне жүгінейік (А.М.А.374 қор, 1 тіркеу, 1345 іс). Шекара басқармасы бастығының атына подполковник Жылғара Байтоқиннен шағым хат түседі. Ол хатта: “Есенеі Естемесов өзінің жұбайы Қаныкейді соққыға жығып, жәбір көрсетіп, киім-кешексіз төркініне қайтарып жіберді. Осы жағдайды тексеріп, шара қолдануларыңызды сұраймын”, - делінген. Хат соңында қол қойылады, мөр басылады. Бұл хат шекара басқармасына жетіп, 1843 жылдың 23 -сәуір күні тіркеледі. Тіркелген дүние тексеріледі. Есенеі де бұған ызаланып, кұралақан жатпай Жылғараның үстінен домалақ арыздарды бірінен соң бірін домалатады. Қолдар қойылып, мөрлер басылады, тексерістер екі жаққа да көбейеді, теке-тірес басталады. Бірінің кемшілігін бірі әшкерелеп жаладан-жала жабылып жатты. Екі рудың басшылары, бірі күйеу, бірі қайын ата, бақастық бар ма, әлде Есенейдің Ұлпанға үйленген кезі ме екен?

Екі жақ әрі сөйлесіп, бері сөйлесіп, дау-жанжал бітпеген соң араздасуға айналады. Екі жақ та қалыс қалмады, тең түсті. Шындықты шешіп жатқан адам жоқ, әйтеуір бір-біріне өтірікті-шынды жала жабу, шағымдану болды. Құйрық-бауыр жесісіп, ант-су ішісіп кұда, қайнаға, күйеу болысқан Жылғара мен Есенейдің соттасуы қалай?

Патша жендеттеріне осы кезде жанып жатқан отқа май күйе, қыздыра түсу оңай тәсіл. Өздері өзара қырылысып жатса, Кенесары сияқты қарсыларға бұлардың қосылуға, қолдауға мұрлалары да келмес деген ойдан да алыс емес еді жендеттер. Екі қошқардың сыйыспай жатуы патша үкіметіне әрі пайдалы, әрі саясат.



Ақыры Есенейге де, Жылғараға да үстерінен қылмыстық іс қозғалады. Батыс Сібір губерниясының қылмысты істер бөлімінен арнаулы тексерушілер жіберіледі. Ел арасында үгіт, сөз қоздырып, бұған үлкен мән беріледі. Дау-дамайдың, тексерудің бас аяғы үш жылға созылады. Ақыры бұл іс 1845 жылдың 15 -желтоқсанында жабылады. Мәселенің түйінін абырой болғанда Құсмұрын дуанының заседателі Төбей Барлыбаев шешкен. Ол осы екі адамның тағдырына байланысты іске белсене кірісіп, екеуін де ақтап, одан соң қазақшылық-мұсылмандық жолмен екеуін татуластырып, келістірген. Сөйтіп, қозғалған іс тоқтатылып жабылады.

Бұл жөнінде Қ.Мұқанов пен С.Жұмабаев (“Бір әулеттің тарихы” атты кітабында, 31 бет.) аға сұлтан майор Шыңғыс Уәлиханов пен заседатель қол қойған қағаз-хат Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасына жіберілгенін жазды. Ол хатта: “Есеней Естемесов пен подполковник Жылғара Байтоқин өз ара келісті. Қозғалған іс жабылды. Екі араздасушылар татуласып, бір мәмілеге келді. Есеней өзінің әйелі – Қаныкейді қайта алды және мұсылман ғұрпымен сыйластықта тұратындығы жөнінде уәдесін берді...” деп жазылған.

Сайып келгенде Төбей Барлыбаевтың, т.б. билердің арқасында екі ру басшыларының арасындағы дау-жанжал өз-ара келісім, бейбітшілікпен аяқталады... (А.М.А. 374 қор, 1 тіркеу, 4360 іс).

## САНАҚ ПЕН ЯСАҚ, ТІЗІМ МЕН ЕСЕП

Патша қаһары арқасына аяздай батса да көнбіс қазақ көне берді. Қазақтың байлығы – малы. Сол байлықты салық арқылы сору патша үкіметінің саясаты, құлқыны болғаны бізге мәлім. Өзіне отарғып алған қазақ жерінде дуандар құру науқаны елді билеп-төстеу, бір орталыққа бағындырып бір шенгелде ұстау бәрі де жер мен мал байлығын пайдалану мақсатынан туған әрекет. Мұндай империялық саясатты іске асыру үшін үлкен реформа жасалды, жаңа басқару жүйесі құрылды. Қазақ жерінде кешегі хандық заманда да өзіндік қалыптасқан басқару жүйесі болып еді. Онда билер, болыстар, байлар, ауыл ақсақалдары, сұлтандар, т.б. сл, жер тағдырын шешіп отырғаны мәлім.

Алдымен “Санақ”, “Ясақ” деген ұғымдарға дәйекті дәлелдермен жауап бере кетейік. Әрбір 4-5 жылда шаңырақтың, адамдардың, малдардың (қой, қара мал, жылқы) есебі жүргізіледі, яғни санақ науқаны өтеді. Санақ біткеннен соң ясақ жинау басталады. “Ясақ” дегеніміз қазақша салық деген сөз. Әр шаңырақтан салық жиналады.



Санақ, ясақ науқандары Ресейдің ұқыпты, тиянақты, қатаң жүргізетін істерінің бірі. Әрине, санақтың дәл шығуы мүмкін емес, оның бір өтірігі шінде болады. Себебі салық төлемін азайту үшін әр болыс, әр үй мал басын, жан санын өзгертіп беруге тырысады. Дегенмен архивтерге сүйенсек осы кезге дейін сақталып келген санақ қорытындылары елдің сол кездегі жайын, тұрмысын мөлшерлеп, шамалауға көмектеседі. Мысалға 1844 жылғы жүргізілген санақты келтіре кетейік.

Сол кездері Көкшетау дуанында он бір болыс болған. Онда 149 ауыл, 8905 шаңырақ (немесе кигіз үй), 22358 еркек адам, 23453 әйелдер, қара малдың саны – 29603, қой мен ешкі – 574372, жылқы – 223179 есептеліп санаққа енген. Міне, осы сандар бүтін бір дуандағы халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайының бетін ашып тұрғандай.

Ал, мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, онда дуандағы әр болыстың жай-күйі анықталады. Көкшетау дуанындағы 11 болыстың әрқайсысындағы үй, мал, жан, ауыл сандары төмендегі жәйттерді аңғартады. (А.М.А. 379 қор, 1 тіркеу, 1464 іс).

### САНЫ

Болыстар	ауыл	Кигіз үй	Ерлер	әйелдер	жылқы	Қара мал	Қой мен ешкі
1) Бабасан-Бағыс	16	1047	3073	3173	19320	3820	29852
2) Андағұл-Ораз-Бәйімбет	16	1215	3291	3353	39303	5140	85519
3) Андай-Рсай	12	598	1627	1459	17863	1680	35703
4) Ақкиік-Құлансу-Қойлы	11	601	1590	1615	13729	1979	194201
5) Есенбай	19	1219	2646	2233	37507	3932	54497
6) Қараша-Жаулы-бай	12	906	2390	2565	13685	2023	29949
7) Майлы-Балта	15	1045	2896	3167	27853	4273	38816
8) Қалды-Ноғай	13	947	2652	2935	12906	2069	22258



9) Ақты-Қарауыл	19	498	1133	1323	22259	1655	38194
10) Жабар-Қарауыл	9	424	765	859	8814	1273	23054
11) Мөңтек-Сары-Қарауыл	7	405	795	771	9940	1769	20329
Дуан бойынша барлығы:	149	8905	22358	23453	223179	29603	574372

Сол кезде неше шаңырақ түгін түтеткен, адамдардың күнкөрісі, мал басы бәрі де тайға таңба басқандай айқын көрініп тұр. Санақ жүргізу төрт-бес жылда ғана болса, ал ясақ жинау жылда өткізіледі. Ясақтың нәтижесі жыл аяғында қорытындыланады. Әуелі ауыл бойынша, одан болыс, соңында дуан бойынша есептеліп, шекара басқармасына жазбаша хабарланып жеткізіледі.

\*Мәселен шекара басқармасы шаруашылық бөлімінің 1844 жылғы 22 мамырдан 14 маусымға дейінгі жасаған есебі бойынша Көкшетау дуанында 22 жанұя ясақ төлемеген болып шыққан. Міне, осы жағдай бойынша дуанда қаншама жұмыстар жүргізілгені байқалады.

Ресей империясының тағы бір жүргізген саясаты “атаулы тізім” жасау болған. Ауылдық жердегі мал мен жанның есебі салық (ясақ) жинау үшін қанша қажет болса, атаулы тізім басқару жүйесін империяда күшейту сонша қажет. Атаулы тізімде патшаға қалтқысыз қызмет атқарған адамдар аталады. Онда әскери шенділер, дворяннан бастап жергілікті жердегі шиновниктер, дуан басшылары, болыстар, сұлтандар, іс-қағазын жүргізушілер мен аудармашылар, т.б. үкімет өкілдері бар.

Сол тізімге еніп, архивте сақталған белсенді атқа мінер қазақтардың аты-жөнін атап өтейік. Тізім қырқыншы жылдардың орта кезінде жазылған. Сол атаулы тізімнің ішіндегі беделді-белдісі де, атағы мен дәрежесі де жоғары Жылғара Байтоқин екенін ешкім бекерге шығара алмайды. Сондықтан да оның атын бірінші атасақ теріс болмас. (А. М.А.345 қор, 1 тіркеу, 1793 іс).

Жылғара Байтоқин подполковник, руы Атығай, би, болыс, дуан заседателі, аға сұлтан қызметтерін атқарған, жеке мөрі бар. Патшалық Ресейдегі дворян әулеті атағы бар. Георгий және Александр лентасына тағылған алтын медальдармен марапатталған. Мандай Токтамысов штаб-капитан, болыс (1831ж.). Жақша ішіндегі жыл – болыстыққа сайланған жылы, одан әрі де қызметке сайланған, не тағайындалған жыл деп түсінген жөн. Әбылхайыр Ғаббасов майор,

\* Жазсырма бет. II суретті қараңыз.



аға сұлтан (1841). П.Габбасов капитан (1835ж.), сұлтан, болыс. Болағ Ғұбайдуллин майор (1824), болыс. Мұса Жылғарин поручик (1838ж.), руы Атығай, патша үкіметінің қола медалімен марапатталған. Әділ Абылаев капитан, руы Атығай. Ш.Уәлиұлы капитан, патшаның қола медалімен марапатталған. Қосшығұл Шопанов поручик, патшаның күміс медалімен марапатталған, руы Атығай. Бекі Шотанов прапорщик, руы Атығай. Мұстафа Төбетов поручик (1839), заседатель. Мұса Ниязов заседатель (1843ж.). Шөкей Дияларин старшина, болыс (1839ж.). Итемгенов капитан (1835ж.), болыс. Сұбыхан Токтамысов сұлтан, іс қағаздарын жүргізуші (1841ж.). Абылхайыр Дербесәлиев іс қағаздарын жүргізуші (1830-1841). С.Аманов іс қағаздарын жүргізуші (1841). Етекпай Түркібаев старшина, болыс (1835ж.). Жанышбай Жанғозин іс қағазын жүргізуші.

Енді әскери атағы мен грамоталары жоқ болыстарды атайық. Тұрлыбай Матаев болыс (1841). Төлеміс Қарасаев болыс (1841). Ордабай Құлғарин болыс (1841). Данияр Алтынбаев болыс (1842). Ерден Сандыбаев болыс (1840). Батыр Шақшақов болыс (1840). Самай Шыңғысұлы сұлтан, болыс (1835). Етекпай Тұрсынбаев болыс. Мартай Шыңғысов сұлтан, болыс (1835). Төлеміс Қарасаев болыс (1840). Әбілхайыр Маңдыбаев болыс. Шыңғысов сұлтан, болыс (1843). Данияр Олжабаев болыс (1842). Батыр Боқаншин болыс (1840). Уәйс Байжұманов болыс (1840). К.Қозыбаев болыс (1840). Ишанбай Төрлібаев болыс (1835). (А.М.А.374 қор, 1 тіркеу, 4172 іс).

Бұл жерде кімнің қай болысты басқарғаны белгісіз, бірақ бәрі де Көкшетау дуанына қарасты болыстарды басқарды. Жергілікті жерде басқарушылар ауыл старшындары деп аталған. Соларды барынша атап өтейік.

1. Андағұл-Ораз-Бәйімбет болысының ауыл старшындары:

Тұрсынбек Наурызбеков (Ерей ауылы). Байғазықұл Доныспаев (а.Андағұл). Сақтан Шорин (а.Андағұл). Елтоқ Қошанов (а.Шонай). Байтөбет Жаңдәулетов (а.Уәнас). Нұртай Бектасов (а.Жөпек). Қоржынбай Шабәкбаев (а.Қошқұлы). Жанбатыр Ботанов (а.Сары). Шоқай Алтайбергенов (а.Қошқұлы). Босқымбай Жұдырықов (а.Түшке). Қиық Атағожин (а.Сырымбет). Мырзбек Бектасов (а.Монтық). Жанақ Бердин (а.Жұмық). Тиышпай Маймақов (а.Нарбота). Тоқыр Қойболов (а.Жұмық). Індібай Сүйіндіков (а.Тайберді).

2. Ақжік-Құлансу-Қойлы болысының ауыл старшындары:

Жұмабек Шайгенов. Қ.Жолдығұлов (мөрі бар). Қайдажан Жантілесов (а.Құлансу). Арықпай Қосағалов (а.Әлиәмбет, мөрі бар).



Қуаныш Бекбасов (а.Ақкиік). Байқосшы Күшібаев (а.Ақкиік, мөрі бар). Рамазан Тұяқов (а.Қойлы, мөрі бар). Сексенбай Кішкентаев (а.Ақкиік). Жөрпөбай Байболов (а.Атығай, мөрі бар).

3. Қарауыл руының Қылды, Ақты, Жауар, Мөңтік-Сары болыстарындағы ауыл старшындары:

Жұрымбет Қосағалов (а.Қарабай, мөрі бар). Байман Бектұров (а.Арыстан). Сәрсенбай Жанғұлов (а.Досай), Бабас Жасболатов (а.Айбала). Бейсен Қожабаев (а.Қонай, мөрі бар). Боқай Қойбағаров (а.Досай, мөрі бар). Ұстабай Тайманов (а.Шеку). Әлібек Жұрынбаев (а.Мойндықұл). Байдол Қарамырзин. Томалақ Бегалин (а.Алдияр, мөрі бар). Итжан Байбеков (а.Иман). Қашқынбай Бердікеев (а.Досай). Рысқұл Қосағалов (а.Сарыбай, мөрі бар). Қашқынбай Шошаев (а.Рай, мөрі бар).

4) Андай-Рсай болысы бойынша ауыл старшындары: Байтоқ Кенжеғарин (мөрі бар). П.Карекин (мөрі бар). Сүйін Ақашев (а.Бура, мөрі бар). Өмірбек Балапанов (а.Байгелі). Бекет Сандыбаев (а.Қоныспай, мөрі бар). Битен Елемесов (а.Түмбай, мөрі бар). Қоспан Тұрғынбаев (а.Аққозы, мөрі бар). Дінғожа Тайбақов (а.Ақмөлші, мөрі бар). Құлс Тоқаев (а.Есенгелді). Жаңыл Досжанов (а.Күйік, мөрі бар). Малдыбай Тышқанов (а.Орыс).

5) Бабасан-Бағыс болысында – 16 ауыл старшыны қызмет атқарған.

6) Есенбай болысында осы жылдарда 30 ауыл старшыны есепте тіркелген. Олар жиі-жиі ауысып отырған болуы керек.

Аталмаған болыстарда да ауыл санына қарай старшындар болған. Бір ескерте кететін жайт адамдардың аттары, фамилиялары мұражайда, мұрағаттарда (архивтерде) орысша жазылған. Кезінде, санақ жүргізгенде орыстар да тізімді тіркеген болуы керек. Сондықтан нақты сөздер, есімдер ауытқып, бұрмаланғаны сезіліп тұр. Кейбір ауылдардың аттары да бұрмаланған, немесе мүлде жазылмаған.

Жоғарыда аталған ауыл старшындары 1834-1845 жылдар аралығында, әрқайсысы әр мезгілде Көкшетау дуанының шешімімен тағайындалған. Жалпы Андағұл-Ораз-Бәйімбет болысында 16 ауыл старшыны, Ақкиік – Құлансу-Қойлы болысында – 25, Андай-Рсай – 11, Бабасан-Бағыс – 16, Есенбай – 30 ауыл старшыны болған.

Түпкі деректерде ауыл старшындары сауатсыз деп көрсетілген. Бұлай деп жазылуы орысша білмегендігінен болуы керек. Әйтпесе, әр қазақ діни жағынан арапша сауатын ашпауы, хат танымауы мүмкін емес. Ауыл старшындарының көпшілігінің жеке мөрі бар. Патшадан грамота алғандары да кездеседі.



## ЖЕР ДАУЫ, ШАҒЫМ, БАРЫМТА

Дүние дуандарға бөлінгелі арыз-шағым жер-жерден жоғары жаққа түсіп жатты. Соның бірі (1841 ж.) Көкшетау дуанынан екен. Онда Байқозы Құлжабаев пен Әлібек Жылғарин өз қыстауларында қыспаққа түскендерін айтады, яғни Керей болысының (Аманқарағай дуаны) қазақтары орынсыз тиісіп, ығыстырып отыр дейді. Бұдан соң шекара басқармасы мұндай өкім-зорлықты жою жөнінде бұйрық жазып жібереді. Бірақ бұл бұйрық орындалмайды, жағдай бұрынғысынша қала береді. Жылғара Байтоқин (Әлібектің әкесі) шекара басқармасының бұйрықтары жергілікті жерге жетпегенін хабарлайды. Осы өңгімеден кейін ғана Шыңғыс Уәлиханов (Аманқарағайдың аға сұлтаны) жауап қайтарады, онда кінәлі адамдар ескертілді, бірақ жағдайдың анық-қанығына жету үшін Көкшетау дуанының орыс заседательдері тексерсе екен деп ұсыныс жасайды.

Енді бір арыз-шағымды қарсы жақ жазыпты, яғни Аманқарағай дуанынан түскен. Түймедейді түйедей етіп өсіру қазағыма тән іс. Шаш ал десе бас алатын арызқойлар екі жақтан да табылады. Арызға дуанның белгілі билері мен байлары қол қойып мөр, таңбасын басыпты. (374қор, 1тіркеу, 6023 іс. АМ.А.). Онда Керей-Уақтың екі болысы Аманқарағай дуаны ашылмай тұрғанда Есілдің екі қанатын жайлап, малдарын өсірген еді-дейді. 1830 жылы әскери отрядтың подполковнигі Набоков, аға сұлтан Әбділдә Абылайханов өзінің заседательдерімен келісе отырып, Уақтың екі болысына Кіші Борлық, Ақан Борлық, Терісаққан өзендерінің қойнауын иемденуге ұлықсат еткен. 1840 жылдан бастап Атығай қазақтары сондағы қыстауымыз бен жайлауымыздан қуып, қорлық көрсетіп отыр, малымыз қырылатын болды, ясақ төлеуге де мұршамыз келмейді деп жазылған хатта. Сан түзеген екі ру бір-біріне айбат көрсетіп, кезек-кезек тонасып, тиіп-жұлып қашып жүреді, бірақ тура шабуылға шығуға, екі жақ та бата алмайды.

Аманқарағай мен Көкшетау дуандарының көршілес ауылдар қазақтарының арасындағы жер дауы бірнеше жылға созылып, өз шешімін таппай келеді – дейді шекара басқармасы. Кейбір қыстаулар бір қолдан бір қолға кезек ауысып, жанжал өрши берген. Сонау қырқыншы жылдардан бұрын басталып, бірнеше жылға созылып, шешілмей отыр – деп Аманқарағай округінің аға сұлтаны майор Уәлиев те шекара басқармасына шағымданады. Бұған жол беріп отырған подполковник Жылғара Байтоқиннің өзі екендігін де



айтады. Сондықтан екі жақ та жиналып, ақыры сол дау шыққан жерге (қыстаққа) барып, мәселені шешейік деген ақылға келеді.

Аманқарағай дуаны мен Көкшетау дуаны арасындағы жер дауын Петреченко (Аманқарағай дуанының заседателі) былай хабарлайды: Аманқарағай дуанына қарасты Жансары Уақ және Бидалы Уақ болыстарының қоныстанып отырған жері Алакөл, Салпық, т.б. мекендеріне Көкшетау дуанының Андағұл-Ораз-Бәйімбет болысы таласып дау шығарып жүр. Шын мағанасында ол жерлер Уақ болыстарына жатуға тиіс. Бірақ жер куәлігі қолда болмағандықтан дәлелдеу қиын. Ал, 1830 жылы Набоков деген подполковниктің қолымен жазылған жер куәлігі болғаны рас. Бұны Бибол Едресов деген адам растайды. Оның айтуынша Қарауыл, Атығай, Уақ, Керей болыстарының тиісті жерлері сызықпен белгіленіп, шекаралары сол куәлікте айқын көрсетілген. Набоковтың жасаған актісін әскери немесе Омбы шекара басқармасы архивтерінен іздестіру керек, сонда ғана дау-жанжал тоқталмақ. (374 қор, 1 тіркеу, 6023 іс, А.М.А.).

1841 жылдың қазан және қараша айларында Батыс Сібір генерал губернаторы Сібір қазақтарының (қырғыздарының) шекара басқармасына екі хат жіберген. Алғашқы хат осы жылдың 1-қазанында шекара бастығы полковник Фальскийге келіп түскен. Мәселенің мән-жайы Андағұл-Ораз-Бәйімбет болысының старшыны Тұмырза Құлболдин жөнінде болып отыр. Айғаным ханымның нөкерлері Жекекөл, Ақжар, т.б. жерлерде отырған, қоныстанған қазақтарды ығыстырып, қуып жатыр. Оны істеп отырған Айғанымның өз адамдары (атып кел-шауыпкелдері). Осы жайтты Тұмырза Құлболдин жазып, жоғарғы жаққа шағымданады. Арыздың соңына тағы басқа старшындар, сұлтан болыс-билер, беделді байлар қолдарын, мөрлерін, тиісті белгілерін қояды. Генерал губернатор аталып отырған дау-жанжалды жергілікті жерде қарастырып, шешуді ұсынады.

Екінші хатта Айғаным ханым мен старшын Тұмырза Құлболдин арасындағы жанжал заңды түрде реттелсін. Ал, мәселе толық шешілгенше жерді ешкім иемденбесін және шабылған шөпті ешкім қозғамасын деген нұсқау беріледі.

Генерал губернатор сол жылы (ХІ 20-сы күні) үшінші хатты сол губернияның ерекше тапсырма жөніндегі хатшысы Сотниковқа жолдайды. Мұнда мәселенің мазмұнын айта келе екі қарсыластың арасындағы қарама-қайшылықты Көкшетау дуанында қарастырындар, істі бейбіт жолмен шешуге тырысындар деген екен. (А.М.А.374 қор, 1 тіркеу, 863 іс).





Мәселе осымен шешілді ме? Жоқ. Даудың аяғы үш жылға созылады. Іс шекара басқармасының сот бөліміне түседі. Әлдіменің ұзақ сонар болуы арыз-шағым, оған жауап, немесе бір сатыдан екінші сатыға жазысу көп уақытты қажет еткен. Дегенмен соңында мәселенің мәңжайы ашылады.

Шекара бастығы полковник Николай Францевич Вишневский өзінің ерекше тапсырма жөніндегі қызметкері Сотниковтан толық мағлұмат талап етеді.

Ал, Сотников Айғаным мен Тумырза арасындағы келіспеушілікті тез арада реттеу үшін жанталасып жұмысқа кіріседі. Сондағы анықталған, немесе анықталуға қажетті мәселелер қандай еді? 30.04.1824ж. Сенат белгілеп бекіткен Атығай, Керей, Уақ қоныстанған елді мекендерден Айғаным ханымға және оның балаларына қанша жер (қыстауы мен жайлауы) бөлініп берілген еді және оның иемденгені қай бөлік? Жекекөл, Қарашілік, Теріс өзен сол бөлікке кіре ме? Ал сол жерлердің салығын кім төлейді, т.с.с. толып жатқан сұрақтарды анықтау аға сұлтан Әбілхайыр Ғаббасов пен Қарқаралы дуанының заседателі Юрасовқа тапсырылады. Бұл екеуі жоғарғы сұрақтарға жауап беру үшін бөтен адамдардан куәлар іздейді, одан соң жерді Сенат жалғыз Айғанымға беруді ұйғарды ма, Атығай, Керей, Уақ халқымен ақылдасты ма, артық жер қалды ма деген сұрақтардың да бетін ашулары керек. Егер артық жер болса, басқа адамдарға бөлініп беріледі. Заң бойынша қыстақ, жайлау, шабындық жерлер бөлінгеннен кейін акт жасалып, қол қойылып, мөр басылады. Сол бөлінген жердегі мал басы қоса есептелінеді. Бұл актіні Айғаным ханым көрсетпей отыр. Бар шындықты жасырып, үндемей қалуы өтірікпен озып шығам деген мақсат болу керек.

Мәселенің анық-қанығына жету, адал шешу үшін сырттан – Қарқаралыдан дуан заседателі Юрасов шақырылған еді. Ол Әбілхайыр Ғаббасовқа көмектесіп, ақыл-кеңес береді. Енді Керей Уақ болысы бұдан былай Аманқарағай округіне қарайтын болды. Бұл да жер мәселесін шиеленістіре түсті. Айғаным ханымның халықпен ақылдаспай, жергілікті басшылармен келіспей, акт жасалмай жерді бөліп беруге немесе иемденуге құқығы жоқ болатын. Тексеріс қорытындысына байланысты шығарған шекара басшылығының шешімі бойынша Қарашілік, Теріс өзен, Зер көл елді мекендерін төлемсіз пайдалану 1841 жылдың қысы мен 1842 жылдың жазында ғана ұлықсат етіледі. Одан кейінгісін генерал губернатордың өзі шешетін болады делінген. Әрірк айтқанда Айғанымның куәлігінде аталған жерлер жазылмаған. Сенаттың шешкен қаулысы және соған сәйкес шығарған генерал



губернатордың (30.04.1824) нұсқауы бойынша Ханымға бөлінген жер Сырымбеттен Борлық өзеніне дейін, Есіл бойымен есептегенде Новоникольск селосына дейінгі аралық болған. Сондықтан аталған жер аумағы Ханымға да, Тумырзаға да бірдей деп атап көрсетіледі. Осы екі адамның арасындағы талас-тартысты шешу үшін Жылғара Байтоқин (подполковник, аға сұлтан) бастаған 24 адам (би, болыс, сұлтандар) куә болып, қол қойған хаттың көп мәселені шешкендігін байқаймыз. Дауды ушықтырып, тұтатып жүрген Ханымның баласы Шеген екен. Ол Зер көл, Терең өзен, Қарашілік т.б. жерлер бізге берілуге тиіс деп байбалам салыпты. Оны қолдаған алдымен Петреченко, одан соң мәселені бейбіт жолмен шешу керек деп солқылдақтық жасаған Сотников мырза еді. Ол қолқат алайық, ризашылықпен келістіріп, қол алыстырайық деген пікірде болған.

Сотниковтың жоғарғы жаққа жазған қорытынды мәлімдемесі еш шындықпен жанаспаған. Сондықтан бастықтар алдында, халық алдында бар беделі түседі. Жер жанжалын заңды түрде шешуге бас болған Жылғара Байтоқин еді.

Бірақ мәселе әлі аяқталған жоқ болатын. Сол кездегі шекара басқармасының бастығы полковник Вишневскийге сот бөлімі Айғаным мен Тумырза арасындағы келісім шарт және оның орындалуы жайлы (18.03.1843) толық хабарлама жасаған. Бұл іспен айналысқан губерния хатшысы Сотников болды – дейді хабарламада. Ол Аманқарағай мен Көкшетау дуандарында болып, іспен толық танысыпты. Аманқарағайда бұл іспен айналысқан заседатель Назраченко болды. Оған Сотников істі бұдан былай доғар деп бұйрық берген көрінеді. Екі жақты ымыраға келтіргенімен мәселе Тумырзаның пайдасына шешілмейді. Екі жаққа қол алыстырып, көпшілік мәселелер ауызша шешіледі. Сондықтан келісім солқылдақ оның заңдылығы шалағайлау болып шығады.

Осы жағдайдан кейін Көкшетау дуанына Жылғара Байтоқин, Уақтың билері, Тумырза Құлболдин, Айғаным ханым шақырылады. Бірақ Жылғара бұл жиынға қатыса алмайды. Құлболдиннің мөрі үйінде қалып қояды. Дегенмен осы жолы бейбіт келісім жасалды. Шындыққа бас ұрып, Ханымның жеріне Сырымбет, Аю-тас, Иман Борлық аумағы және Есіл өзені бойымен Новоникольск “Редутіне” дейінгі қашықтық қамтылатын болды (Бұрын да солай болған). Бұл жерде орыс шекарасы айтылмаған еді, оны Ханым өз пайымдауы бойынша дәлелдеп береді. Барлық алып жатқан жер көлемі Атығай, Уақ, Керей болыстарына әбден жетеді. Осы жерді итеру Ханымның қолында, оны заңдастыру, тепе-теңдік қалыпқа келтіру сенаттың ісі.



Екі қарсыластың арасындағы дау-жанжал ақылмен шешілу керек деген пікір заңда да көрсетілген. Жер жағдайы жөніндегі араздық Жылғара мен Айғаным арасында да болады. Жылғара, Тумырза, Шеген сұлтан жер куәлігін мүлде алмаған. Ал Айғаным заң бойынша өзіне тиісті жерін кімге берем десе де, қалай игерем десе де өз еркі. Сенат шығарған үкімде Орта жүздің ханы Уәлидің жесірі Айғаным қарамағындағы жерде отырған халықпен тығыз байланыста болып, жақындасу үшін үй салып, мешіт орнатып, белгілі адамдарға жер сыйлай алады делінген. Егер Тумырза Құлболдин шағымданып жер алатын болса, онда оның маңайындағы Уақ, Керей, Атығай елдері де құр қалмауы керек. Осы мәселе шешімде ашық айтылмаған. Ханым өз пайдасы үшін Қарауыл болысын өз қолтығының астына алғаны жөн болар еді. Бірақ олай жасамады. Керей, Уақ басқа дуанға ауысып кетті. Ал Атығайлықтар бос жатқан жерлерге ие болып, көпшілігі Столяровтан жер куәлігін алып алған. Ол жердің көпшілігі Ханымның жері еді.

Тумырза Құлболдин қыстауда тұрғаны үшін Айғаным ханымға салық төлейтін болды (шешім бойынша жер жалға берілді). Сондықтан ханым жер салығын көтеруі де, төмендетуі де ықтимал. Сенат жарлығымен бекітілген бөлшек-бөлшек жердің куәлігін Айғаным ханым бұған дейін ешкімге де, сотқа да көрсетпеген екен.

Мәселенің басы ашылды. Құлболдин мен Ханым төленғұттары арасындағы талас-тартыс тоқталды. Ханымға тиісті жерге, үйге, т.б. қозғалмайтын мүлікке заң бойынша ешкімнің қол сұғуына жол берілмейді. Бірақ Сотников қазақ жерінде жүріп, осы заңды жиі-жиі бұзып тұрған. Ханым өз жеріне ие, ал одан басқа жерлерді иемдену басқалардың еншісінде болмақ. Ал жер дауын шешуде Сотниковтың бір жақты қарағаны үшін басшылар оны шақыртып алып, жұмыстан босату мәселесін көтерген (374 қор, 1 тіркеу, 863 іс. А.М.А.).

## **ЖЫЛҒАРАНЫҢ ЖЕР-МҮЛКІ ХАҚЫНДА**

Жылғара 82 ден асқан шағында дүние салды. Ол өлген соң балаларының арасында жел есіп, ел көпті. Дүние-мүлік, жер бөлісі үшін жанжал басталды. Мұсаны арадай таламақшы болып, жоғарыға шағым хаттар түсіре бастайды. Әйтеуір аяқтан шалу.

Сібір қырғыздарының (қазақтарының) шекара басқармасына Жылғараның екінші әйелі Мәтиман Күсемісқызы Байтоқинадан алғашқы арыз келіп түскен. Онда Мәтиман былай дейді: “Жылғара



1849 жылдың қазан айында қайтыс болды. Жеті баламен жесір қалдым. Күйеуімнің бұрынғы әйелінің баласы Мұса әкеден қалған барлық мұраны – жер мен мүлікті иемденіп алды, бізге және басқа туыстарына ешқандай бөліс тимей отыр...” Міне, шайпау мінезді тоқалдың арызы осындай. Бұл арыз шекара басқармасынан асып облысқа, генерал губернаторға дейін жеткен.

Жылғараның Әлібек деген ұлы да жоғары жаққа ағасы Мұсаның жер бөлісуі жөнінде шағым жазған (А.М.А., 345 қор, 1 тіркеу, 282 іс.).

Алауыздық екі ру арасында ғана емес, әр ру ішінде де болатын жайт. Әр руда ала аяқ ұры да, бас кеспе қарақшы да болары анық. Бұл халқымыздың қанына сіңген әдеті мен дәстүрі сияқты. Міне, осылар елді жікке бөліп араздастырады. Ал, Жылғараның Әлібегі ешкімге ырық бермейтін, өз дегенін істеткен адам болған дейді ел аузында. Елуінші жылдардың басында Көкшетау дуаны Тобыл губерниясына қараған екен. Жылғараның мұрасын – имениесін (жерін, мал-мүлкін) артындағы қалған ұрпағы бөлісе алмай арыздан-арызды Тобыл губерниясының басшыларына да жаудыртады. Арыз иелері Жылғараның балалары: Тұрлыбек, Еслямбек, Ешмұхамбет, Досмұхамбет, Темеш, Әлмұхамбет болатын. Әкесі қайтыс болғаннан кейін қалған мұраны үлкен ағасы (әкесі бір, шешесі бөлек) Мұса бар дүниесі өзі иемденіп алғанын, қалғандарына билетпегенін айтып шағымданады (А.М.А., 345 қор, 1 тіркеу, 252 іс.).

Орынбордағы дін басқармасы Петропавлдағы Ахуны-Сейфуллинге осы істі аяқтауды тапсырған болатын. Бірақ ол бұл мәселеге араласпады, араласса да оның қолынан келмейтін еді бұл жұмыс. Үйткені жер дауы, жесір дауы мұсылмандарда билермен ғана шешілетін. Бұл жағдайды орыс императоры да қолдаған, мойындаған. Ал, билердің ісі де әрқашан қанағаттандыра бермейді, кейбірі сауатсыз, кейбірі мәселені шешерде байлар жағына бүйрегі бұрып тұратындығы және бар. Егер мәселені Ахун Сейфуллин қарайтын болса шарифат жолында да, заң жүзінде де тең ұстап тексеруі қажет деп Жылғараның балалары шарт қойған. “Ахун” – тәуіп, діни адам, діни басқарманың жергілікті жердегі сенімді өкілі. Әлібектің Көкшетау дуанына жазған хаты аяқсыз қалмаған сияқты. Көкшетау дуанынан Мельников деген келіп, істі тереңге жеткізбей, жай-жапсарын ашпай сипап қана өткен. Мұсаның төңірегінде әңгімелесіп, өз басшыларына Ахунның берген шешімін, өзінің ұсынысын Петропавл қалалық полициясына қол қойғызып, мөрін бастырып растады деп хабарлайды. Мәселе осымен тәмамдалған сияқты болады.



Халық енді айтқанға көніп, айдағанға жүретін кезден өтті. Атқаны жетіп, айтқаны өтетін хандық заман құрылды. Айызын қандырып айтатын айыр көмей, жез таңдай, әділ шешімін шығаратын билерден де билік кетеді. Қит етсе Патша жеңдеттерінің аузына қарап адалдықты солардан іздейді қазақ. Сондықтан ба, әйтеуір арыз жоғарыға шабады.

Жазылған арыздар, жүргізілген келісімдер еш нәтиже бермеген соң Андағұл-Ораз-Бәйімбет болысының бір топ билері және Жылғараның балалары (Әлібек бастаған) Орынбор қаласына барып мүсілмандардың жиналысына қатысады. Бұған дейін Жылғараның жерін бөлу мәселесі дуанда, шекара басқармасында қаралып өтеді. Бәрінің шешімі Петропавлдағы Ахунға келіп тірелген болатын. Бұл істі Көкшетау дуанының заседателі Арзамасов тексеріп, Мұсаның және оның маңындағы Шөкей, Мұжан сияқты билердің сөзіне сеніп, басшыларына былай деп хабарлайды: Жылғараның әйелі Матиман және оның балалары өз бөлістерін алыпты. Мәселен, Матиман 70 бас жылқы, 100-ге тарта қой алған, ал қара малдың басы белгісіз. Жалпы мал-мүлік төртке бөлінген, әр бөлістің шамасы басқалармен тең түскен. Кезінде дүние-малдың бір бөлігі Жылғараның үш қызының жасауына кеткен (көзінің тірісінде) деген дәлел де бар.

Жылғара бай болды. Жалғанды жалпағынан басты, байлыққа кенелді деп кінәлаудың қажеті жоқ. Ондай пиғыл Кеңес заманында ғана болды. Шынында ақымақ, ақылсыз адам мал жинай алмайды, бай болмайды. Жылғара ел басшысы: би болды, заседатель болды, аға сұлтандыққа дейін көтерілді. Жылғараның түп қазығы – Мұса. Әкесінің жолын қуған, байлығын байытқан, дәрежесін көп жыл бойы сол қалпында сақтаған да Мұса. Жалпы алғанда Жылғара тұқымы 50 жыл ел басқарды. Өзінің қартайған шағында, өмірінің соңғы жылдары Жылғара Мұсаның қолында тұрады. Әкеден балаға мұра болып жер, мал, дүние қалды. Мұсаның мал басының артуы өке кеткеннен кейінгі өсіп-өрбуі деп түсіндіріледі.

Жылғара Байтоқин өзінің тірі кезінде байлық-мұрасын болу жөнінде артына хат жазып кеткен (8. IX. 1845). Ол хаттың заңдылығы сақталу үшін шекара басқармасы арқылы расталып, оған басқарманың іс жүргізушісі Сотников, кеңесшісі Тұрлыбек Көшенов және бірнеше билер қол қойған. Одан ертеректе Жылғара өзіне тиесілі байлықты әйелдері Қаракөзге, Матиманға бөліп берген. Ондағы мақсаты Мұсаға тиесі байлыққа ешкім таласпасын деген ой еді. Әрине, бұл заңды құжат. Дегенмен кезінде Матиманның балаларын осы



құжатпен таныстыру артықшылық болмас еді. Осы істі тұжырымдап, жабуды заседатель Мельников аяқтауға тиіс болатын.

Жер дауы Жылғараның туыстарының төңірегінде үш жылға созылады. Көкшетау дуаны, Ахун Сейфуллин, Сібір Қырғыздарының шекара басқармасы, заседатель Арзамасов, заседатель Мельников т.б. осы мәселені шешуге араласты. Көп тексерістердің нәтижесінде Жылғара Байтоқиннің қашан өлгені, қандай мұра қалдырғаны, баласы Мұсаның сол мұраны қанша және қалай пайдаланғаны, т.б. мәселелердің беті ашылады.

Осы тексерістің ұзақ сонар болып кетуі оның қорытындысындағы түрлі қарама-қайшылықтар мен әділетсіздіктер, кемшіліктер жібергендігі үшін заседатель Арзамасов қызметінен босатылады, заседатель Мельниковқа істі созып алғандығы үшін қатаң ескерту беріледі. Мәселеге генерал-адютант Анненков араласып, өзінің бұйрығымен істі жапқызып, аяқтатады.

Жылғара өлгеннен кейін (1849), оның елінде, Андағұл-Ораз Бәйімбет болысында Түгелбай деген кісі қазаға ұшырайды. Оның өлімі кісіден болды, Жылғара тұқымдарынан болды деген дүңкіл сөз дүр ете түседі. Қанішер қара жүз, сен өлтірдің туысымды, сен болмасаң сенің жендеттерің өлтірді!, - деп айғай көтереді. Оған негіз де бар еді. Алдында Жылғараның ағайындары мен балалары Мұңғаловтардың тұқымдарына қысым жасап жүрген. Жер бөлісу дауы Жылғара балаларының арасында ғана емес, бүкіл ел ішінде қырғиқабақтық туғызады. Оған қоса Жылғараның жиені Майнақов осы Түгелбайдан кілем үшін 200 сом алашағын алу керек еді, соның 100 сомын ғана қайтарыпты. Майнақов сол үйге тінту жүргіздіріп, бірнеше рет жанұясының мазасын алған. Бұның алдында осыдан бірнеше жыл бұрын жер бөлісу дауына байланысты көтерілген істі жабу үшін Мұңғаловқа еріксіз қол қойғызды деген де сыбыс естіледі.

Ел арасындағы дау-жанжал өршіп тұрған кезде Түгелбай Мұңғалов қазаға ұшырады. Оны өлтірген Мұсаның төрт жұмыскері және Төленғұт Шағырай Бөгенбаевтар да ішінде болыпты-мыс, - деген сөздер де шығады. Осы мәселелердің анық-қанығына жету үшін Түгелбайдың ағасы Жантелі жоғарғы жаққа арыз түсіреді. Арыздың жобасында кісі өліміне кінәлі Байтоқиндер екенін ашық айтады, оны дәлелдермен келтіреді.

Бұл аты шулы істі шекара басқармасының бастықтары полковник Спиридонов, одан кейін генерал-майор Клейт қозғал, бірнеше рет тексертіп, тексеріс қорытындысын сұратады. Іс негізінен Көкшетау дуанында қаралып, Мельниковтың басқаруымен жүргізіледі. Бірақ арыз ислері оның қорытындысына қанағаттанбайды. Батыс Сібір



генерал губернаторы осыған араласып, істі Петропавл қалалық полициясы арқылы өткізуді ұсынады.

Көп тексерістің қорытындысында шекара басқармасы мынадай ұсыныс жасайды. Бұған дейін Мұса Жылғариннің төңірегінде “Әке мұрасын” дурыс бөлмеді деген туыстары арасындағы өз ара тартысқа Түгелбай Мұңғаловтың өлімінің қатысы барлығы дәлелденбей отыр. Заседатель Мельников мәселені дәлелдей алмады ма, әлде дәлелдегісі келмеді ме әйтеуір, істі жауып тастады. Осы жағдайды арыз иесі қайта көтеріп отырғандықтан бұл істі тексеруге басқа чиновниктер жіберілетін болды. Жантелі Мұңғаловтың арызы бойынша тексеріс екі мәселені анықтауы керек.

1) Түгелбайды өлтірген кім? 2) Мұңғаловтарды Байтоқиндер жерден ығыстырды ма? Қайта тексерісті басқарған Омбы облыстық басқармасының ерекше жағдайлар жөніндегі чиновнигі Квашкевич болды.

Аталып отырған іс 1853 жылдың басында аяқталуға тиіс еді. Бірақ мәселе келесі жылға дейін созыла береді. Жоғарғы жаққа Айбөбек Таңғатпаева да шағымданған екен. Бөкенбаев деген адам қарызға алған малдарын иесіне қайтармай отыр. Оған қоса қорқытып қысым жасайды делінген шағымда. Айбөбектің арызы алдымен болыс Шопановқа түседі. Дәл осы кезде Мойнақовтың әйелі үйінен қашып кетеді. Ал Муалов деген адам осы жанұяға тиісіп қол салған, т.с.с. күнделікті күйкілжін өмірде келеңсіз жағдайлар көбейе түседі.

Осы мәселелер жөнінде заседатель Голицин және болыс Шопанов жақсы хабардар, бірақ жазбаша арыздар болмағандықтан іс аяқсыз қалып жатыр делінген архив деректерінде (А.М.А., 345 қор, 1 тіркеу, 282 іс).

Жылғараның жер-мүлкі жайындағы ағайын арасындағы арыз-шағымдар аяқсыз қалған сияқты. Кісі өлімі де, жазықсыз жәбірлеу, т.б. ел арасында болған келеңсіз жағдайлардың беті ашыла қоймағанға ұқсайды. Мұсаға және оның жақтастарына жабылған жала дәлелсіз болған. Оған қоса Мұса бай адам, дәрежесі де басқалардан биік тұрды. Арыз-шағымды тексерушілер де бұл жағын ескерген болар.



## МҰСАНЫҢ ҚОНЫСЫ

Жылғараның үлкен ұлы Мұса ата мұрасын сақтап, бар байлықты да, билікті де иемденген адам. Әкесі барында да, ол фәни дүниеден өткеннен кейін де Мұсаның аты шығып, дәрежесі көтеріліп, ел арасына кең тарады, патша ұлықтары да онымен санасып, айтқанын орындап отырды.

Елуінші жылдары (XIX ғ.) ағаштан жаңа үлгідегі үй салу салтқа айнала бастаған сияқты. Әрине, табиғаты қатан, сықырлаған 30-40 градусқа жететін аязды өңірімізде жылы үйде тұру кімге болсын қолайлы, әрі қажет-ақ. Ағаш үй салу бұдан бұрын да болған, бірақ талдан тоқып, не сырғауылдан құрып, екі қабаттап, арасын көң-балшықпен толтырады, сыртын сары балшықпен сылайды, сосын ақталады. Бұндай үйдің төбесін шыммен (шөбімен ойылып алынған жер қыртысы) жабады. Жаңа үлгі деп отырғанымыз ағаш бөренеден үйді қиып салу және төбесін қаңылтырлап жабу, орамын жасау, т.с.с. Бірақ оған ауқатты адамдардың ғана қолы жеткен. Мәселен Көкшетау дуанының төңірегінде жаңа үлгімен ағаш үй салу төре тұқымдарынан бастау алды деп айтуға болады. Қарағайлы ну орманның ішінде отырған, орыс ұлықтарымен жақсы қарым-қатынаста болған Айғаным ханымның қарағай бөренелерінен үй қидырып салғызуды тегіннен тегін емес. Атам заманнан келе жатқан кигіз үй өз қасиетін бүгін де жоя қойған жоқ. Ол жазда салқын, ал ағаш үй қыста жылы. Сондықтан екеуі де өз орынында пайдаланылып келді, әлі де көп жерлерде қатар пайдаланылуда.

Киіз туырлықты қазақ осы кезде үй салып, егін егіп мұжыққа айнала бастады дейді тарихшылар мен жазушылар. Шындығын айтсақ бұл кер заман емес, біздің қазақтар үшін ілгерлеу заманы деуге де болады. Бірақ байтақ жерді бос жайлаған ел енді патша қыспағына түсіп, құнарлы жерлерінен айырылып, бастарына қиындық түсе бастағанын да сезгендей болды.

Есілге қарағай бөренелерді ол кезде Саумалкөлден тасыған. Саумалкөл өгіз мүйізіне ұқсап имек келген көл, жиегінде елді мекен жайғасқан. Кейін оның аты Володаровкаға өзгеріп кетеді. Осы жерден Сырымбетке дейін қарағайлы ну орман болған. Сырымбет екі өркешті келген жатаған тау. Табиғаты сұлу, хан ордасы орнаған, Айғанымның қонысы болған, оның баласы Шыңғыс туган, немересі Шоқан өскен қасиетті топырақты жер.

Сойтіп, Мұса әкесі өлгеннен кейін жаңа үлгідегі ағаш үй салуды ойластырады. Мұса 1850 жылы Шекара басқармасынан үй салу





жөнінде ұлықсат сұрап, хат жазады (А.М.А., 345 қор, 1 тіркеу, 1880 іс). Барлық билік патша әкімдеріне көшкендіктен ағаш кесу, үй салу солардың ұлықсатымен орындалатын болған. Есептей келіп Мұса әкесінің қара орынына жеті үй салмақ ойы болады. Алдымен сол құрылыстың қағаз бетіндегі жобасы (сметасы) жасалады. Жоба бойынша жеті үйге 1400 бөрене дайындалу қажет болған, жер аумағы да белгіленеді, қажетті құрал-саймандар жиналып, үйлердің өлшемі (чертежі), кескіні суретпен көрсетіліп, мөрмен расталады. Осыдан кейін ғана жоғарыдан ұлықсат куәлігі толтырылады. Өзіне арнап салғызған үйінің алғашқы планы (сызығы) бойынша “саженмен” берілген өлшемі, үйдің сырт көрінісі (фасады), іргетасы (табан фундаменти) бойынша ауданы көрсетілген. Кең көлемді ауласында үлкен қора, албар – жем, бидай сақтайтын орын, атқора, монша, жазғы айларда тамақ дайындайтын асхана орындары жоспарланған.

Мұсаның қонысы – Жылғараның жайлаған жері: Үлкенкөл, Қарағайшілік, Теренсай, Сарыкөл Сарықамыс, т.б. атты мекенді елдер. Осылардың барлығы аталып, қағаз бетіне түскеннен кейін шекара басқармасына хабарланған. Осындай құжаттарға қол қойған аға сұлтан қызметін сол кездегі атқарушы Сұбыхан Тоқтамысов деген адам екен. Алғаш ол чиновниктердің іс-қағазын жүргізуші қызметін атқарған.

Поручик Мұса Жылғариннің жазған хатына Көкшетау дуанының шаруашылық бөлімі оған үй құрылысын жүргізу жөнінде бірнеше бұйрықтар мен нұсқаулар жіберіп, ақыры ұлықсатын берген. Мәселен Есіл өзенінің жағасын қуалай салынатын құрылысқа арналған жердің аумағы: ұзындығы шамамен 120 шақырым, ені Есілден екі қанатын қоса есептегенде 40 шақырымдай. Табиғаты тамаша, ерке Есілдің жағасы, түгін тартса, майы шығатын шұрайлы, шүйгін жерге ағаш үй салса, бұл өңірдің одан сайын көркейтіндігі сөзсіз.

Ерке Есіл жөнінде Сегіз сері өзінің “Көк Есіл” өлеңінде жырлаған еді.

## **КӨК ЕСІЛ**

Көк пірім Есілім,  
Жағанда аяқ көсілдім.  
Шомылмақ болып суыңа,  
Балқашыңда шешіндім.



Орталық Арқа жерінен,  
Ағасың төмен құлдилап.  
Абылай аспас белінен,  
Жылжисың бері ылдилап.

Жарқабакқа соғылар,  
Дауыл тұрса толқының.  
Қуғын көрген мен дегдар,  
Жағанда талай толқыдым.

Табиғатың тамаша,  
Көз салып пенде қараса!  
Тоғайың ну өсіп тұр,  
Үйеңкі, қайың таласа.

Ойдым-ойдым қарасу,  
Алабында орнаған.  
Құс қонған айдын ду мен шу,  
Орманға жағаң оранған.

Құрағың көкше сусындап,  
Қазине мата секілді.  
Суыңды ішіп сусындап,  
Тұлпар ат ойнап секірді.

Құрылыстың жоспарында үй мен үйдің арасы, мал қоралары, монша т.б. есепке енген, әр үйдің бөлмелерінің саны мен көлемі чертежбен көрсетілген. Мәселен Мұсаға арналған үй төрт бөлмелі, ал қалған Жәнібекке, Дауытпайға т.б. арналған үйлер шағындау – екі бөлмеден ғана тұрады. Шекара басқармасы, Көкшетау дуан басшылары Мұсаға мыналарды ескертеді: Кесілетін қарағай бөренелерінің мөлшері салынатын үйлердің санына сәйкес болсын, бөренелерді бөтен біреулер пайдаланып кетпесін; жаңа салынған үйлер басқа адамдарға сатылмасын делінген. Сөйтіп, бұл жөнінде жоғарғы жақ Мұсадан қолхат алады. Үй құрылысының жұмысы басынан аяғына дейін чиновниктердің бақылауында болған.

Бір жағынан алғанда, айта кеткен жөн, табиғи ағаштардың (орманның) үнемделуі мен сақталуына сол кездің өзінде үлкен мән берген, екіншіден құрылыс, тәртібі, үйлердің өсемдігі, архитектуралық дәрежесінің өз деңгейінде болуы қатаң қадағаланған.



Архив деректеріне қарағанда аталып отырған құрылыс жұмысы екі жылдың ішінде тиянақты аяқталады. Жылғара тұқымдарына жеті үй, монша, мал қоралары орамдары салынған. Ел Есілдің ықтасын қойнауына малға да, адамға да жайлы жеріне – алқаларға жайғасады. Мал қоралары мен оның орамдары Есіл тоғайының тегін талдарынан тоқылып, әжептәуір құрылыс материалдары үнемделеді.

\* Бұдан бұрын бұл төңіректе осындай қарағай бөренелерінен жасалған үйлер болды ма, жоқ па? Ол жөнінде дерек аз. Тек, Айғаным ханымның Сырымбетте салдырған үйлері ғана айғақ скенін жоғарыда айтып кеттік.

\*\* Мұса Жылғараұлы өзіне және-туыстарына арнап бөренеден қидырып үйлер салғызды дедік. Ал оның өзіне арнап салғызған үйінің планы (сызығы) архив деректерінде сақталған екен (345 қор, 1 тіркеу, 1880 іс). Онда үйдің сырт көрінісі (фасады), іргетасы бойынша бес бөлмелі үйдің табанының аумағы, оның масштабы көрсетілген (Сажан өлшеммен).

Атығай-Қарауыл жерінде жаңа үлгідегі ағаш үй салу Жылғара тұқымдарынан басталды десек мүмкін қателеспеспіз. Дәлірек айтсақ ағаш үй салу Құдайберді руынан шыққан Жылғара баласы Мұсадан басталады демекпіз.

Мұсаның ағаш үйлерді салуына еліктеп Ораз-Бөйімбет болысының қуатты 25 отбасы 1853 жылдан бастап Батыс Сібір қырғыздарының (қазақтарының) шекара басқармасына ағаш үй салу жөнінде ұлықсат сұрап арыз жаза бастайды. Оған қоса олар егін егу – диқандықпен айналысу мақсат-ойларын да қоса жазады. Ново-Никольск әскери станицасының (бекет) қарамағындағы бос жатқан жерлерді пайдалануға болатындығын ұсынады (345 қор, 1 тіркеу, 1921 іс). Жылғараұлы Мұсаның соңғы қоныстанған жері бүгінгі Есіл ауданы Явленка поселкасының маңайы болған. Явленканың өзіндік шежіресі бар, тарихы бар. Әркім, әр қилы айтқанымен негізгі мағанасы бір боп шығады. Дегенмен тарихи деректерге сүйенейік.

Он тоғызыншы ғасырдың аяғында Ресей жерінен көшпенділер-крестьяндар келе бастағаны белгілі. Мәселен 1879 жылы Мусино мекеніне, яғни Жылғара тұқымдарының тұрағына орыс көшпенділері келіп, осы жерді жалға алған екен. Бұл қоныс Мұсаның жері болғандықтан орыстар “Мусино имение” деп атап кеткен. Орыстар бұл жерді жыртып, егін егіп қоныстанады, үйлер салады. Соңында бүгінгі Явленка селосы пайда болады. Сол кездері орыс крестьяндары жерді жалға емес, бас еркімен иемдену үшін Ресей Императорына

\* Жапсырма бет. 5-6-суреттерді қараңыз.

\*\* Жапсырма бет. 9-суретті қараңыз.



хат жазады. Ақырында Ақмола губернаторы бұл жерді Жылғариндердің қарамағынан алып, көшіп келген орыстарға пайдалануға бергіздіреді және бұл елді мекенді “Явленный” деп атауды ұсынады. “Явленный” деген сөз “жаңа келгендер” мағанасын білдіреді. Сол кезде Явленный болысы құрылған. Бірақ қазақтар Явенка демей “Мүсін” деп атап келген екен. (Книга “Страница летописи Родного края”, СКО. Стр.50,51).

Енді атақты жазушымыз Сәбит Мұқанов өз шығармаларында Мұсаның тұрағы – Явенка селосы жайында өз естігенін жазып кетеді. Біз оның мазмұнын өзгертпей беріп отырмыз. “Есіл өзенінің бойында, орманды биік жарқабағында Жылғараның Мұсасына ежелден қыстау болып келген жайлы жердегі елді Көкшетау дуанының аға сұлтаны Шыңғыс жәмшік жолының үсті, бекет саламыз деп сылтау тауып батыс жаққа қарай көшірген. Одан соң осы жерге көшпенді орыстарды қоныстандырған. Қазақтар бұл жерді көпке (бертінге) дейін Мүсін деп атап келген, ал орыстар Мусин деп кеткен, ал мағанасы Мұсаның қаласы дегенді білдіреді”, – дейді Сәбен.

Явенка селосы бұл күндері Есіл ауданының орталығы, қаладан (Қызылжардан) 80 шақырым жерде орналасқан бірнеше мың халқы бар мәдениет ошағы, қасиетті қоныс.

1884-1885 жылдары Мұсаның қонысына Ресейден көшіп келген крестьяндарға жер бөліп беру науқаны жүргізілген еді. Батыс Сібірдегі мемлекет мүлкін басқару басқармасы Батыс Сібір дала генерал-губернаторына және Петропавл уезінің басшыларына жер бөлу мәселесі жөнінде түсініктеме мен ұсыныс хаттарын жібереді. Алдымен Мұса қонысының жобасы – планы түсіріледі, әр адамға 18 десятина (шамамен 18 гектар) жер бөлінеді. Орыс-казактарына (станциядағы) 3 гектар ағашты жер қоса-артық беріледі, крестьян шіркеуіне -99 га, қалған жерді жергілікті халыққа бөлініп берілісін, бұрынғы жоба бойынша, делінген хатта.

Мұса қонысын есептеп, планын түсіре келе 11810 га құнарлы жер, 12427 га құнарсыз (қолайсыз) жер деп танылады, 343 га жер крестьяндардың ағашты алқабы деп бөлек санайды. Сайып келгенде осы аумаққа 656 крестьян көшіп келіп орналасқан, сөйтіп олар 11808 га жерді иемденген екен.

\* Батыс Сібір дала генерал-губернаторы (Омбы қаласы) Ақмола губернаторына (11.02.86) мән-жайды түсіндіріп хат жазыпты. Крестьяндарға Мұса қонысынан жер бөліп беру, жөніндегі іс қағаздарды т.б. құжаттарды бекіткендігін хабарлайды. (Қор 369, 1 тіркеу, 6459 іс).

\* Жапсырма бет. 10-суретті қараңыз.



## ҚАЗАҒЫМ

Бар жерді күннен-күнге алып жатыр,  
Біреулер алып қала салып жатыр.  
Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы  
Жерінен аузын ашып қалып жатыр.

Тасталық болыстыққа таласуды,  
Таласып жаман көзбен қарасуды.  
Мың-мыңның төгілуі жетер енді,  
Ізделік аққан бұлақ – қара суды.

*Мағжан Жұмабаев*

## ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ ЖӘНЕ ЕЛ ТЫНЫСЫ

Атығай еліндегі алты болыстарды 1858 жылдары басқарған Сандыбай Шопанов (Андағұл-Ораз-Бәйімбет болысы), Жанат Қазықанов (Қылды-Ноғай болысы), Күсеп Құлатаев (Ақкиік – Құлансу-Қойлы болысы), Жандос Салпықов (Андай-Рсай болысы), Тұралы Ғаббасов (Бабасан-Бағыс болысы), Көкен Жандаев (Бабасан-Бағыс болысы) сол кездегі формалы тізімге жазылған екен. Болыс басшылары белгілі еңбекақы алып тұрған, жастары 40-45 аралығында, кейбірінде патшаның медальдары және әскери дәрежелері болған. Мысалы Тұралы Ғаббасовтың майор дәрежесі бар, 1854 жылы Көкшетау дуанының аға сұлтаны болып сайланыпты (345, 1, 692).

Елуінші жылдардың аяғында Данияров Тохватулла деген адам орыс патшасы Александр Николаевичке хат жазыпты. Онда: “Көкшетау дуанындағы Андағұл-Ораз-Бәйімбет болысы мені молла етіп сайлады. Әкем Оразов сол елде мешіт салды. Мен діни семинарияға барып емтихан тапсырдым. Бас муфтидің қолы қойылған куәлік алдым. Сондықтан моллалық қызметім тиянақты болу үшін Сіздің бекітуіңізді сұраймын, яғни қол қоюыңызды өтінемін...”,- делінген. Бұл хатпен айналысқан Батыс Сібір басқармасы мәселені шешуді кейінге қалдырыпты. Үйткені Оразовтар төңірегінде арыз-шағымдар, жанжалдар сол кезде аз болмаса керек.

Енді алпысыншы жылдардан бері қарай оралсақ, Көкшетау дуанының аға сұлтаны Құспек Таукин деген адам болыпты. Бірақ



ол өзінің сайланған уақыты бітпей 1863 жылдың орта кезінде дүние салады. Оның орынына полковник Шыңғыс Уәлиханов ұсынылған және сайлауға дейін аға сұлтандыққа тағайындалған, Мұса Жылғарин кандидат болып қалады. Олар Күспек Таукиннің алдында да аға сұлтан қызметін атқарған еді.

1866 жылы Көкшетау дуанының кезекті сайлауын өткізу науқаны басталады. Бұл жылғы сайлауға түскен тағы да екі кісі — полковник Уәлиханов пен капитан Мұса Жылғарин жарысқа түсіп қатысатын болады. Сайлаушылар саны барлығы — 602 адам, оның қатыспағаны — 176, бірақ 113 адам қолқат (доверенность) беріпті, дәлелсізі — 63. Сайып келгенде сайлауда дауыс бергені — 539 адам. Сайлаудың қорытындысында көбірек дауыс алып, жеңіп шыққан Шыңғыс Уәлиханов, одан соңғы дауысқа ие болған Мұса Жылғарин еді. Заң бойынша Шыңғыс Уәлиханов — аға сұлтан болып өтпек, ал Мұса Жылғарин заседатель болып сайланбақ. Соңғысы тек заседатель ғана емес “кандидат” деп аталады. Ол кез-келген уақытта аға сұлтанның орнына отыра алады деген сөз. Бірақ мәселе бұл жолы керісінше шешіледі.

Мәселенің мән-жайы былай болған. Дәл осы сайлауға Батыс Сібір әскери басқармасының Генерал-майоры Фон Фридрих қатысып, Шыңғыс Уәлиханов басқарып тұрған кездегі Көкшетау дуанында болған келеңсіз жағдайларды ортаға жайып салады. Берілген 90 тапсырманың көпшілігі орындалмағаны, яғни барымта, ұрлық, кісі тонаушылық, кісі өлтіру, жер дауы, жесір дауы сияқты мәселелердің көбейіп, оның дер кезінде анықталып ашылмағаны, алға тартылады. Сайлау қорытындысын жоғарғы жақ бекітпейінше, ол өз күшіне енбейтін болған. Фон Фридрихтың хаттамасына сүйенген Батыс Сібір Генерал-Губернаторы Дюгамель (сайлау жөніндегі заңның 931 құжатына сүйеніп) Көкшетау дуанының аға сұлтаны етіп Дворян Мұса Жылғарин бекітілсін деп бұйрық береді. Сөйтіп Мұса келесі сайлауға дейін аға сұлтан болып қалады. Бұл сайлауға Жақып Уәлиханов пен Шаймерден Жылғариндер де қатысып, жарысқа түскен.

Сайлау алдында 1866 жылы Көкшетау дуаны бойынша аға сұлтандыққа және оған кандидаттыққа (немесе заседательдігіне) үміткер адамдардың тізімі жасалған. Ол тізімде алдымен төре тұқымдарының өкілдері — сұлтандары жазылған: Шыңғыс Уәлиханов, Шеген Уәлиханов, Қанғожа Уәлиханов, Жақып Уәлиханов, Әлдеаман Уәлиханов, Құрманбай Қанғожин, Әбен Уәлиханов, Қараби Шегенов, Сабалақ Уәлиханов, Мұстафа Төртаев, Сұлтанғазы Шегенов, Жүсіп Бегалин.



Одан соң Дворян тұқымы Жылғара Байтоқин ұрпағы аталған, олардың фамилиялары бір – Жылғариндер болғандықтан тек аттарын ғана атап өтейік: Мұса, Әлібек, Жәнібек, Тұрлыбек, Есенбек, Ешмұхамбет, Аю, Төре, Жетпіс, Дауытпай, Сұраған, Сауытпай, Қалыбай, Ибрай, Тілеуберген, Тілеуғазы, Арық, Жәңке, Мұстафа, Мұхаметжан, Шаймерден, Әлмағанбет, Жүсіп, Жақып, Барақпай. Аталып отырған тізімде Жылғара ұрпағынан 25 адам ілігіп отыр. Біздің пайымдауымызша оның алғашқы оны Жылғараның өз баласы да, қалған он бесі немерелері болуы мүмкін, үйткені фамилиялары бірдей – Жылғариндер.

Бұл тізімде Атығай мен Қарауылдың басқа болыстарынан да адамдар тіркелген екен, барлығы 164 адам. Осы тіркелудің бір бөлігі билер. Әр болыстың билері ел арасында сыйлы, құрметті адамдар, олар сайланып қойылған, ел ішінде билік жүргізетін, дау-дамайларды шешетін, кәдімгі сот жұмысын атқаратын адамдар. Бұлар да аға сұлтандыққа оның орынбасарлығына сайлануға құқығы бар, сондықтан да олар үлкен тізімге ілігіп отыр. Андағұл – Ораз – Бәйімбет болысындағы осындай билерді атап өтейік, олар: Сандыбай Шопанов, Әшім Бөгімбаев, Атымтай Сандыбаев, Құсайын Әленов, Шал Әділов, Салық Шопанов, Бәйтен Еренов, Жаңбыршы Боқаев, Мүсіреп Талғазин, Кенжеәлі Данияров, Жаулыбай Шегенов, Шәукар Бердин, Жабай Мыңжасаров, Шоқат Құдайбергенов, Тлеміс Сарин, Токсанбай Сасықов, Қуан Ахмадин, Нұртай Бектасов, Тайшық Мыңтаев, Ақтан Жолымбетов, Жанбатыр Ботанов, Бекқожа Танин, Көбе Қунақов, Әлібек Балғадыров, Бадана Мыңбаев, Пішпай Сайспақов, Сейтен Кенжебаев, Бекцентай Жаулыбаев. (345, 1, 1818).

“Бір жоқ, бір жоқты табады” дегендей Жылғара мен оның тұқымдарын іздеп жүргенде өз атам – би болған Бадана Мыңбайұлын архивтен кездестірдім.

Бадана менің ұлы атам, яғни атам – Шегеннің әкесі. Шегеннің би болғанын марқұм әкесі – Қадірәлі және көзін көрген көне көз қариялар: Бопат, Зікірия, Серәлі, Ерғали, Әбіл, т.б. айтып отырушы еді. Бірақ Шегеннің әкесі, Бадананың би болғанын ешкім білмейтін. Сол архив құжаттарында Бадана бидің мөрінің таңбасы да табылды. Онда “Бадана, Мыңбый” деген екі сөз арабиша жазылған, 8 қырлы фигура, аумағы сақинадай, мүмкін сол мөрді сақина қылып қолына тағып та жүрген шығар. Сол кездері кез-келген сұлтанның, болыстың бидің мөрі бола бермеген тәрізді. Көпшілігі мөрдің орынына бармағының таңбасын басып, немесе қаламмен дөңгелетіп жазып, бір белгі қалдырып отырған.

Жылғара Құдайбердіден тарайды, ал Бадана Бәйімбет тармағына жатады.



Кейбір деректерде Нарбота болысының, ауылының болғандығы көрсетіледі. Билік құрып, би болу арғы атамыздан келе жатқан мұра сияқты құбылыс. Бадана есептей келсек 1866 жылдары би болған, Жылғараның Мұса, Әлібек деген балаларымен шамалас өмір сүрген адам екен.

Көкшетау дуанында аға сұлтан қызметін атқарған адамдардың тізімі және уақыты:

1. *Ғұбайдолла Уәлиханов – 1824, 1832-1838.*
2. *Жылғара Байтоқин – 1824-1826, 1838-1841.*
3. *Тоқтамыс би – 1826-1827.*
4. *Абылай Ғаббасов – 1829-1832.*
5. *Әбілқайыр Ғаббасов – 1841-1845.*
6. *Маңдай Тоқтамысов – 1845-1851.*
7. *Әбдіғафар Маңдаев – 1852-1854.*
8. *Пірәлі Ғаббасов – 1854-1857.*
9. *Мұса Жылғарин – 1858-1860, 1866-1868.*
10. *Шыңғыс Уәлиханов – 1860-1862, 1863-1866.*
11. *Күспек Таукин – 1862-1863.*

## МАҢДАЙ БАТЫРДЫҢ ӨЛІМІ

Атығай руынан шыққан елеулі ер – Маңдай батыр. Ол Тоқтамыс бидің, би, болыс аға сұлтан болған баласы Маңдай Тоқтамысов емес, одан сәл бұрынырақ өмір сүрген адам. Маңдай батыр жер-су, ел, бостандық үшін күресті. Кезінде Марал ишан, Бахрам Шақшақұлы, Сүйір батырлармен кездесіп, өзінің Ресей отаршылдығына қарсы пікірін де білдірген.

Маңдай әділ, шешен, батыл, өз тұсындағы атақты Құрымсы би, Жылғара Байтоқин, Шал ақын сияқты адамдармен кездесіп, солардан үлгі алады. Бірақ Уәлихан өзінің айтқанына көнбей, айдағанына жүрмей қойған Маңдай батырды ұнатпайды. Кейде екеуі ашық та айтысып, кездесіп қалады. 18 ғасырдың аяғында Марал ишанды Атығай-Қарауыл, Керей-Уақ елі тіпті Татар, Башқұрт жері де муфти етіп сайлауды ұйғарады. Бірақ Уәли хан оған қарсы болады. Елді, жерді, дінді қорғап, билікті Марал ишан алып кетеді деген пиғыл Ресейде де, Уәли ханда да болады. Марал ишанды төре тұқымдары (Уәли мен Айғанымнан басқалары), бүкіл байлар, билер қолдаған. Айғаным Маңдай Батырға қарсылығын, оның Марал ишанды жақтайтындығын ері – Уәли ханға жеткізеді. Маңдай батыр түбінде төрелердің түбіне жетеді, бәрімізге күн көрсетпейді деп шағымданды





### Списокъ

лицамъ имѣющимъ право  
участвовать въ выборахъ Стар-  
шого Султана и Кондидата  
по немъ въ Кокчетавской округѣ  
августа 2 дня 1866 года

#### Султаны

Андогуль Оразъ Баймбетовелой  
волею!

Спарийи Султаны Намалымъ  
Сыдыкъ Раимхановъ

Камилманъ Хеленъ Раимхановъ

Канлошанъ Раимхановъ

Аманъ Раимхановъ

Александръ Раимхановъ

Курманбайи Канлошимъ

Абейъ Раимхановъ

Карабайи Хеленъ

Сидманъ Раимхановъ

Ахмеджанъ Морталъ

Султангазы Хеленъ

Ахмеджанъ Бегалинъ





Биш:

Андреев Александр Степанович  
Досозин

98	Воскресенский	Владимир Сергеевич
	Канаров	
99	Алиев	Богданович
100	Антонов	Сергейевич
101	Александр	Петров
102	Алекс	Александров
103	Василь	Канаров
104	Виктор	Кременев
105	Виктор	Кондратов
106	Михаил	Морозов
107	Кемелев	Давыдов
108	Олександров	Куров
109	Кавказ	Берков
110	Владимир	Степанович
111	Кондрат	Александрович
112	Михаил	Савин
113	Михаил	Савин
114	Кавказ	Александров
115	Нурман	Берманов
116	Михаил	Савин
117	Александр	Александрович
118	Александр	Канаров
119	Виктор	Морозов
120	Кавказ	Куров



121	Демішевте	Баламандыұлы
122	Бағана	Аманжолте
123	Шырман	Саманды
124	Шырман	Нелібайұлы
125	Бердешман	Тоқашұлы

Мешит:



Ст. Султана Тодкелдиқызы

Ғиндия Баширова



Ст. Султана  
Тодкелдиқызы

Даниялқызы  
Байтқызы

Заседатель,  
Топана  
Каратқызы



Бия  
Бағана  
Мынбаева



Айғаным. Ал, Маңдай батыр Айғанымға: “Қатын ел билемес, билесе де оңдырмас, күйеуіңнің билігі де жетер”, - деген еді. Тоқалының айтқан сөзін тастамай Уәли хан сонау Бурабайдағы Қызылағаштан Сырымбетке келеді. Содан Маңдай батырмен кездесудің қамын ойлайды, кісі жібереді, алдын-ала байқатады. Содан соң Уәли хан өзінің жендеттерімен (қаруланған) Маңдай ауылына жетіп келеді. Ол: “Маңдай бар ма, шықсын бері, оған айтар сөзім бар!”, - дейді.

Маңдай қаннен-қаперсіз сыртқа шығып, ханға қарай беттегенде, алдын-ала келісім бойынша, оның мойнына бұғалық тастап, жабылып ұстайды, тапа-тал түсте ауыл ортасында дарға асып, өлтіріп, кетіп қалады. Маңдайды жазықсыз өлтіртті деген хабар елден-елге тарап кетеді.

Жылғара бастаған елдің басты адамдары Қызылағашқа барып, Уәлиден Маңдайдың құнын төлеуді талап етеді. Хан бас тартады. Сонда Жылғара: “Атығай-Қарауыл, Керей-Уақ елінде бар деген мықтылардың талқысына салып, “Сенен қайтсе де Маңдайдың құнын аламыз!”, - деп бұл жолы жедел аттанып келіпті. Бүкіл елдің, бірнеше рулардың дүрлігіп Маңдай батырды жоқтауға шынымен кіріскендігін байқаған Уәли Қызылағашта жата алмады. Шығыс Түркістанға қарай бет алған Уәли ханды Тобыл генерал-губернаторының ұлықсатымен жіберген солдаттары, қуғыншылары Кереку маңында кездесіп, кері қайтарып алады. Тобыл қаласына барған, генерал-губернаторға жазбаша арыз жазған, барлық жолды, көлікті ұйымдастырып жүрген Жылғара Байтоқин жөне оның сенімді серіктері еді. Генерал-губернатордың түпкі ойы, кісі дауы емес, Уәлидің Түркістанға кетуін болдырмау. Ал, кетіп қалса “бір бүліктің” болып қалуы да мүмкін деген ой.

Уәли ханды Бурабайға түсірмей тура Сырымбетке жеткізеді. Елдің игі жақсылары жиналып, ортаға Уәли ханды алып, дауды Құрымсы би бастайды, бірақ төрелігін Керей ата баласы – Шақшақ би айтсын деп қамшысын ортаға тастай береді. Шақшақ би Уәли ханның жазықсыз ел адамын өлтіргені үшін айыпты екенін айтып, жасаған қылмысын мойнына салып береді. Шешім: “Бес ердің құны!”. Бірақ Абылайдың аруағы үшін “төрт ердің құны” болсын, біреуін кемітейік деген пікірі туады. Әділ шешім үшін Атығайлықтар Шақшақ биге арқасына шапан жауып, астына арғымақ ат мінгізіп, алғысын айтып, шығарып салған екен.

Осы әңгіме жөнінде Уәли ханға шығарылған өлеңдер де аз емес. Сегіз сері өзінің “Замана” деген толғауында былай дейді:



*Абылай ханға тартпаған балалары,  
Ел билеуге жетпеген шамалары.  
Уәли Орта жүзге хан болса да,  
Қазақтың жақтырмаған даналары.*

*Күншілдік Уәли ханда басым болып,  
Жантекейдің Ер Жөнібегін ылғи күндеп.  
Орысты қазақтарға айдап салып,  
Керей-Уақтың аууына болған себеп.*

*Хандарда Уәли төре болып пасық,  
Жазықсыз Маңдай ерді дарға асып.  
Атығай Маңдай құнын жоқтағанда,  
Шығысқа жөнеліпті көше қашып.*

*Ауғанын Уәли ханның біліп қалып,  
Тобылдың жандаралы күшін салып.  
Тоқтатқан Керекудің маңайында,  
Жіберген патша өскері тосып алып.*

*Осылай орыс досы тор құрыпты,  
Беттерін кейін қарай көш бұрыпты.  
Өздері сүйеп жүрген Уәли ханды,  
Әжеліп Сырымбетке қондырыпты.*

## ӘЛІБЕК БАТЫР

Қазақтың атақты сазгері, өнер зерттеушісі Лия Жақанов “Аққулар қонған айдын көл” атты зерттеу кітабында Ақан сері мен Әлібектің арасындағы достық қарым-қатынасына арнайы тоқтап, Байтоқиндер әулеті жайында көп деректер келтірген. Жылғараны қазақ ақсүйегі (қазақ дворяны) мен подполковник шеніне ие болған, патша грамотасын алған ірі алпауыт деп суреттейді.

Мұса кезінде Шыңғыстан кейін аға сұлтандыққа ие болған, мұсылманша хатқа жүйрік боп, орысша тіл білген. Жылғараның өзі де екі тілде бірдей жорғалап, бірде биязы, шешен көрініп, бірде тізеге басып, елді өзінен алыстатпау үшін қисынсыз жерден амал тауып отырған, сөйтіп беделі артқан адам дейді.

Жылғараның Қисық, Аю деген балалары Біржанды әрдәйім қолдаған. Әлібегі ішіндегі ең ірісі, батыр, ол Біржанмен төс қағыстырып, достық қарым-қатынаста болған, әрі замандас. Әлібек



үйінде Шөже, Тоғжан, Арыстанбай, Орынбай, Біржан сал, Шәрке сал, Ақан сері жиі жиналып салтанат құрып тұрған екен. Серілікті, ақындықты, әділ сөзді үйреніп, қарсы келген адамға қасқая қарсы қарап көзімен, сөзімен, реті келсе білегімен жеңіп шығатын батыл да, батыр да адам Әлібек болған.

Міне, ел аузынан алынған әңгіменің желісі осындай. Шындығы да, көмескі жерлері де баршылық. Шындығы – Жылғараның патшадан алған атағы, Әлібектің батырлығы жайындағы мәлімет.

Аты аңызға айналған Әлібекті елі ұмытпаған. Кеңес үкіметі құлағаннан кейін, 1994 жылы батырдың бейіті көтеріледі, зиратының басында құран оқылады, ауылында ас беріледі. Одан соң 1995 жылы Рузай ауданындағы мамандандырылған шаруашылыққа Әлібек батырдың аты беріледі. Бұл бүгінгі Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Шұқыркөл ауылының маңы еді.

Әлібек Жылғараұлы 1811-1896 жылдарда өмір сүрген, XIX ғасырдың өкілі. Ол Жылғараның Мәтиман деген соңғы әйелінен туған көп ұлдардың бірі. Әлібектің әкесі де, атасы да бай болған, би болған, ел басқарған адамдар. Жастайынан жігерлі, сүйегінде дөні бар, қиянатшыға қасқая қарсы тұрған ер боп өседі. Жылғараның туысы Құрымсы би: “Әлібек туды дегенше әлек туды десеңші”, - депті. Құрымсы Әлібектің аталас ағайыны. Құрымсының дуалы сөзі шындыққа жақындайды.

Ел арасында Әлібек жөнінде аңыз да бар. Бір аю елге малды, жанды қорқытып келе берген. Айбат шегіп адамдарды өлтіріп, маңдарды жеп кете берген. Бұны естіген Әлібек күні-түні аңдып, ақыры жекпе-жек кездесіп, аюдың қарынын қанжармен жарып жібереді, өлтіреді. Сөйтіп бүкіл ауыл аюдан құтылған екен дейді. Иә, бұл аңыз. Аңыз да тегіннен-тегін шықпайды, оған да негіз керек.

Өткен XIX ғасырда қазақ даласында үлкен саяси, тарихи өзгерістер болды. Дуандардың құрылуы миграциялық өзгерістер, көшу, қону, жер аударылғандардың көбеюі елдің тұрақтылығын бұзады. Соның нәтижесінде ұрлық, зорлық барымта елде етек алады.

Кеңес үкіметі кезеңінде аттары шыққан атақты жазушылар Әлібекті әр қырынан атап өтті. Сәбит Мұқанов Байтоқа әулетін бір жағынан мақтап кетсе, екінші жағынан Әлібекті сотқар, бұзақы, барымташыл, тентек етіп көрсетеді. Сәкен Жүнісов “Ақан сері” кітабында Әлібекті Ақанның сенімді серігі, қамқоршы қорғаны, елге қалаулы етіп суреттейді. Ақанға ол түзу мылтығын, астындағы тұлпар атын, алғыр қыран бүркітін сыйлаған мырза еді деп көрсетеді. Олардың кейбірі Әлібектің Біржан салмен де байланысын атап өтеді.



Егер Әлібек сал-серілермен аралас болса, онда оның ақындық, өнерсүйгіштік қасиеттерден аулақ болмағанын дәлелдейді. Мұсатай Ғалым өзінің “Асыл сөзінде”: “Әлібек Зілғараұлы – батыр, шешен, өз заманының көзі ашық азаматтарының бірі болған. Ол аузымен құс тістеген, алдына қара түсірмеген, атқанын құлатқан, қосқанын оздырған, істің ағын ақ деген, қарасын қара деген, ар-намысын ешкімге бермеген, құдайдан өзгеге бас иемеген кісі болған”, - дейді. Міне, бұл пікір Әлібектің батырға тән қасиеттерін шынайы көрсетіп отыр. Бұл пікірді Орынбай ақын Әлібекке арнаған өлеңінде толықтыра түседі.

Атығай, Қарауылды жауға бермей, намысын алып жүрдің талай жерден. Әлібек Жылғарадан ер боп туып, күшімен кісіліктің жауын жеңген. Осы кезде халықтың мұң-мұқтажын жоқтай алатын, кегін қайтара алатын Әлібек сияқты ержүрек білекті жігіттер қажет-ақ. Шын мағынасында Әлібек сондай жігіттердің бірі, шабылған елдің кегін, таланған малын талай қайтарып, елдің алғысына бөленген ер, батыр атанады.

Әлібек Жылғараұлы қайтыс болғанда жерлес ақын Қожамбет Ордабайұлының айтқан жоқтауы бар. Бұл жоқтауды Мақаш, Байсал ақсақалдардың аузынан жазып алған Дәстән Баймұқанов деген азамат.

*Әкесі оның Жылғара,  
Ағасы Шопан мырза еді.  
Солардан туған Әлекең,  
Атығайда құлжа еді.  
Бисмилла еді сөз басы,  
Әлекең еді қол басы.  
Сексен бесте өтті дүниеден,  
Иманы болсын жолдасы.  
Шопан мырза інісі –  
Әлекең елдің ырысы.  
Ақылменен түзеген,  
Ісінің болса бұрысы.  
Сондай-ақ туар бір бала,  
Жайылған аты баршаға.  
Бес жасына келгенде,  
Белгілі болды данышпан.  
Он жасына келгенде,  
Жүйрік мініп жарысқан.  
Он бес жасқа келгенде,  
Артық болып атадан*





Ерегіскен дұшпанын,  
Шылбырменен матаған.  
Жиырма беске келгенде,  
Ғаскер жиып, ат байлап.  
Жолдас болып Қожықпен,  
Мұқатқан жауын айғайлап.  
Отыз жасқа келгенде,  
Айға шапқан аюдай,  
Болып еді арыстан.  
Отыз бес жасқа келгенде,  
Көпірлермен алысқан.  
Алысқандар қалысқан.  
Қыран қара бүркіттей,  
Салтанат түсті халқына.  
Қырық бес жасқа келгенде,  
Тораңғұлды жайлаған.  
Елу інген мен елу биені,  
Қатарынан байлаған.  
Әлекем еске түскенде,  
Ішім оттай қайнаған.  
Патшадан алған шендерін,  
Әр жақсыға сыйлаған.  
Өзі өткен соң не болды,  
Малы кетті айдаған.  
Сарбаздары бытырап,  
Қаруы қалды сайлаған.  
Көк ат қалды белдеуде,  
Тұшпалап мықтап байлаған...

Жоқтау аяқталмаған, бізге соңы жетпеген.

Әлібек батырдың ұрпағы Медетхан Арысбекұлының өзінің бабасына арнаған үш шумақ өлеңін айта кетейік:



## Тәңірдей батыр ата сыйынамын

*...Жер ана ел нәсібі сенен болмақ,  
Құрбы-құрдас, аман жүр Тәңір қолдап.  
Көкшелінің бөктеріне көзім түссе,  
Тұрғандай жалғыз зират жерін қорғап.  
Зираттың айта кетсем құпиясын,  
Көңілді қуаныш кернеп құлпырасың.  
Ел қорғаны Әлібек батырымнан  
Аруақ аттап, қайда қашып құтыласың.  
Тәңірдей батыр ата сиынамын,  
Сәлем беріп зиратыңа қиыламын.  
Жебей жүр аруағыңмен бір мені емес,  
Атығай-Қарауылдың ұл-қыздарын.*

## ҚҰРЫМСЫ БИ

Кейбір деректерде “Құрмысы” деп бұрмалап атайды, ал көпшілік басылымдарда “Құрымсы” делінеді. Әрине, негізі соңғысы дұрысқа келеді. Құрымсы Жылғараға өте жақын адам. Аңдағұлдың бір баласы Өтемістен Табынбай туады (Құрымсының әкесі). Аңдағұлдың екінші баласы Сасықтан Жолдыбай, одан Байтоқа туады (Жылғараның әкесі). Аталас ағайындылардың арасы 7 жас, яғни Құрымсы Жылғарадан жеті жас үлкен екен. Бұл шындыққа жақындайды. Құрымсы Табынбайұлы (Шалқарұлы) XVIII ғасырдың 1759 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданында Алуа көлінің маңы Қаратал аулында туған. Ол бала кезінен алғыр, шешен, өжет болып өседі. “Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады”, - деген халық мақалы бар. Құрымсы да есейе келе өскен ортасына орай сөзі дуалы, күміс көмей, жез таңдай, сөйлесс келгенде алдына жан салмайтын “Құрымсы би” атанып, ел аузында аңыз болып қалады.

Дегенмен көкірегі ояу қарттарымыз кеткен соң Құрымсы би сияқты адамдар жөнінде қалған аңыз, әңгімелер суысып, өшіп бара жатқандай көрінеді. Құрымсы би жөнінде баспа беттерінде жарияланбады. Тек 1993 жылы Алматыда “Жалын” баспасынан шыққан “Қазақтың би – шешендері” атты екі томдық жинақ шыққан еді. Соның бірінші томында Құрымсы биге арналған аздаған беттер бар. Бұған да шүкіршілік. Құрымсы бабамыз билік айтуға, шеппендік өнерге өте ерте бой ұрған адам екен.



Андағұлдың бір топ игі-жақсылары мал дауымен қыпшақ еліне аттанады. Елдің ділмәр би-шешендерімен бірге Табынбайдың (Шалқарұлдың) тоғыз жасар баласы да барған екен. Екі жақ сөз жарыстыра бастағаннан-ақ қыпшақтың бір биі: “Елдерінде аталы сөз айтарлықтай кісі таба алмаған соң бала-шағада қалған екен-ау күндерін”, – деп кекетеді. Сонда Құрымсы бала іркілместен мына сөзді айтқан екен:

*Арғынның ұлы арысын,  
Азуым кере қарысын.  
Жақсылыққа қанысын,  
Жамандыққа шалысын.  
Берсең – бітем,  
Керсең – кетем,  
Дөнен, бесті өгіздің  
Терісінен істеген  
Шикі баспақ талысын.*

Баланың бұл сөзінен кейін қыпшақ жағының жүні жығылып, мал дауы Андағұлдың пайдасына шешіліпті.

Құрымсы есейе келе бүкіл Есіл өңіріне, маңайдағы алыс-жақын елдерге жайылған, дау-дамайды өділдікпен бітірген би атанады. Керей Тоқсан би билік айтуға енді-енді ғана кірісе бастаған кезінде өзінен көп жас үлкен атығай биінің атақ даңқын сырттан естіп, өзін бір көруге, шешендік сөздерін тыңдауға құмартып жүреді екен.

Бір жерде болған үлкен тойдан қайтып келе жатқанында әдейі ат басын Құрымсы ауылына бұрады. Қотанда жұпынылау көрінген адамнан:

- Құрымсы бидің үйі қайсы?, -деп сұрайды.
- Құрымсыны танитын ба едіңдер?, - дейді жұпыны кісі.
- Сыртынан естуші ек, өзін көрген емеспіз.
- Құрымсыда не шаруаларың бар еді?
- Не шаруа болушы еді, әңгімесін тыңдасақ деп ек.
- Анау шеткері тұрған қараша үй, өзі үйінде жоқ шығар. Үйіне қайтып оралғанша, сендер анау байдың ақ боз үйіне түсіп, аттарыңды отқа қойып, өздерің етке тойып, кешке қарай барарсыңдар, - деп сілтеп жібереді.

Тоқсан би қасындағы жігіт-желендерімен ауыл ортасындағы байдың үйіне түсіп, ас-су ішіп, манағы айтқан қараша үйге келсе, қотанда кездескен жұпыны кісі тағы да алдарынан шығыпты.

- Құрымсының үйі осы ма?
- Иә, осы.
- Өзі үйде ме?



– Иә, мына алдарыңда тұрған сол Құрымсың мен боламын.

– Япырмай, сенейік пе, сенбейік пе? “Жақсының өзін көр де, үйін көрме, бәйтеректің басын көр де түбін көрме”, - дегендей болды-ау,- деп әлгілер ыңғайсыздана бастайды.

– Ұялмандар,- дейді Құрымсы, үйге кіріңдер, сыйғаның үйде, сыймағаның сыртта отыра беріңдер. Менің даусым қайда отырсаңдар да жетеді.

Сонымен Тоқсан би Құрымсының қара лашығына бас сұғыпты. Құрымсы оларды айран, шалаппен сусындатыпты. Тоқсан би: “Қайран айран, айырылып майдан, келдің қайдан?”, - деп айранды сіміріп салыпты. Құрымсы оның сөзін жалғап: “Тоқсан би келеді дегенді Құрымсы білсін қайдан, сендер отыра беріңдер, мен бір қой сұрап келейін байдан”, - деп орнынан тұра бергенде Тоқсан би:

– Алла риза болсын, керегі жоқ, әңгіме айтыңыз, бізге сіздің дана сөзіңіз керек,- деп тоқтатып, әңгімеге тартыпты.

Бір күні Керей Тоқсан би қасына ерген бір топ кісісі бар, кезекті бір дауға бара жатып па, әлде даудан қайтып келе жатқан жолда ма, жасы үлкен қадірменді қария еді, әдейі бұрылып сәлем бере кетейін деп Құрымсы бидің ауылына соғыпты. Бірақ Құрымсы үйде жоқ екен. “Томар жаққа кетіп еді, қазір-ақ келіп қалар, үйге түсіңіздер”, - дейді бидің кемпірі. Тоқсан би түспейді, атының басын бұрып алып, томарға тартады. Тегінде, не болса да, атығайдың дымәрін, тұтқиылдан үстінен түсіп, сөзден тосылдырайын десе керек.

Құрымсы бір тізерлеп, бір тұрып бүгежеңдеп, әлде бірдеңелерді жинап, теріп, қолындағы дорбасына салып жүр екен. Көрілікке бой алдыра бастаған кезі ғой, құлағының мүкісі де болуы мүмкін, желке тұсынан сау ете түскен аттылы кісілерді байқамапты. Тоқсан би қатты дауыстап сәлем бере сала Құрымсыға тиісе кетеді. Бұрынғының би, шешендері, сөз жүйесін білетін айтқыр адамдары әдетте тақпақтап сөйлеген ғой. Тоқсан да сөйтсе керек, бірақ өкінішке қарай, оның тап сол жерде не дегені, қалай ұйқастырып, Атығайдың пір тұтқан шалын қандай сөздермен тұқыртпақ болғаны бізге жеткен жоқ. Алайда Құрымсының қайтарған жауабына қарасақ, Керей биінің сөз ыңғайы оп-оңай аңғарылатын сияқты.

– Уа, Құрымсы, сен дүйім елге даңқың жайылған би едің, Жылғарадай аға сұттан інің бар, соның намысын жыртам деп, қасына ере жүріп, талай-талай шиеленіскен дауларды бір сөзбен бітіріп кетуші едің, енді саған не көрінді, үсті-басың жадау, қара құрым үйінді көргенім анау, қыс болса әлі түскен жоқ, сонда да тышқаншылаған түлкідей томар ішінде тонқандаған бұл тірлігің не тірлік?”.



Сонда Құрымсы би іркілместен: “Теріп жүргенім – кермек, бай кісінің көзіне көрінер бір ермек. Мен сияқты кедейлер тоңқандап мұны жимаса, қыс түскенде артының ашылғанын көрмек!” – депті.

“Кермек” – өсімдік тамыры, тері бояйтын зат. Тоқсан би сәлем беріп, құшақтасып көріскеннен кейін былай дейді:

*– Уа, Құреке, жатырмысың томар қазып,  
Сөзіне бір өйелдің кеттің бе азып?  
Көңілін бір өйелдің табамын деп,  
Қиналып жатырмысың жерге жазып?*

Сонда Құрымсы би былай деп жауап қайтарған екен:

– Уа, Тоқсанжан шырағым! Томар емес, қазғаным – кермек. Жұмыссыз отырғанға бұл да ермек. Қой терісін киім қылып киер болсаң, бетіне салатын бұл – өрнек. Қой терісін киім қылып кимегенге ақпан мен қаңтар сыбағасын бермек. Дүние қадірлесен қадірлейді, адамға бір уақытта, бұл да керек. Жүргенім – тірліктің қамы үшін, өйел үшін жүргем жоқ босқа терлеп.

Сонда Тоқсан би:

– Уа, Құреке, пана едіңіз көлеңкең тиген көпке, бұлбұл едіңіз шығармайтын сөзді шетке. Қартайып кетті ме деп сынауға айттым, шүкір, жақсы екенсің, сөзімді айып етпе”, - деп Құрымсының қолын ұстап, ғапу сұрап, үйіне барып, қонақасы ішіп аттанған екен.

Жылғара мен Құрымсының бір-біріне ет жақын туыс екендігінде ешбір дау жоқ. Жылғараның әкесі Байтоқа мен Құрымсы – тетелес кісілер, екеуі де Андагұлдың шөбересі, аталары ағалы-інілі кісілер болған.

Қазақта үлкенді сыйлау – парыз, Жылғара да би ағасын қадір тұтып, әр кез болып жататын дау-дамайларға барғанында оны қасынан тастамайды екен. Сөз өнерін қуған Құрымсы би мал жиюды мансап етпеген кедей кісі болса керек, осыны ескерген Жылғара қайсыбір даудан түскен олжадан оған үлес, сыбаға беріп тұрған көрінеді.

Мынадай бір өңгіме бар ел арасында. Құрымсы би үйіне келген қонаққа соятын мал таба алмай жиі-жиі қысыла береді екен. Жылғараның ұйымдастыруымен бидің жақын ағайын-туыстары оған бір-бір қойдан мал жинап беріпті. Қарасы елу шақты екен. Құрымсы осы малын өріске шығарып, өзі бағып жүреді.

Бір күні Жылғара қорығына бөтен біреудің малы түскенін әлдекімдерден естиді де, ыза кернеген бойы атына міне сала тұра шабады. Келсе, қой жайып жүрген Құрымсы екен. Алуын басып



үлгермеген екпінмен Жылғара: “Мұның қалай, енді шалғы салайын деп отырған пішендігіме малыңды жайып жібергенің, немене, басқа жайылым құрып қалды ма?”, - депті.

Сонда Құрымсы:

*- Жылғаражан, ағаң қалып еді суалып,  
Қонақ келсе сасып қалушы еді ұялып.  
Біраз ғана қой жиып беріп едіңдер.  
Кісі келгенде отырсын деп жұбанып.  
Ағаңа бір аз ғана қой бітті деп  
Шауып келгенің бе сонша қуанып, -* депті.

Бұдан соң Жылғара: “Тілің кесілсін, тілің, сайрауын қара”, - депті де атының басын бұрып алып кете беріпті.

Ел ішіне кең тараған аңыздарға қарағанда Құрымсы би сәуегей де кісі болғанға ұқсайды. Оның айтқан болжамдары кейін расқа шығып жатады екен. Соның бір мысалы мынадай: “Уанастың жерін Тоқа алар, Тоқаның жерін соқа алар”, - депті. Мұның жайдан-жай айтыла салмағаны, түбінде бір үлкен уақиға жатқаны көрініп-ақ тұр. Уанас кім, Тоқа кім? Оның жерін “соқа алар” дегеннің мәнісі не? Жұмбақ сияқты айтылған бұл сөзге арнайы түсініктеме бермейінше болмайды.

Біздің облыстың қазіргі аумағында Есіл бойындағы жерлер түгелімен дерлік Атығайға жататын рулардың мекені болған. Атығай Қалқаш батырдың балалары Құдайберді мен Бәйімбеттен тараған ұрпақтар да күні бүгінге дейін осы өлкеде қоныс құрып отыр. Ал қазіргі Явленка, Покровка, Петровка селолары тұсындағы жерлерді әуелде Бәйімбеттің Уанасы иемденген екен. Ал, енді оның жерін алған Тоқа. Құрымсы бидің айтқаны Бәйімбеттің Тоқасы емес. Ол – Бәйімбеттің ағасы Құдайбердінің ұрпақтары. Атап айтқанда, Құдайбердінің Андағұлынан туған Сасықтың баласы Жолдыбай болса, оның екі ұлы Қаратоқа мен Байтоқаның ұрпақтары. Құрымсы бидің айтқаны – осы Тоқалар. Шынында да, мұны дәлелдейтін деректер мемлекет тарихи құжаттарында бар.

Уанас әулетінен алынған жерлер Байтоқаның немересі, Жылғара баласы Мұсаның еншісіне тиген екен. XIX ғасырдың екінші жартысында Орталық Ресейден қоныс аударып келген орыс мұжықтары бұл жерлерді өз тілінде “Мусино урочище” деп атапты. Кейін осы арада Явленка селосының іргесі қаланғандығы ілгеріде айтылды.

Мүсіннің іргесін қалаушы мұжықтар сол төңіректі жыртып, егін сала бастайды. Бұл, әрине, Құрымсы би дүниеден өтіп кеткеннен



кейінгі болған іс. Осыған байланысты ел қариялары “Тоқаның жерің соқа алар” деген осы емес пе деп, Құрымсы бидің көрегендігіне қайран қалады.

Құрымсы би айтты деген тақпақ, нақыл сөздердің ел аузында сақталған кейбір үлгілері төмендегідей:

*Мұқалған жаман дейді жақыныңнан,  
Ез болма ақыл сұрап қатыныңнан.  
Бойында берекесі бар жігіттің  
Шықпайды қатын, бала ақылынан.*

*Жабағы, тайды қорлама,  
Жазға шықса ат болар.  
Жас жігітті қорлама,  
Жұртыңа ертең бас болар.*

*Көрген сайын “сіз” десіп  
Сыйласқанға не жетсін.  
Шашылғанды бірлесіп  
Жинасқанға не жетсін.*

*Желі тұрған оңынан  
Жеті өзеннен өтеді.  
Адаспаған жолынан  
Жеті таудан өтеді,  
Арманына жетеді.*

*Адамды алдау –  
Арыңның алдында қылмыс.  
Ағаңды алдау –  
Анаңның алдында қылмыс.*

*Жол жүргенде  
Шабанға кіріптар қылмасын.  
Жолдас болсаң,  
Наданға кіріптар қылмасын.*

Ел аузындағы аңыздарды саралағанда және бұларда кездесетін кейбір тарихи тұлғалардың ғұмырнамаларына қатысты аз-кем деректермен салыстырғанда, Құрымсы биді көп жасаған кісі деп жобалауға болатын сияқты. Бірақ оның нақты неше жыл ғұмыр



кешкені белгісіз. Тек бір анығы – би атамыз XVIII ғасырдан аман өтіп, XIX ғасырдың орта шенінде көз жұмған. Қартайған шағында Токсан бимен сөз қағысуы, өзінен 7 жастай кіші Жылғараның екінші әйелінен туған Әлібек дейтін баласының дүниеге келгеніне көзі тірісінде куә болғаны жоғарыда айтылған тұжырымды қуаттап бергендей.

Ерте замандарда Андағұл елі өздерінің қайтыс болған адамдарын Алуа көлінің дөңіндегі үлкен зиратқа жерлейді екен. Басына қос қайың өсіп тұрған бұл зират қазір де бар, бірақ ол ескірген, маңайдағы ауылдар өлген кісілерін мұнда қоймайды. Ал Құрымсы биге келетін болсақ, оның сүйегі осы ескірген үлкен зиратта жатыр деуге толық негіз бар. Ендеше оған туған жерден топырақ бұйыруы, сүйегінің Алуа дөңіндегі үлкен зиратта жатуы әбден мүмкін.

## ЖЫЛҒАРА ЖӨНІНДЕГІ ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ ӨЛЕНДЕР

Жылғараның өлең жазғандығы, айтысқаны жөнінде тарихи дерек жоқ. Дегенмен ел аузында Жылғара айтты деген өлеңдер, әңгімелер баршылық. Оларды Ұлттық Ғылым Академиясының кітап қоймасына өркімдер ел аузынан жинастырып тапсырған. Әрине, Жылғара шығарды ма, әлде Жылғараға арнап басқа біреу шығарды ма ол жағы белгісіз. Дегенмен екі-үш өлеңді беріп отырмыз.

### **Жылғараның қартайғандағы айтқаны**

*Лақтайын секірген әттең он бес,  
Бұлақтайын тасыған отыз бес,  
Отызда орда бұзған ойран салып.  
О дәурен енді айналып қайта келмес.  
Қырықта қыран құстай қалықтадым,  
Елуде алды, артты ойлап тұрақтадым.  
Алпыста әрлі-берлі тәуір едім.  
Жетпісте жер таянбай тұра алмадым.  
Ей, жігіттер, енді сексен деген бір жас бар,  
Секіріп атқа міне алмас.  
Токсан деген бір жас бар,  
Толық аяқ ас іше алмас,  
Ауыл үйге кіре алмас.*





*Кәрілік шіркін жат дейді, тұрма дейді,  
Қыдырып ауыл үйге барма дейді,  
Қыдырып ауыл үйге бара қалсаң.  
Түрегеп салып бермес төрге төсек,  
Теріс қарап күңкілдер келін-кепшік,  
Осы үйде алары жоқ берері жоқ,  
Осы шал не қып жүр деп артынан.  
Қылады өсек.*

*(Папка N 573, N 3, Жинаған Жақпаев Бозтай 1946.)*

### **Жылғара өзі туралы**

*Өзім бай, өзім батыр Жылғара едім,  
Алмаған адам тілін қиқар едім.  
Халқымның қанын жауға сорғызбаған  
Айтқанын ақ сүйектің болғызбаған  
Арғында менен өткен кім бар едің?  
Базардан алып келген сары қауын,  
Өседі сары қауын жауса жауын.  
Басыңа кеңес құрар Жылғараң жоқ,  
Тұрмысың адыра қалып Көкшетауым.  
Сәлем айт Арғын, Қыпшақ адамына,  
Би сөзім болсын сана заманына  
Үй тігіп, асау сойып отырушы еді-ау  
Қақ жарып халық аралап барғанымда.  
Ауылдың қонған жері қырадан-ай,  
Өрнек іс табылады ақылдан-ай,  
Халқымның қара мойын серкесі едім  
Күнелтер қайда барып серкесіз-ай.  
Өзім бай, өзім батыр Жылғара едім,  
Және де сойлер сөзге ділмар едім.  
Көшкенде сексен нарды бос айдаған  
Артында менен өткен кім бар едің?  
Ат міндім алма мойын дөңгелентіп,  
Жиырма бес не тапты менен өтіп  
Жарлының жалғыз қара бұзауындай,  
Сексен бес ұстадың ба мәңгіретіп.  
Жақсыға зар болсын деп қой бермеген,  
Жаманға қор болсын деп ой бермеген.*



Сұңқардай бауыры шұбар жиырма бес  
Бір ажалдан басқаға бой бермеген.  
Мен жүрдім жиырма бесте салып ойын  
Саналы адам білер сөздің жайын.  
Сексен бес көк желкеге мінгеннен соң  
Халқымның көре алмадым жиын тойын.  
Халқыма бізден сәлем көп айта бар,  
Өлімнен көрілік екен берген хабар.  
Мал тапқан аттай желіп жиырма бес  
Тапты екен менен де өтіп не мархадар?  
Жайлайды арғын барып Тобылменен  
Домбыра тарттым сырнай қобызбенен.  
Басыма анық тоқсан мінгеннен соң  
Жарыстым от басында қоңызбенен.  
Жау келсе ел шетіне қамданатын  
Сөзіне ит дұшпанның шамданатын.  
Сексен бес көкжелкеге мінгеннен соң  
Берік ұстап керегеден зарланамын.  
Қошеді ауылым тура тепсеңменен  
Жылғара жолдас болды сексенменен  
Басыма анық сексен мінген жылы-ақ  
Тоқалдар араз болды бөксемменен.

(Папка 573, N 1. Жинаған Қуанышалиев М. 1938).

## **Жылғараның Әлібекке ескертуі**

Жүрмісің аман-есен Әлібегім,  
Секілді атаң сұңқар, асыл тегің.  
Аралап елдің ішін біліп жүрсің  
Көп болар көргеніңнен көрмегенің.  
Халыққа әкім болып ел аралап  
Біреудің алдың зорлап бермегенін.  
Жасым бар 85-те жылым тауық,  
Жатырмын көрілік пен есім ауып.  
Хан болып таққа мініп ел аралап  
Халқыңды кұртып барасың қойдай сауып.  
Адамға жаман екен мынау тоқсан,  
Балаларға ақыл болмайды менің бопсам.  
Сөзімді насихаттап мен сөйлесем  
Келіндер мазақ етеді, қылып сыпсаң.



*Бұрын да би болып еді дара-дара,  
Бұл күнде билер сияқты егеу ара.  
Болғанын егеу ара мұнан деп біл  
Қиналмай үстінен жейді пара.  
Болғанда таңда машқар Тәңірі алдында  
Қор болып өзің қаларсың жүзі қара.*

*(573 папканың N 5 дәптерін арабшадан аудартқан  
Мұсатай Ғалым.)*

## ЖӘПЕК БАТЫР

Жылғара Жәпек батырдың ұрпағы, оның жалғасы іспеттес. Атығай Құдайберді руынан шыққан атақты батыр қолбасшы Жәпек жоңғарлар шапқыншылығы кезінде ел қорғап көзге түскен, Абылайдың сенімді серігі болған адам. Бұл тарихи шындық, оны Шоқан Уәлиханов, Мағжан Жұмабаев, Шал ақын, т.б. дәлелдеп айтып, өз шығармаларында жазып кеткен.

Мәселен Шал ақын былай дейді:

*Құдай жақсы жаратқан нұр екіні айт,  
Елде жақсы бар болса бір-екіні айт.  
Атығайда төрт қасқа батыр өткен,  
Жантелі, Жөпек, Құлеке, Тілекені айт.*

Бұндағы Құлеке батыр Шал ақынның әкесі, ал Тілеке батыр олардың ағайыны, естектермен соғыста қаза болған. Ал, Мағжан Жұмабаев өзінің атақты “Батыр Баян” поэмасында мына жолдарды жазып кеткен.

Жолдасы Абылайдың батыр Жәпек, Қалданға ханмен бірге тұтқын болған...

Шоқан Уәлиханов өзінің қалдырып кеткен еңбектерінде Абылай мен Жәпек жөнінде мынадай-әңгіме айтады. Жоңғарлар мен қазақтардың үлкен бір ұрысында Абылай жоңғар ханы Галдан Череннің (кей жерлерде Қалдан Черен дейді) баласы Чарчамен жекпе-жекке шығады. Абылай Чарчаны ат үстінен қағып түсіп өлтіреді. Жоңғар ханы бұған ызаланып, баласын өлтірген адамды қайтсе де ұстандар, алдына алып келіндер деп бұйрық береді. “Аңдыған жау алмай қоймас”, - дегендей Абылай өзінің жақын жолдастарын ертіп аң аулауға шыққанда қапыда қалмақтардың



қолына түседі, қасында Жәпек батыр да болыпты. Галдан Черен алдына келген Абылайдан:

- Баламды қайда, қалай өлтірдің?, -деп сұрақ қояды.
- Кінәні маған артып отырсындар, балаңды өлтірген халық, мен тек халық тілегін орындаушы ғана, -деп жауап берген екен Абылай.

Галдан мұндай жауапты күтпеген еді, Абылайдың батылдығына, батырлығына, ақылдылығына іштей разы болады. Біраз қамауда тұтқында болған Абылай жолдастарымен босап, елдеріне қайтады. Бірақ Жоңғар ханы Жәпектің Сарықазак деген баласын кепілдікке алып қалады (Ш.Уәлиханов, 5 томдық шығармалар жинағы, орысша I-том 217-218 бет, Алматы. 1984).

Жәпектен Қарасай, Сейтен, Сарықазак (Күткелді), Жауқай, Жарты, Жортушы деген ұрпақтар тарайды. Сейтен батыр болған. Сарықазактың қалмақтарға бес жасында кепілдікке берілгендігін алда айтып кеттік. Қалмақтың ханы бұл баланы ұлы жоқ бір қалмаққа асырауға береді. Содан Күткелді бала Сарықазак атанып кетеді. Бала есейіп, ер жетеді, әрі мерген, әрі өжет жігіт болып шығады. Асырап алған әке бала жігіттің қайдан шыққан тегін айтып, еліне қайтуға ұлықсат береді. Түн ішінде ат-көлігін, бір қызын қоса беріп шығарып салады. Сарықазактан тараған ұрпақ Айыртау маңындағы Қоскөл, Қаратал, Кирилловка, т.б. елді мекендерінде тұрып жатыр.

Жәпек батыр жөнінде ел аузында басқа да көптеген аңыз-әңгімелер сақталған. Оның заманы, өмір сүрген ортасы белгілі болғанымен нақты қай жылы туып, қай жылы өмірден өткені туралы дерек сақталмаған. Бар шындығы – Абылаймен тұстас болған (XVIII ғ.). Өткен (2003) жылы Айыртау ауданы Казанка селосы (Жарағаш ауылы) маңында Жәпек батырға ескерткіш орнатылды. Осы жерде де, Саумалкөл маңында да Жәпек батырдың ұрпақтары мекендеп жатқан көрінеді.



## ЖЫЛҒАРА МЕН ТУЫСТАРЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Әңгіме ата тегі жайында болып отыр. Бірақ шежіре құрастыру қиынның қиыны екені бәрімізге белгілі. Ел аузындағы дүниелерді, түрлі зерттеулерді бір түйінге түйістіру әр кез мүмкін бола бермейді. Әр түрлі нұсқалар (варианттар) кездеседі, бәрін де пайдаланып, көрсеткеннің артықшылығы болмайды. Қайта келешек зерттеушілерге бұның өзі үлкен септігін тигізери сөзсіз.


Арғын, Атығай тарихын, шежіресін жазу үшін алдыменен бұрынғы өткен атышулы Сегіз сері, Шал ақын, Шоқан Уәлиханов, Қожамбет Ордабайұлы, Сәбит Мұқанов, Мағжан Жұмабаев сияқты ұлылардың еңбегін оқып, белгілі бағыт алумен айналысуға тура келді. Үйткені олардың бәрі дерлік шежіреге кезінде жанаспай өткен емес. Одан соң шежіремен нақты айналысқан ақсақалдардың өз ауыздарынан жазып алған Қаратай Биғожин (ауыз әдебиетін зерттеуші), Ахметжан Нұртазин (облыс ақыны), Дүйсенбі Әуелбеков (белгілі журналист) т.б. жазғандары пайдаланылды.

Құдайбердіден тарайтын Жылғараның тегі жөнінде біршама жазып, жинастырған сол рудың тумалары Дүйсенбі Әуелбеков пен Жоламан Сақыпкереев. Олардың жазғандарын да пайдаланып, арасында түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Сегіз серінің Атығай руы жөнінде жазған шежіресінен де қыруар деректер алынған еді. Өз заманында жазылған дүниенің шындыққа жақындайтындығы сөзсіз. Сол деректерді бізге дейін жеткізген қарияларды атасақ, олар: Шақан Жақыпұлынан (1966 ж. жазылды, Жамбыл ауданы), Салық Әлмұхамбетұлынан (Қызылжар қаласы), Қожахмет Дәрібайұлынан (Петровка селосы, 1978 ж.), Еламан Ибатұлынан (Жылғара ұрпағы Смирново селосы, 1956 ж.) т.б. алынған еді. Еламан Жылғараның шөбересі, яғни Жылғарадан Тұрлыбек, одан Ибат туады, Ибаттың баласы Еламан. Елекең өзінің аталары жөнінде көп білетін, тоқығаны, мол адам. Қаныкей, Шопан, Есней, Сегіз сері, т.б. жайында қызықты әңгімелер білген, Мұсаны көзімен көрген қария. Қорыға айтқанда Жылғара және оның туыстарының шежіресі ел аузынан, тарих пен әдебиет зерттеушілерден, кешегі өткен қариялардан жиналғандығы белгілі. Әр жерден жиналған дүниенің бір сымға тізгендей тізіліп, түзу шығуы мүмкін емес. Аз да болса кем-кетік кездесер болса кешіріп, өз пікірлерімен оқырмандар түзетіп, толықтырар деген үміттеміз.

Орта жүзде Арғынның бір тармағынан тарайтын Атығай руы негізінен Солтүстік Қазақстан оңірінде мекендеген. Атығайдан Дәуіт,



одан Қалқаш батыр туды. Бұл жерде Атығай мен Дәуіт, Дәуіт пен Қалқаш арасында қанша тома болған десек әртүрлі нұсқаларға кездесеміз. Арғы аталарымыз Арғын мен Атығайдың арасында қаншама аталарымыз болған? Біз он екі ата Атығай екенімізді жиі естиміз. Бірақ кейбір деректерде Дәуітте он екі бала болған дейді. Енді тікелей бізге белгілі бергі атамыз Қалқаштан бастасақ Жылғара мен оның тұқымдарының ата-тегіне жақындай түсеміз.



Құлымбет → (Көшқұлы, Ораз)

Ақмәліш → (Түрке, Бозыке)

Андай → (Маймақ, Тілеп)

Жемет → (Андағұл, Жұмық)

Жұмық → Тәттібай → Жәңке, Қонай батыр,

Жәңке → Жанатай батыр. Бұл екі батыр Өрнек, Өндіріс ауылдарының маңында жерленген, ал ұрпақтары сол өңірге тарап, өмір сүріп жатыр (Есіл ауданы).



(Ескерту: стрелка кім кімнен туғандығын көрсететін қысқаша белгі ретінде қолданылып отыр).



Шопанды алғаш, бала болмағандықтан, Қаратоқа асырап алады. Сондықтан кейбір құжаттарда Шопанның фамилиясы Қаратоқин болып жүр. Енді бір жерде Дәуқараны Байтоқаның үшінші баласы деп көрсетіпті. Бірақ Дәуқара Байтоқаға жиен болып келеді (апасының баласы). Дәуқараны Байтоқа қолында өсіріп, үйлендіріп, еліне – Уаққа өз ұлықсатымен жіберген екен. Жылғараның Қаныкей деген қарындасы әке-шешеден ерте айырылады. Жылғара оны тәрбиелеп, өсіріп Есенеиге тұрмысқа береді.

**Қаратоқадан** → (Иса, Зікірия, Жақия),  
Иса → Раш → (Сүлеймен, Ахмет, Елеусіз),  
Сүлеймен → (Есім, Түйтебай), Ахмет, → Мейірман,  
Елеусіз → Қабдуәли,  
Иса ұсталып, жер аударылады.  
**Жанкісі** → (Ерен, Бертшек);  
**Байкісі** → (Сарт, Мұқал, Бараба, Қолбай);  
**Шіңгір** → (Қашқынбай, Қашқын).

Енді Жылғара мен Шопанның ұрпақтарына толығырақ тоқталайық. Шопанда бес бала болған: Қосшығұл, Шорағұл, Бекі, Сәлік, Сандыбай. Ал Жылғарада он бала: Мұса, Әлібек, Тұрлыбек, Есенбек, Төре, Жетпіс, Аю, Қисық, Мұжан, Шүкен.

Жылғараның балаларының саны тіпті аттарының аталуы жөнінде өртүрлі пікірлер кездеседі. Мәселен, 13 ұлы, 3 қызы барлығы 16 баласы болыпты деген сөз елден елге тарап кеткен. Бірақ тарихи нақты деректерде (Ресей патшалығының Жылғараға толтырған құжаттарында) 10 баласы бар деп көрсетілген. Бұл деректерді, Дүйсенбі Әуелбеков те құптайды. Ал Қаратай Биғожин Қарағанды облысындағы Сәтбаев қаласында болып, (1956 ж.) Жылғараның қыздарынан қалған ұрпақтары жөнінде деректер жинап алған екен. Жылғарада 3 қыз болды дейді, олар: Ұлжан, Балқаш, Зылика. Алдымен осылар жөнінде айта кетейік.

**1) Ұлжанның** (жұбайы Айтүгел) балалары:  
Сапақ → Тыныбай → (Уәлішер, Әлішер);  
Жыртышбай → (Есенбай, Пішенбай, Жағьпар);  
Шыныбай → Есенбай → Мұхамедрахым,  
Пішенбай → (Толепберген, Боранбай).

**2) Балқаш** Біржан салға шыққан, одан Ақыл туыпты.



3) **Зылиқа** алып әйел болған Құдабай деген кісіге (түбі Керей) тұрмысқа шыққан. Батпаққа батып қалған түйені сүйреп шығарған батыр әйел деген сөз қалған.



Мұндағы Құрманғожа, Бойдақ ұрпақтары Қайранкөлде, Оразбай ұрпағы Қызылжарда, Елубай ұрпағы Айымжанда, Избасар Сәкен ұрпағы Бескөлде тұрып жатыр.

Шәріп бойшаң, ірі денелі болғандықтан оны ел “дөкей Шәріп” деп атап кеткен. Бекқожа, Тұяқ, Шайхылес, Мүсірәлі Ұлы Отан соғысында қаза болған.

Елеуке → (Тлеуке, Мұстафа, Сәмеке, Мәншүк); Тлеуке → Айша → (Теміржан, Темірғали); Мұстафа → Хасен → (Әмина, Сәлима, Кенжебай); Сәмеке → Мұқан → (Сара, Қалима); Мәншүк → (Зылиқа, Фазыл); Фазыл → (Игілік, Игіберген, Әнуарбек, Кенжебек); Игіберген → (Гүлзада, Айгүл, Сәуле); Кенжебек → (Қайырбек, Мұратбек, Тағатпек, Фатима).

Игіберген өз жанұясымен Алматыда, Кенжебек өз жанұясымен Қызылжарда тұрып жатыр.








Мұжан



Шүкей





Әлібек → (Жақан, Жүніс, Ахметбек, Махмет)

↓  
Самиғолла, Зейнолла

↓  
Ғабдолла

Есенбек → (Шарафидден, Қалке)

Аю → Қадыр

Махмет ұрпақтары Талапкер жерінде тұрып жатыр.

Дегенмен Жылығара мен Шопанның артында қалған ұрпақтары – немере мен шөберелері Кеңес үкіметі кезінде қуғындалып, айдалғаны айдауда, қамалғаны қамауда, қалғаны қашып тарыдай шашылады. Сондықтан олардың соңғы ұрпақтарының тағдыры бізге беймәлім болып отыр.

### Шопан



Ебжан → Болат, Жолдыбай;

Болат → Толыбай, Керімбай, Алтай, Асқан, Аманжол;

Жолдыбай → Марат; Мұқан → Сыздық → (Жолан, Серік);

Жүсіп → (Абу, Билял); Қасым → (Сағат, Мырзатай, Мырза, Жамбыл);

Бекжан → (Құдайберген, Қожахмет, Қоқан, Шаймерден);



Құлжан → Әубәкір → Қали;  
Тілеужан → Сағди → Рамазан → (Мақтай, Болат);  
Хамза → Елен → (Қизат, Серік, Ермек);  
Жапар → (Құсайын, Қайнолла);  
Қапар → (Атымтай, Қатымтай);  
Құдайберген → (Барам, Қосман, Фомар);  
Барам → Сәбит; Қосман → Ерсайын, Есентемір;  
Фомар → Ризабек.

Әбу Жүсіпұлы Троицкі қаласында діни семинарияда оқыған. Елде болыс та болған. Сәбит Мұқановпен жақсы қарым-қатынаста болып, қол үшін беріп, оған көп көмек жасаған адам. Ақыры 1928 жылы “Көкаралға” айдалыпты.

Шопанның Қошпығұлы қажы болған, жеріне жеті мешіт салдырған адам. Тұрған және жерленген жері бүгінгі Покровка селосы (бұрынғы Ақжар ауылы) маңында. Мақтай Рамазанұлы белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, аудан және облыс басшысы, министр, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болды.

Сасықтың бір баласы: Байкісі → Ақбұзау → (Масақ, Боранбай);  
Масақ → Түйте → (Жақып, Жақия);  
Жақып → (Ғаббас, Елжас);  
Ғаббас → (Мағаз, Мәжікен, Қуан, Естай, Сайран, Жоламан);  
Мәжікен → (Марат, Марс);  
Қуан → (Нұрлан, Қанат); Естай → Мереке;  
Сайран → Байыржан; Жоламан → (Болат, Қайрат); Жақия →

Хамен.

Боранбай → Сәрсенбек → (Есмұқан, Махамбет);  
Есмұқан → (Нұрғали, Есентай);  
Махамбет → Сағындық → Болат.

Ғаббасұлы Мәжікен Ұлы Отан соғысының ардагері. Сталинград шайқасындағы ерлігі үшін “Қызыл Ту”, “Қызыл Жұлдыз”, II дәрежелі “Отан соғысы” ордендерімен және ондаған медальдармен марапатталады және подполковник әскери дәрежесі берілген. Бейбіт кездегі ерен еңбегі үшін “Парасат”, “Құрмет” ордендерімен бірнеше грамоталармен марапатталды. Соғыс біткеннен кейін Мәжікен Ғаббасұлы мектеп директоры, аудандық партия комитетінің хатшысы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, облыстық жергілікті өнеркәсіп басқармасының бастығы қызметтерін атқарған.

Мырзагелді → (Әлдеке, Ермек, Бақтығұл, Боқан);



Ермек → Құрман, Шеген, Үмбет, Мәмбет, Дәулет,;

Құрман → (Омар, Оспан, Әубәкір, Сыздық); Омар → (Серік, Сансызбай, Алыпсақ);

Шеген → (Бұрқай, Тырқай); Үмбет → (Алдаберген, Құсайын, Ыбырай);

Алдаберген → Кенжеғали; Құсайын → (Айтбай, Жұмабай, Жұмағали, Шаяхмет); Мәмбет → Қалжан; Дәулет → Қожан; Бақтығұл → (Тілекей, Дөнен); Тілекей → (Жақып, Жүсіп, Ысқақ, Елеуіш); Жақып → (Мұхаметжан, Абдрахман); Ысқақ → Елеу → (Оралбай, Дүйсенбі);


Боқан → Мәуліт → (Әлмұхамбет, Балмұхамбет); Әлмұхамбет → Салық → Қатыран; Балмұхамбет → (Өмірбай, Аманбай, Үсен); Аманбай → (Жақа, Замат); Үсен → (Ақжан, Ботан, Қабанбай, Балапан); Ақжан → (Қанжығалы, Әйткен, Темке, Мықыр); Әйткен → Алданазар → (Қажиахмет, Нұрғали, Шайхысләм); Қажиахмет → Есләм; Нұрғали → (Тағатбек, Жұмабек); Шайхысләм → Талғат.

Темке → (Орынбай, Жақсылық, Жантуар, Айтуар, Жұмабай); Жұмабай → (Қабер, Сабыр); Сабыр → Мендіғали.

Ботан → (Темен, Еділ, Жайық, Ералы, Тынәлі); Жайық → Жоламан → Рамазан; Ералы → (Ермұханбет, Бекмұхамбет); Тынәлі → (Елдәулет, Құлмағанбет); Құлмағанбет → Есенқұл → (Сапар, Қадыр, Дәурен).

Қабанбай → (Байсары, Қараменде, Күзембай, Қылышбай, Үркімбай, Көжбен); Байсары → (Мұхаммад, Мұрат); Мұхаммад → (Құрманғали, Сейіт); Мұрат → (Қабдірашид, Серікбай); Қараменде → (Хасен, Хұсайын, Сарбас, Жақия); Хасен → Үрпек; Сарбас → Қазман; Күзембай → Қуанышбай → Темеш → Жұмағали → (Қаби, Елеш). Қылышбай → (Нұртаза, Ғабдол); Нұртаза → (Мағауия, Мұстариза); Ғабдол → (Ләйіс, Мағаз, Мауыт); Мағауия → (Өлмес, Көшпес); Үркімбай → Мұстафа → Темірбек → Көтбен → Бектемір → Әйтім; Балапан → Жаманшал → Мейірман → Ахмет.

### Қошқарбай





↓	↓	↓	↓	
Жармағамбет	Әмірғали	Мөлғаждар	Қамза	→ Шалабай,
	Темірғали	↓	Бағрам	Мағжан, Ерназар,
Сәду	Мөжен	Қуанышбай	Зікірия	Жақсылық,
	↓			Тендік, Амангелді, Ағжан.
	Қажығали			
	Файнолла			

Тендік → (Ағыбай, Абылай);  
Амангелді → (Ерназар, Мұқтар).

Әлен → Құсайын → (Омар, Сыздық, Қайдар, Оспан, Мақы);  
Оспан → Дүйсенбі; Мақы → Қабиден; Айдарбек → Қасен →  
(Нұрахмет, Шаяхмет); Нұрахмет → (Мырзахмет, Уәлиахмет);  
Айтпай → Рахман.

### Елшібай

↓

*Байсеңгір, Тайсеңгір, Бақы, Боқат, Көкен, Тегіс, Базар, Айман, Орман, Ендіғой, Таймас, Шілікбай, Қарабас (13 бала).*

Көкен → Тоқтыбай; Таймас → Шөже; Шілікбай → Дүйсенбек.  
Боқы → (Наурызбек, Төленді, Әлі); Наурызбек → Ықылас →  
(Сауыт, Сәду); Сауыт → (Әшкәр, Қабікен); Әшкәр → Еркін →  
(Ботажан, Ерік, Серік);

Төленді → Таласбай → (Нұрбай, Нұртай); Нұрбай → (Ережеп,  
Мырзағали); Ережеп → (Сансызбай, Сайран, Сәбит);

Әлі → Жолаушы → (Еламан, Әкбар, Алпысбай); Еламан →  
(Бейбіт, Бейімбет);

Тегіс → Маша → (Молдаш, Ыбырай); Молдаш → Шөріп →  
Зейнікен → (Тұрғын, Тұрсын); Тұрғын → (Азат, Әділбек,  
Алтынбек); Айман → Сарықұл → Сәттібай → (Бекіш, Ілияс); Бекіш  
→ Мұхамәди; Ілияс → (Рахымжан, Әнуар);

Рахымжан → Жекей.

Бейсеңгір → (Әуелбек, Қазыбек); Қазыбек → (Мұхаметжан,  
Ботагөз, Ыбырай, Кенжетай); Мұхаметжан → (Шөріп, Жармағанбет,  
Шәймерген); Шөріп → (Темірғали, Молдағали). Темірғали →  
(Шайзарат, Жақсылық); Шайзарат → (Қанат, Асқар); Жақсылық →  
(Нұрлан, Нұрбек, Нұржан, Ержан, Айбек, Асылбек).



Молдағали → (Шаймұрат, Шаймолда, Марат, Марлан, Нұрлан, Ерлан);

Жармағанбет → (Рахымғали, Оразғали, Нұрғали); Рахымғали → Еслямбек → (Еділ, Жайық, Ертіс, Бауыржан, Сабыржан, Ақжан). Оразғали → Тұрғын; Ботагөз → (Өтеген, Темірхан, Дәуіт, Дәулетбай); Темірхан → Өстемір → Әнуарбек; Дәулетбай →

(Омар, Оспан); Омар → (Қасым, Уәли, Баязит); Оспан → Қали; Қасым → (Болат, Талғат); Кенжетай → (Ғабдолла, Қапсәләм, Қабдрахман); Қапсәләм → Манап; Қабдрахман → (Ғазез, Аманжол, Амандық, Майдан); Ғазез → (Қанат, Жанат, Жамбыл); Аманжол → (Абай, Жабай, Мұрат); Амандық → Нұрлан, Бағдат.

Әуелбек → (Еркебай, Құрманғали, Жұмай); Еркебай → (Жексенбай, Рамазан, Бөду); Жексенбай → (Фатихолла, Ибатолла, Рахметолла, Аманжол, Қабиболла, Бейсенбі); Қабиболла → Бахытжан →

(Қанат, Самағ, Саят, Саян, Айдын, Айдос, Өміржан); Бейсенбі → (Төлебай, Серікбай, Бақтыбай, Есенбай, Қуанышбай, Жанайдар);

Төлебай → (Орал, Марат); Серікбай → (Марат, Жанат);

Құрманғали → (Садуақас, Сағындық, Әбілмажін, Малғаждар);

Әбілмәжін → Дүйсенбі → (Бейбіт, Берік); Берік (Махамбет, Арыстан,

Абылай); Мәлғаждар → (Ақырап, Мақсұт, Сапарғали, Ерік, Серік);

Серік → Сықым; Жұмай → (Жұмағұл, Жұмабай, Жұматай, Ахмет);

Жұмағали → (Сұңғатолла, Шамсүтдин); Сұңғатолла → (Сабыржан,

Амангелді, Мұрат, Дулат); Сабыржан → (Сырымбет, Жарқын,

Қуаныш); Амангелді → (Әділбек, Асылбек, Ақылбек).



*ХІХ ғасырда Арқада аты шығып, өйгілі болған Жылғара-Шопан дедік. Олардан қалған ұрпақ та аз емес, мақтан ететін, ауыз толтырып айтатын азаматтар да баршылық. Солардың бірі – белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жуырда 75 жылдық торқалы тойын атап өткен Сағдиев Мақтай Рамазанұлы. Ол – қарапайым мұғалімдіктен Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы қызметіне (дәрежесіне) дейін жоғарылаған адам. Алғашында кеңшарды басқарып, одан соң аудан, облыстың бірінші басшысы қызметтерін атқарды, республиканың белді бір министрі болды. Бұл күндері Мақтай Рамазанұлы Республика Парламентінің депутаты, Республика ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарып отыр. Ол кісінің өмір жолын өзінен артық ешкім айта алмас. Сондықтан Макеңнің «Жұлдыз» журналына шыққан мақаласын (N4, 2004 ж.) қысқартыпқырап, осы кітапқа енгізіп отырмыз.*

## **ТАБАНЫМДА ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЫСТЫҒЫ**

Азды-көпті өмірімнің тобықтай түйінін бейнелеп айтар болсам, оның негізгі мән-мағынасы ел ырысын, жалпы халық ырыздығын мәпелеген еңбекке, берекесі мен бірлігі мол саялы да аялы шат тұрмыс орнатуға келіп тоғысады екен. Ырыс пен ынтымақ. Береке мен бақ. Бұлар біздің ұлттық тіліміздегі ең ұлы ұғымдар болып саналады. Өмір-бақи осы қастерлі де қасиетті мүдделер үшін аяусыз тер төккен, аянбай еңбек еткен адам өзін бақытты санауға хақылы болса, өзім жайында мен де батыл әрі кәміл сеніммен айта аламын. Себебі, қиын асулы жолдардан өттік. Бүкіл елімізге танымал ардагер азаматтармен тізе қоса жұмыс атқардық. Елу жылдан астам тынымсыз еңбекпен өткізген саналы ғұмырымда қарапайым мектеп мұғалімінен Қазақстан Жоғары Кеңесі Президиумының Төрағасы, кеңшар директорлығынан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы немесе үлкен бір облыстың басшысына дейінгі өмірлік өсу сатыларымда еңбегім, жігерім, білімім, ар-намысым тек халқыма, Отаныма, биік ізгі мұраттар жолына арналды, сол жолда шырағдан етіп жағылды және ендігі жерде, келешек өмірде көреу жарығым таусылғанда, дәм-тұзым біткенше солалқ болмақ деп есептеймін. Бұл жылыр сөз емес, Отаны мен халқын шын жүректен сүйген перзенттің ұлы мұраты деп ұғыну керек.



Мен бұл арада он бес республиканы бұғалықтап, ондағы ұлттарды тәуелділіктің темір құрсауында ұстаған бұрынғы Кеңес дәуіріне қолпаш-марапат айтып, коммунистік партияның шашбауын көтергелі тұрған жоқпын. Мен дәл сол зымиян заман, қиын-қыстау уақыттарда да азаматтық пен ар туын жоғары ұстаған, әділет пен адалдық жолынан адаспаған, өз бойларындағы ерлік пен күрескерлік рухын, асқақ адамшылық қасиеттерін жоғалтпаған аға ұрпаққа ырзалық пен сүйініш сезімді ғана білдірсем деймін.

Бүгінгі келіп қалған жетпіс бес – жеті белесім де мені осы ақжолтай һәм ақкөйлек аға ұрпақтың қатарына қосып тұрғаны ақиқат. Данышпан Абайдың «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел. Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер», – демекші, алдыңғы толқын – аға ұрпақтың атынан үн қататын күншуағы байыған өмірдің байсал мінезіне, ақсақалдық парасатты тұғырға мен де келіп қалған екенмін. Уа, жаратқан! Бергеніңе шүкіршілік. Тәуба, тәуба деймін. Тағдырыма ризамын. Олай болса, өткен өміріміздің жеті белесін зерделеп толғағанда ел-жұрттың, қалың қауымның, әсіресе кейінгі жастардың көдесіне асарлық жеті ауыз сөз қалдыра алсақ – мақсатымыздың орындалғаны деп бағамдаймыз.

Осы тұрғыдан келгенде, менің Меккем, менің қанат қаққан тұғырым, аялап өсірген алтын бесігім – Солтүстік Қазақстанның күйқалы бір пұшпағындағы, сайын сақаралы Сарыарқаның нулы төсінде сынғыр қаққан бір шолпысындай ғана кішкентай Сәембет ауылы. Аяулы да ардақты ауылым!.. Осы Сәембет ауылы десе жүрегім әлі күнге дейін лүпілдеп, шуақты сезімдерге толады, өсем әндей өуелеген ғажап күйлі сырларға бөленеді. Көз алдыма балалық шақтың күйлі де мұнды, сырлы да сағынышты, асыл естелікке толы жарқын суреттерін әкеп, көңілді мың толқытады. Маңайы шоқ-шоқ орманмен алқаланған, Веселая Крутинка деген орман шаруашылығының аумағында орналасқан бұл Сәембет ауылы қазір Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданының аумағында жатыр. Отызыншы жылдары сол жер ұжымшардың атымен Өндіріс ауылы деп аталып кетті. Осы өңірге табиғат-ана өзінің барша сыйлығы мен тарту-таралғысын асқан жомарттықпен аямай төгіп берген деп айтсақ, жарасты да сыйымды болар еді... Асылы, аталарымыз қоныс таңдай білген-ау.

Майы шыққан күйқалы да қыртысты, құнарлы қара топырақ көктем келгенде кеудесін кере бүлкілдеп тыныстап жатқан сияқты болатын. Бұл атыраптың суы да, соған орай нуы да мол болып келеді. Саздауытты ішілік-томары көп өңір. Көктем мен күзде қайтқан





құс пен қаз-үйрек жыртылып айырылады. Ақ балтырлы қайыңдар, сыланған көк теректер, сұңғақ бойлы қарағайлар кейде тоқталып, кейде аралас өскен ойдым-ойдым, шок-шок ормандар, әсіресе, масаты жаз айларында қызықтыра қол бұлғап, әлдебір қызық думанға шақырғандай, сәнді суретімен көздің жауын алар еді. Сол самсаған қалың ормандардың атақты “Мың бір түн” ертегілеріндей әдемі қойнаулары, қызық құпиялары, шілік-талдары, қарақаты мен жидегі, бүлдірген мен шиесі, белуардан келер жасыл шалғыны – бәрі қосылып көздің алдына мөлдіреп тұра қалғанда ғажайып бір әлемнің ішіне кіргендей, рахатқа бөленер едіңіз. Солардың ортасында атшаптырым аумақты алып, айнадай жарқырап көгілжім сағымдай жарықтық Жалтыр көлі жатады. Бұл Жалтыр көлі қай кезде де жағасы жайлау, елдің құты, ырысы мен берекесі. Үй орнындай жерден үлкен мая шөп алатын. Ерте көктемнен-ақ аққу-қазын, құс-үйрегің қаңқылдата шулатып базар қылып, айнала төңірегін сәулелі аппақ мұнарға малындыра бусандырып, көлбей түсіп толықсушы еді-ау қайран Жалтыр, балалық шағымның балдан тәтті, оттан ыстық мекені! Кей жылдары табиғаттың беруімен орасан тасып жайылып, көлеміне көз жетпей кететін. Өлі есімде, 1941 жылы көлге керемет су түсіп, бүкіл айнала аумағына тасып, айдыны шалқарланып көп жерге жайылды. Содан оның ұзындығы шамамен алты, көлденеңі бес шақырым жерді алып, айнала-аймағын, ауқымындағы шок-шок орман-тоғай, шілік-томарларын тегіс құшағына қаусырып, албырап, балбырап жататын суреті менің әлі күнге дейін көз алдымда тұрады. Мүмкін, туған жердің перзент жүрегінде мәңгілік сақталатын құпия, киелі құдіреті деген осы болар. Осындай кезде үстінен өтіп бара жатқан құс атаулы бұл көлге тоқтамай, қонбай кетпеуші еді. Жалтыр көлдің басынан өзім де талай құс аттым, қызыққа кенелдім, құс базарын маңайдағы ауыл-селолардың жігіттері мен тіс қаққан кәнігі саятшылары да құр жібермейтін. Сәмембет маңының, жалпы Жалтыр көл айналасының қыста қызықтайтын аңдары: қасқыр, түлкі, қоян, қарсақ, елік болатын... Міне, менің жадымда қасиетті жәдігердей жатталып, көзіме оттай басылып, сақталып қалған айналайын туған жер суреттерінің бір парағы осындай...

Өрине, көпшілік қауым түсінетін болар, мен туған жер дегенде жалғыз бұрынғы Сәмембет, қазіргі Өндіріс ауылдарын ғана оңаша бөліп, оқшау бөлектеп алып айтып тұрған жоқпын. Асылы ондай өзімшілдіктен мен әуелден аулақ жүретін жанмын, туған жер дегенде мен жаңағы Өндіріс – Сәмембетке сол атыраптағы көршілес, қойы қоралас, өрісі аралас Орнек, Жарқайың және Ерназар ауылдарын да қоса айтып отырмын. Осылардың бәрі бір кезде

①



Кошпелі қазақтар көрінісі

②



Қазақ тұрмысы. ХІХ ғ. аяғы

③



Петропавл қаласындағы су мұнарасы. XIX ғ. аяғы


④



Петропавл қаласының көрінісі. XIX ғ. аяғы




7



СИБИРСКО-КАЗАХСТАНСКОЕ  
ОБЛАСТНОЕ МУЗЕЙНОЕ  
ОБЩЕСТВО  
г. ТАШКЕНТЪ

СОБЛАЗНУ  
ПРОСВЕЩЕННЫМЪ МИЛОСТІЮ  
**МЫ НИКОЛАЙ ПЕРВЫЙ,**  
ИМПЕРАТОРЪ И САМОДЕРЖЕЦЪ  
ВСЕРОССИЙСКИЙ.





1884

И. Д.  
СУЕВНАГО  
ГЕНЕРАЛЬ-ГУБЕРНАТОРА



КАНЦЕЛЯРІЯ



ОТДѢЛЕНІЕ 2

СТОЛЪ 2



№ 11 отъ 6 февраля 1884 г.



Г. ОМСКЪ

10  
Господину Яковлевскому, Губернатору

Влагодѣіе представилъ Якимъ  
Прѣвосодителство отъ Шкуста и за  
№ 10220, имѣю честь подтвердить, что  
надѣла крестьянъ, водворенная на  
угодіицъ Мушино, въ Петропавловскій  
уездѣ, имѣю подтвердить.

Примѣненіа в рѣшѣніи плановъ и  
документовъ и въ означеннаго въ рѣшѣніи  
плановъ и документовъ

Заступителствъ Степана Яковлева  
Губернатора, Губернатора Лейтенанта

Сиръ И. И. Урвановъ, секретарь, и др.





№ 1000

11

Почтвому Начальнику  
Деламеие Корпаниона  
Наранина Купрекна  
Купрекна -

02 01/02/03/04/05/06/07/08/09/10/11/12/13/14/15/16/17/18/19/20/21/22/23/24/25/26/27/28/29/30/31/32/33/34/35/36/37/38/39/40/41/42/43/44/45/46/47/48/49/50/51/52/53/54/55/56/57/58/59/60/61/62/63/64/65/66/67/68/69/70/71/72/73/74/75/76/77/78/79/80/81/82/83/84/85/86/87/88/89/90/91/92/93/94/95/96/97/98/99/100

10 " 1/2/3/4/5/6/7/8/9/10/11/12/13/14/15/16/17/18/19/20/21/22/23/24/25/26/27/28/29/30/31/32/33/34/35/36/37/38/39/40/41/42/43/44/45/46/47/48/49/50/51/52/53/54/55/56/57/58/59/60/61/62/63/64/65/66/67/68/69/70/71/72/73/74/75/76/77/78/79/80/81/82/83/84/85/86/87/88/89/90/91/92/93/94/95/96/97/98/99/100

N 0125

1/2/3/4/5/6/7/8/9/10/11/12/13/14/15/16/17/18/19/20/21/22/23/24/25/26/27/28/29/30/31/32/33/34/35/36/37/38/39/40/41/42/43/44/45/46/47/48/49/50/51/52/53/54/55/56/57/58/59/60/61/62/63/64/65/66/67/68/69/70/71/72/73/74/75/76/77/78/79/80/81/82/83/84/85/86/87/88/89/90/91/92/93/94/95/96/97/98/99/100

Собрано  
Купрекна

В денаненне пред  
менн Вачино Вачоко  
Корвн, от 22 Мая и 14 Ию  
зая 1834 и 1899. - Корпаниона  
Управленне составлен вво  
мостн, окрпнах плат  
ицах асах, илленне все  
предтаотн очна Вачн  
ну Вачоко и Крвн в та  
кнн присосоупменнн  
во востаненнн ввденн  
во востаннх не платаннн  
асак - строканнн по  
тесрвденн Округнннн  
прнказанн 22. Июна.  
Забрнко ачнн Собрано Купрекна

Собрано Купрекна

Вачоко и Крвн

Собрано Купрекна



іргедегі Ильинка деген орыс селосымен білек біріктіріп, бір арнада тоғысып, үлкен кеңшар болғаны да көз алдымызда. Ол үшін ағынан жарыла қуанғанмыз да есімде.

Міне, осы ауылдардың барлық көшелерінде менің балалық, жігіттік, азаматтық жылдарындағы жүріп өткен іздерім жатыр. Өндірісте туып-өсіп ер жетсем де, жаңағы тағдырлас төрт-бес ауылдың тыныс-тіршілігі, сүйініші-күйініші – бәрі де менің өмірбаяныммен, жан-дүниеммен бірігіп кеткендей. Жалғыз бұл ауылдар ғана емес, туған жер деген қасиетті ұғымды есіме алғанда, менің көз алдыма бүкіл Қызылжар, Көкшетау өңірінің, ерке Есілдің, сырбаз Сарыарқаның сымбатты суреті көлбеңдеп келіп тұра қалғандай бола қалады. Ойымды өрбіте түссем, ата қазақтың, алаш жұртының қоныстанып жайлаған, орда тігіп, түгін түтеткен жерінің бәрі де маған туған жер. Солардың бәріне мен кіндігім байланған кішкентай ғана Сәмембет ауылынан жол тартқан едім. Табанымнан әрдайым тұла бойға тараған туған жердің ыстығын сезінуім сондықтан болар. Туған жер қашан да туған ел деген киелі ұғыммен сабақтасып, астасып жатса керек. Күні кешегі тоталитаризмнің тоңмойын идеологиясынан құтылған біздер қазір бұрынғыдай емес “Қай ел боласың, шырақ?”, - деген сұрауға танданып, немесе ер-тоқымымызды мойынға алып тулап, не болмаса, теріс түсініп томсырайып жатпаймыз. Бұл арадағы тәуелсіздігіміз қайтадан жолға салып, жөнге түсіріп берген ежелден келе жатқан қазақи әділ қағидамыз мынадай: “Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін”, ал, бірақ “Жеті атасын білмеген – жетесіз”. Осы қанатты қағидаға өзім де қол қоямын. Сонда менің руым Орта жүзде Арғын тайпасының ішінде Атығай болып шығады екен. Атығай да тарихта өзіндік орны бар, қол бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендер шыққан іргелі рулардың бірі екендігін реті келгенде айта кетудің еш әбестігі болмас деп пайымдаймын. Жоңғар шапқыншылығы кезінде, шамамен 1730 жылдардың басында, бір ірі шайқаста үлкен ерлік көрсетіп, қол бастаған Сабалақ-Әбілмансұрды атақты Абылай атандырып, Орта жүздің сұлтаны етіп алып келгенде Көкшетаудан қоныс беріп іргесін кеңейтіп, алдына мал салған, басына орда тіккен негізінен осы қалың Атығай-Қарауыл рулары болатын. Бұл істің мұрындығы болып басы-қасында жүрген адам от ауызды, орақ тілді кемеңгер шешен Қарауыл Қанай би. Қанай бидің тарихта алатын орны Мағжан Жұмабаевтың “Батыр Баян” дастанында едәуір ашып көрсетіледі.

Хош, сонымен менің аталарым осы азулы да айбынды Атығай руынан тарайды екен. Қазақша шежіремен таратқанда әулетіміздің



басында Зілқара – Шопан тұрады. Олардан – Қосшығұл, Қосшығұлдан – Сандыбай, Сандыбайдан – Тілеужан, Тілеужаннан – Сағди, Сағдидан – Рамазан, Рамазаннан – мен – Мақтай және Болат. Ел аузындағы және басқа қағазға түскен өңгімелерге қарағанда менің ата-бабаларым да тегін адамдар болмағанға ұқсайды. Сөйлесе, сөздің шешені, бастаса көптің көсемі, ән-жыр төккен өнерпаз болыпты. Мен, міне, осынау Арқа өңіріне, бүкіл Орта жүзге әйгілі Зілқара, Шопандардың өулетіненмін. Оны біреу біліп, біреу білмейді. Әрі партияның қиянпұрыс өмірі жүрген кешегі кеңес заманында “мен сондай асылдың ұрпағы едім” деп кімге дабыра қыларсың? Сырымызды ішке бүгіп, іштен тынып жүрдік қой әйтеуір. Жаңа аты аталған екеуі де менің жетінші аталарым. Екеуі де өулетті, өз заманының бай да бағлан, батыр һәм сері адамдары. Ал, Зілқара атамыздан қалған өлең-жырлар, ән-өуендер, шешендік дуалы сөздер қаншама? Ол арнайы зерттеуді қажет ететін, өмірі әлденеше хикаят-романдарға арқау болатын ғибраттық ғұмыр иесі екендігіне еш күмән болмаса керек.

*...Алашқа атым кеткен Зілқара едім,*

*Ешкімге сөз бермеген ділмар едім.*

*Кешегі жиырма бесім қайта келсе,*

*Төрт бұрышын дүшпенің былғар едім,* – деп қалықтап жүрген уақытында сері де серке болған екен деп аңыз етіп айтысып отыратын еді бала күнімізде көнекөз қариялар. Иә, халық арасында кең тараған атақты “Жиырма бес” өнін шығарған дегдар, асылтек, ақсүйек өнерпаз хақында осылай демеске әлдіміз қайда! Зілқараның Көкшетау дуанына бірталай жыл аға сұлтан болып, билік жүргізіп, дүйім елді аузына қаратқан айдынды да шағы бар еді. Бұл Зілқара атамыздың кезінде ақ патшаға кілең бір түсті, асыл тұқымды үш жүз арғымақты сыйға тартып, небір шонжар-бекзадаларды өзінің тапқырлығымен, кеңқол мырзалығымен таң қалдырғаны да өзінше бір жосын. Ал, әкесінің атақ-айбынын қазақ сахарасына жайып жалғастыра түскен, батыр атанған Зілқараның Әлібегі өннің ақсұңқары Ақан серіні жақсы көріп, бауырына тартты, қолдау жасады, алғаш бәйгеге қостырып бағын сынаттып, қазақ даласында бұрын-сонды болып көрмеген ерен жүйрік Құлагердің атағын ең алғаш үш жүзге жайды. Сөйтіп, Ақан серідей ақиықтың, Құлагердей қолтығына қанат байлаған тұлпардың маңдайы ашылып, қалың қазақ еліне бар құдірет-қасиетімен жарқырай танылуына жол ашқан біздің Әлібек батыр атамыз екен. Бұл жайлар қазақтың көрнекті жазушысы Сәкен Жүнісовтың “Ақан сері” романында кеңінен баяндалған. Жақсы десе жан ұрпағы біздердің мәртебеміз көтеріліп



мерейленеді. Өзім жария қыла бермесем де, бірақ менің ата тегімді ел ішіндегі сұңғыла құлақ, кеніш көкіректер жақсы білетін болып шықты. Қазақстанның халық ақыны көкшетаулық Көкен Шәкеев бір алқалы жиында жыр нөсерін соқтыра отырып, маған қарата былай дегені бар:

*Елің үшін туған ердің бірісіз,  
Тұлғаңыз да ұсақ емес, ірісіз.  
Еңбегінде еске алатын жайлар бар,  
Ақындардың жазылмаған жырсыз.  
Атаң Шопан, Зілқарадан тараған,  
Ерлігіне таң қалатын әр адам.  
Аға сұлтан Зілқараның мәрттігін  
Ел айтады : “хан боп туған қарадан”.*

Біз риза болып, текті жердің ұрпағы екенімізге тебіреніп, қуанып қалдық. Арқалы ақынға ақжарма көңілмен алғысымызды айттық.

Әкем Рамазан қапсағай денелі, біртоға адам еді. Сөзді орнымен айтатын. Менің балалық шағым ауыр, ашаршылық, күйзеліс жылдарымен тұспа-тұс келді. Соған орай әкей аудандағы орман шаруашылығының Мальцево деген кордонына қорықшы-орманшы болды. Естияр болған шақта естіген әңгімелерден білетінім әрі көзбен де көргенім, сол жылдарда Ленин ауданының орманшылықтарында көп жерлерге шоғыр-шоғыр қарағай ормандар егілді. Осы көшеттерін өз қолымен отырғызып, күтіп баптаған әкеміз осы жайларды, өзі өсірген ормандарды кейін әрдайым “бұл сендерге, ұрпаққа қалған мұра”, - деп мақтанғыш сезіммен айтып отыратын. Орман шаруашылығының директоры Дмитрий Синенко деген кісі екені есімде сақталыпты. Осы Мальцево кордонында тұрғанымызда анамыз Рахиманың жырақаның бойына еккен жиырма үш түп терегі бар. Соларды шешей ылғи өзі суарып, екі жыл бойы мәпелеп өзі күткен еді. Сол теректер қазірде анамыздың көзіндей болып жайқалып өсіп тұр. Араға уақыт аралатып елге барғанда машинаны арнайы сол шоқ теректерге қарай бұрғызамын. Теректердің саясында аяулы анаммен іштей сырласқандай боламын. Ойға естеліктер оралады. Көзге еріксіз жас келеді. Ертерек уақытта да осы арадан ат-арбамен өткенде тоқтап, бірер сағат демалып отыратынымыз болатын. Осы арада айта кететін бір жай, анамыздың руы Арғын ішінде Қарауыл, шыққан тегі жағынан Ақан серінің жақын ағайындары болып келеді. Қазірде негізгі нағашы туыстар бұрынғы Көкшетау облысы Айыртау ауданындағы Сырымбетке жақын Құмтөккен, Өскен ауылдарына шектес Қарағай, Бұлақ ауылдарында тұрып жатыр. Жаның жаннатта болғыр Рахима анамыз он үш құрсақ



көтерген адам еді, содан көзі тіріміз інім Болат екеуіміз ғанамыз, өзі 57 жасында, 1962 жылы дүниеден өтті.

Ойды ой қозғайды. Жаңа ғана ашық аспан асты табиғат аясында анамызға қойылған жаратылыстың өз ескерткіші сияқты шоқталып өскен, бәйтеректер туралы айттық. Өз еңбегімен, маңдай терімен туған жер төсіне орнатылған осындай ғажайып табиғат ескерткішінен, бір ғажабы әкеміз құралақан емес. Шамасы, 1933 жыл болар, Орталық, Жаңалық, Алқа, Қарағаш ауылдары қоныс тепкен тоғайлы атырапта жаңадан орманшылық ашылып, оған осы салада бұған дейін де табандатқан сегіз жылдық тәжірибесі бар әкейді бірінші ұйымдастырушы етіп жібереді. Жаңа жерде де сол баяғы тынымсыздық, сол баяғы тиянақтылықпен, еңбекқорлықпен көрінді. Содан өзі отырғызған бір орман алқабы әкейдің атымен “Рамазан шоғы” (“Рамазанова роцца”) аталып, ол сол бойы картаға түсіп, мәңгілікке ескерткіш болып қалды. Міне, өмірдегі ең қымбатты, ең аяулы жандар әкеміздің де, анамыздың да есімдері туған жермен, туған жердің тамаша табиғатымен осылайша жарасып, егіз өрім болып тамаша үйлесім тапты.

Балалық шақ елестері дегенде не айта аламын? Менің балалық шағымның суреттерінде жарқылдаған салтанат, шалқыған шаттық күй жоқ. Есімде жұпыны тірлік, жүдеу жүздер көбірек сақталыпты. Тағы да бір есімде еміс-еміс қалған және кейінгі үйшілік өңгімелерден білетінім – балықтың қылқан сүйегіне өлімші болып қақалғаным. Ашаршылық асқынған 32-33-ші жылдар. Менің үш-төрт жастағы сәби бала кезім. Бар жейтін тамағымыз негізінен Есілден, маңайдағы кішкене көлдерден ауланған балық. Сірә, өзім де тамақсау, ашқарақтау болсам керек, әрі үнемі ашқұрсақ болғасын да солай ма, шешей де аңғармай қалған, өйтеуір бірде балықты қомағайлана асағанда, қылқан сүйегіне оңбай қақалыппын. Содан үй-іші у-шу болысып қалады. Сөйтсе, тамаққа қадалған сүйекті суырып алатын жез керек екен. Әкем жандәрмен жасап, үйдегі жалғыз ескі самаурынды бұзып жезін алып, оны аршып тазалап, ілгешектеп иіп, көмейімдегі қылқанды өлдім-талдым дегенде суырып алып тастайды. Одан соң жарақаттанып, ірідеп ісіген тамағымды керосинмен жуып-шаяды. Міне, халайық, өстіп Қазақстанның болашақ министрі үш жасында балықтың қылқанынан жантәсілім ете жаздап, күдайдың күдіретімен өрең дегенде аман қалғаны бар.

Мен аяғымды апыл-тапыл басып, есім кіре бастаған шақта әкесімнің үйде бүркіт ұстағанын білемін. Қыстың күндері ағаш аралағанда тұғырына қондырып бүркітті өзімен бірге ала жүреді. Сондай шақтарда әкейдің талай рет бүркіт салып, саят құрғанын, түлкі,



қоян алғанын бірге болып көзіммен көрдім. Бір жолы аш бүркіт түскен қоянын жарып тастап, қызылдап қанын іше бастаған. Көзіне қан толып, жан ұшыра жеткен әкейге айбат шегіп, болат тұяғының шенгелімен алақанын тесіп жібереді.

1936 жылы қайтадан өзіміздің Сәлембетке көшіп келдік. Көп ұзамай сол арада жаңадан “Өндіріс” атты колхоз орнап, әкейді соған басқарма етіп сайлады. (Қазірде тіл өрнегіне сай колхоз төрағасы немесе ұжымшар басқармасының төрағасы дейміз ғой, ал бұрын осы “колхоз төрағасы” деген сөзді қазақ ортасында “басқарма” деп бір-ақ қайыратын.) Әкем осында басқарма болып 1947 жылға дейін істеді. Соғыс кезінде трудармияға алынып, шамалы уақыт Челябинск трактор зауытында жұмыста болып, екі айдан соң облыстың шақыртуымен елге қайтып оралды да, сол бұрынғы міндетін одан әрі қайтадан жалғастыра берді. Соғыстың қысталаңы қалың елге де, мұндағы өртенген әр-әр жерде қалған сояу қамыстардай қатары селдіреген басшыларға да, біз сияқты бұғанасы әлі беки қоймаған қарасирақ балаларға да ауыр тиеді. Техника жоқ. Көктемгі егіс уақытысында күнде таңертең жекеменшіктің сиырларын зар илетіп әкеліп, соқаға жегеді. Түнде екінші сменада айдың жарығында қолмен уыстап шашылып тұқым себіледі. Жұмыстан біздей кішкене балалар да шет қалдырылған жоқ. Өгіз бен сиыр басына отырдық, соқа ұстадық, егін салдық, арам шөп отадық. Егінді күзге қарай лобогрейкамен шауып, қыста оны сарайдың ішінде комбайнмен соғатынбыз, жазатайымда содан менің қолым да кесілген еді. Үлкендермен, әйелдермен қатар осылардың бәрін оқуымызды оқи жүріп істедік.

Өндірілген астық та, өсірілген малдың еті де түгелдей Отан соғысының қажетіне жөнелтіліп отырды. Бұларға қосымша мен әкейдің ағасы – Мөлғаждар атаммен бірге қыс айларында аңға шығып, қоян, құр алыстым. Бұл аң еттерін суықта қатырып, азық-түлік орайында майданға жіберу үшін аудандық тұтынушылар одағының арнайы бөліміне тапсыратынбыз. Бізге аңшылық үшін қажетті оқ-дәріні де осы мекеме беріп тұрды.

Ал, шешей, яғни апам марқұм ауылдың барлық әйелдері мен бойжеткен қыздарын жинап алып, әйтеуір қолынан іс келетіндердің басын біріктіріп, биялай, шұлық тоқытатын, басқа да киімдер тіктіретін. Сөйтіп олар да майдан мұқтажы үшін арнайы мемлекеттік тапсырысты орындайтын. Соғыс кезінің заңы қатаң. Мәймөңкені көтермейді. Міндетті тапсырысты кеніктіруге, орындай алмай қалуға, әлсіздік танытуға өсте болмайды. Өл, тіріл, бірақ орында. Мұндай қатаң тәртіпті біз, балалар да білетінбіз. Ол тәртіппен ойнауға



болмайтынын түсінетінбіз. Бәрі де майдан үшін, барлық күш-жігер Отанды қорғау үшін тас-түйіндей жұмылдырылған кез еді бұл.

1944 жылы он бес жасымда трактор-егіс бригадасында есепші болып істедім. Ол кезде техникамен қамтамасыз ету, қосалқы бөлшектермен жабдықтау түгелдей машина-трактор стансалары арқылы жүзеге асырылатын. Сондағы атқарылатын жұмыстың тиянақтылығына, есеп-қисаптың тап-тұйнақтай мұқияттылығына, тәртіптің жолға қойылған беріктігіне әлі күнге дейін өзімнен-өзім отырып таң қаламын. Мәселен, егер бір подшипник немесе басқа бір торап, әлде бөлшек істен шықты дейік. Міне, нақ сол қосалқы бөлшекті қоймаға өткізбей тұрып, өлдім десең, сізге соның жаңасы ешқашан берілмейтін. Бұдан бірнеше жылдар өткеннен кейін дәл осы “Ильичевск” МТС-інде парторог болып істеймін деп мен сол кезде ешбір ойлаған жоқ едім.

Ақыры сұм соғыс та аяқталып, көптен күткен Жеңіс те келіп жетті-ау... Мен бұл екі ортада әжептәуір таралып, бойшаң болып өсіп, өз ауылымыздағы бастауыш мектепті, көрші Жарқайың деген ауылда жетіжылдықты бітіріп, одан сол кезде Сталин атындағы колхоз деп аталатын Ильинка селосында орысша жетінші класқа қайтадан түсіп, сонда сегізінші класты тәмамдап шыққан болатынмын. Албырт арман әр қияға тартып тұратын. Соның себебі ме, өзіміздің Ленин атындағы Покровка селосында ауыл шаруашылығы техникумы болушы еді, соған түстім. Бірақ оны бітіріп үлгерместен Петропавлдағы, қазақша айтқанда, кәдімгі Қызылжар қаласындағы №5 қазақ орта мектебінде интернатта оқып, орта білім, үлкен өмірдің жолдамасын алып шықтым. Бұл 1947 жыл еді. Сол мектептің директоры Мәті Құсайыновтың жарқын бейнесі, білікті ұстаздық істері жадымда жатталып қалыпты. Ол Ұлы Отан соғысының сұрапыл майдандарынан келген бетінде Қызылжар қаласындағы бірден-бір қазақ мектеп-интернатының оқу-материалдық базасын көтеру, білім беру сапасын жақсарту орайында ұтымды жұмыстар жүргізіп, пәрменді шараларды жүзеге асыра білді.

Сол кездің жағдайында ұлтжанды майдангер ұстаз-директордың мұнысы ерлікпен пара-пар еді. Бұған дейін де, бұдан кейін де бірнеше білім ордасында оқығаныммен, болашақ өмірімнің негізін қалаған нақ осы қазақ орта мектебі болды деп есептеймін.

Тегі, әкеміз аудандағы тәуір, білікті де тәжірибелі басқармалардың санатында болса керек. Сол кезде Отан соғысынан жеңіс салтанатын жалаулатып, небір қасқыр жігіттер, қажырлы азаматтар елге оралып келіп жатты ғой, міне, соларға амалсыздың күнінен, лайықты ер-азаматтың жоқтығынан басқарма болып жүргендер орындарын



босатып берісті. Ал, осыған дейін де табандатқан он екі жыл колхоз басқарған біздің әкей былқ етпеді. Тың күштер, жас жігерлілер келді ғой деп орын босатудың орнына керісінше одан әрі жоғарылап, 1947 жылы осы өзіміздің Ленин ауданындағы “Еңбек” деген үлкен, бай колхозға басқарма болып барды. Дәлірек айтсақ, өзі тіленіп барған жоқ-ау, аудан басшылары аттай қалап өздері жіберді. Оларға да жұмысты жүргізе алатын, істің ыңғайын білетін, халықпен тіл табысып жұмыс істей алатын адам керек. Біздің әкей, міне, осындай адам еді. Байсалды. Парасаты мол. Қарапайым халықтың мұнын, тіршілігін жақсы түсінеді. Жұртты өзі де сыйлайды, өзін де сыйлатады. Кейбір басбұзар тентектер мұндайда әкейден ығып жүретін. Сыншыл, талапшыл кісі еді. Үйде де, түзде де бір мінезінен айнымайтын. Сол салада ұзақ жыл істегендіктен, колхоз өндірісінің қыр-сырын, ұңғыл-шұңғылын жетік білді.

Раханды аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде “бұйралап жатты”: жаппаған жала, тақпаған кінә, айтылмаған ашулы сөздер қалмады. Ол кезе кімде, қайбір жұмыста кемшілік жоқ еді? Іздеп әуре болмай-ақ, қалтадан суырып алып үстел үстіне жайратып сала салатын. Бірақ кемшіліктің де кемшілігі бар ғой. Бірі – кексіз, тексіз болатын, ал екіншісі – зерлі сұмдықпен кеуде тақаса кететін.

Бюрода Рахаңа тағылып жатқан “кемшіліктер” өсек-аяндардың қоқырсып жатқан жиынтығы болып шықты. Соған қарамай кейбір көбік ауыздар Раханды орнынан алып, партиядан шығару керек деген ұсыныстар айтып салды. Бюро мәжілісін басқарып отырған бірінші хатшы Андрей Андреевич Калинин сөйлеушілерді тоқтау айтып бөгелтпей тыңдап болған соң, басын бір сәт көтеріп сабырмен: “Тағы да сөйлейтіндер бар ма?”, – деп мәжілісте отырғандарды көзін аударып бір шолып өтті де, сөйлейтіндер болмаған соң Рахаңа қарап: “Сағдиев, жолың болсын, үйіңе тарт, колхозыңды басқара бер”, – дегені. Мәжілістегілердің біразы аң-таң, үнсіз қалды.

А.А.Калинин өсек пен бөгде сөзге ермейтін, оны шындықтан ажырата білетін білікті басшы болатын. Ол отызыншы жылдардың басында Қазақстанға отыз мыңдықтар қатарында келген еді. Елдің тұрмысын жете білген басшы, ауылдарға барса, ақсақалдармен шүйіркелесе кететін, мұқтаждарын, тілектерін байыппен тыңдайтын. Сондықтан ба, ақсақалдар, қариялар оны “орыстың мұсылманы” деп жақсы көргендіктен атап кеткендері...

“Әке балаға сыншы” дейді, бірақ баласы да әкесінің ісін, мінез-құлқын, қас-қабағын, ортадағы абырой-беделін іштсей өзінше бағамдап бағыш жүруі де табиғи жай ғой деп ойлаймын. Осы





тұрғыдан келгенде, өзімнің сол тұстағы да және қазіргі де пайымдауымша, әкейдің жаңадан неғұрлым ірі, күрделірек шаруашылықтың басшылығына жіберілуіне оның бойындағы жоғарыда аталған жақсы қасиеттері себеп болғаны анық. Сол кезде “Еңбек” колхозына 1300-ден астам жылқы бағылушы еді. 120-дан артық түтін бар. Салып отырған егіндігі де аз емес. Өскен, өркендеген ауыл. Ол жылдарда осындай мол үйлі, ұйысқан, тығыз отырған қазақ ауылдары кем де кем болатын. “Еңбектің” осы атырапқа түгел белгілі бір атақты орта мектебі де бар. Ол кезде өзінің маңдайына біткен орта мектебі бар ауылдар да саусақпен санарлық. Әкем Еңбекке барған жылдың жазында демалысқа келгенімде аз уақыт жылқы фермасында есепші болып, бұл колхоздың тыныс-тіршілігіне, қам-қарекетіне қадари-хәлімше мен де арасластым.

Әрине, бұл орайдағы ұсыныс-талап мені бос қаратып отырғызбаудың, құр селтенбаймен күн өткіздірмеудің амалын қарастырған әкейдің тарапынан шыққан еді. Әкей содан “Еңбекте” 1950 жылға дейін колхоз төрағасы болды да, зейнетке шықты. Бірақ зейнетақысы аз болғандықтан, қайтадан туған ауыл Өндіріске көшіп келіп, жасы жетпіске жеткенше Веселый орман шаруашылығында өзінің бұрынғы сүйікті кәсібімен шұғылданып, орманшы болып істеді. Тек жақсылыққа тәрбилеген, дәйім өмірдің адал өнегесін үйреткен, берген ғибраты өте көп, жатқан жері торқа, иманы жолдас болғыр әкем Рамазан 1980 жылы жасы 81-ге қараған шағында фәниден бақиға көшті. Өмірлік қосағы Рахима шешемізбен туған ауылы Сәмембетте, ағайын-туманын ортасында, бір зиратта қатар жатыр. Дұғамыз періштенің құлағына шалынып, аруақтарға тие берсін!

Көне көз ақылман қариялардан естіген халық даналығы ма екен, әлде отбасымыздағы осы бір ұқсастықты өзінше жорып ырым көрді ме екен, әйтеуір марқұм анамыз ылғи “Егер бір үйде үш адам жылдас болса, олардың жұлдызы биік, өмірі өрелі, тұрмысы бақуатты болады. Ешқашан қарны ашып, өзегі талмайды”, - деп айтып отырушы еді. Бұлай дейтін себебі, анамыздың да, менің және інім Болаттың да жылдарымыз бір – Жылан еді. Бір үйден аналы-балалы үшеуіміз де бір жылы – Жылан жылы туыппыз! Іштен шыққан баласына кім жамандық тілейді, перзентінің болашағын кім жақсылыққа жорымайды? – бірақ, күпірліктен сақтасын, анамыздың осы айтқаны келді де тұрды. Құдайға шүкір, анамыздың жүрегінен шыққан сол бір таза тілегінен бе екен, әке өнегесінен бе екен, ақ сүт және ата қайратымен берілетін ғибратты тәрбиеден бе екен, әлде адал еңбегіміздің сыбағасы ма – қалай



болғанда да біз, Болат екеуміз де, өмірдің, туған халқымыздың салиқалы шалқар көшінен қалған жоқпыз, ешкімге, “әй, көпір” атанған жоқпыз. Елімізге, халқымызға, Отанымызға, мемлекетіміздің ұлы мұраттары жолында еңбек етіп, қызмет жасадық. Ұл-қыз өсірдік. Өзіміз де немере сүйдік. Әке мен ата аманатын орындадық. Бұл ретте мен жеткен мансабымды емес, жүріп өткен жөне еңбек жолының мән-мағынасын айтып отырмын.

Сөйтіп, 1941 жылы менің кеңпейіл ата-ана бауырындағы емес, сыншыл да міншіл, қатал, бірақ, түптің түбінде әділетті өмір аясындағы өзімнің дербес жолым, өз еңбегіммен жасалатын, жеке тағдырым басталды деуге болады. Осы жолы Семей мемлекеттік мұғалімдер институтына түсіп, оны үш жылдан кейін тарихшы мамандығы бойынша бітіріп келдім де, Қарағаш жетіжылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып, алғашқы еңбек өмірбаянымды бастадым. Мектептің жанында басқа елді-мекендерден келіп оқитын балалар тұратын интернаттары бар. Көп ұзамай мектептің директоры болып тағайындалдым. Қазіргі кездің өлшемімен безбендеп, бір сәт салыстыра саралап көрейікші. Жиырма жасар директор! Ақылға онша қона бермейтін сияқты. Солай емес пе? Менің жиырма жасымда, институтты бітіре келе сала бірден мектеп директорының “тағына” отыруыма негізінен сол қырқыншы-елуінші жылдардағы мұғалім кадрлар тапшылығының септігі болар.

Сондағы байқағаным, ауылдық жердегі мұғалімдердің басым көпшілігінің жас шамасы 50 мен 60-тың арасында болатын. Араларында жоғары білім алғандары сирек ұшырасатын. Бірақ, әділетке жүгінсек, мақтанғаным емес, мен жас болғаныммен, директорлық міндетімді жаман атқарған жоқпын. Бұған әкем жастайынан баулыған табандылық пен ықтияттылық көмектескені анық. Кім білген, осы қалпында кете барғанда мен оқу-ағарту саласының қызметкері, мұғалім де болып қалар ма едім. Өйткені ұстаздықты, әсіресе тарихшы мамандығын жастайымнан жаным сүйетін. Алайда, менің пешенеме жазылған тағдырдың бұйрығы мен жүретін жолым басқаша болып шықты.

1950 жылы айда жоқ жерден міндетті әскери борышымды өтеуге аттанып, содан 1954 жылдың күзінде аман-есен, туған елге оралдым.

Осы келісімде бағым да, беделім де өсіп келіп еді. Ондағыдай кадр тапшылығы тұсында әсіресе мен сықылды жігіттердің “түкірігі” жерге түспейтін. Ойлап қараңыз: темір тәртіп пен советтік әскери мектептен өтін шындалған, жоғары білімді, бұрын мектеп директоры сияқты басшы қызметте болып тәжірибе жинақтаған, ең бастысы, коммунист, партия мүшесі... Осындай қылаусыз өмірбаяндық анкета



деректері бар мені Қазақстан Компартиясы Ленин аудандық комитеті еш бөгетсіз өзіне нұсқаушы етіп жұмысқа қабылдады. Партиялық осынау беделді мекемеде нұсқаушы болып екі жыл істеп, партиялық ұйымдастырушы жұмыстарының қыр-сырына қанығып, адамдармен жұмыс істеуге төселе бастаған мені “Ильичев” машина-трактор стансасына партия ұйымының хатшысы етіп жіберді. Жылы кабинеттен кеткеніме қарамастан, бұл – өсу сатысы, көрсетілген үлкен сенім болатын. Мен оны жақсы түсіндім.

Мен үшін өмірдің үлкен мұхитына шәкірттік алғашқы барлау сияқты болған осы кезеңнен ісімен, өнегесімен орасан ықпал жасап, тағылым берген, өзімнің өзіме деген сенімімді нығайтып ағалық қолдау көрсеткен бір-екі азамат жайында жылы лебіз білдіргім келеді.

Бұларды менің еңбек жолымдағы алғашқы тәлімгер ұстаздарым десе де болады. Оның біреуі Ленин аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Қанаш Шөкенов еді. Кезінде Мәскеуде КОКП Орталық Комитетінің жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясынан дәріс алған, экономика ғылымдарынан кандидаттық дәрежесі бар Қанекен өзінің биік мәдениетімен, үлкен ақыл-парасатымен әркез ерекшеленіп тұратын. Бұлтақтатпай, көлтектетпей турасын кесіп айтып салып маңқиып отыра беретін азамат болды. Оған қоса қарапайымдылығы, “жүрегінің түбіне кір жасырмайтын” адалдық-тазалығы оның азаматтығын одан әрі айқындай, даралай түсетін. Жолдасқа деген әрі сенім, әрі қамқорлығы, әрі талабы бөлек болатын. Осы кісінің өнегесі айқын із қалдырды.

Сөйтіп жүргенде шуақты нұрын себелетіп менің өмірімді жаңа арнаға бұрған, тағдырыма елеулі өзгеріс әкелген бір оқиға болы. 1956 жылдың қысында аупарткомда нұсқаушы болып жүрген кезімде кезекті аудандық партия конференциясына облыстық партия комитетінің хатшысы Илияс Омаров келді. Неге екінің білмеймін, әлде сол кезде кейбір өресі төмен, ойы тайыз, адамшылығы жұқалау қызметкерлердің бойынан байқалып қалатын ұлыорыстық тәкаппар менмендіктің салқыны ма екен, әйтеуір аупарткомның біріншісі Федор Тимофеевич Супрунюк кешкілік іңір қаңғысымен келген мәртебелі мейманды өзі қарсы алмай, бұл міндетті маған тапсырды. Мен Ілекенді қарсы алып, аупартком үйінің арнайы дайындалған бір бөлмесінде түннің бір уағына дейін ертеңгі конференция материалдарымен таныстырып, әңгімелесіп отырғанда үлкен кісі маған сынай, бажайлап қарап отырып жеке өз жағдайларымды сұрастырды. Содан бір мезетте: “Партия мектебіне түсіп, оқығым келеді. Бірақ стажың толмайды деп жібермей отыр”, - деп мені шынымды айттым. Ілекен қасың керіңкіреп сәл ойланып қалды да,



сосын нық дауыспен шапшандата: “Егер өзіңнің шын оқығың келіп, мәселе стажға ғана тіреліп тұрса, онда маған өмірбаяндық деректерінді түгел бір парақ қағазға жазып бер”, - деп шешті.

Жұлдызы биікте жарқырап тұрған ірі мемлекет қайраткері Лияс Омарұлы сияқты кеңінен толғайтын, оңы мен солы, өрі мен ылдиы бірдей парасат иесі, шешімтал да уәдеге берік адамдарды мен өмірде сирек ұшыраттым. Осыдан көп ұзамай облыстық партия комитетінің бюросында мені 1957 жылдың кезектілігімен Алматыдағы партия мектебіне оқуға жіберуге шешім қабылданды. “Жақсыдан – шарапат” деген осы-ау...





**Пайдаланған әдебиеттер мен архив деректері:**

1. Абуов К.К. “Көкшетау”. Исторические очерки. Көкшетау, 1997 ж.
2. Әуелбеков Д.А. “Құрымсы би”. Солтүстік Қазақстан газеті, 12.12.2000 ж.
3. Әуелбеков Д.А. “Шежіре және аңыздар”, Солтүстік Қазақстан.
4. Әуелбеков Д.А. “Төрт шежіре”. Солтүстік Қазақстан 1991 қазан, қаңтар.
5. Биғожин Қ. “Орта жүз Арғын, Атығай шежіресі”. Қазақ батырлары газеті (ҚБ), 12.12.2001 ж.
6. Драчук В.С. “Рассказывает герольдина”. Изд. “Наука”, Москва, 1977 ж.
7. Жүнісов Сәкен. “Ақан сері”. Алматы. “Жазушы”. 1977 ж.
8. Мұқанов Қ.М., Жұмабаев С.Ж. “Бір әулеттің тарихы”. Петропавл, 2003 ж.
9. Мұқанов Сәбит. “Аққан жұлдыз” I-II том. Алматы, 1975,1976 жж.
10. Мұқанов Сәбит. “Өмір мектебі”, 9, 10, 11 том. Алматы, 1976, 1977 жж.
11. Мұқанов М.С. “Қазақ жерінің тарихы”. “Атамұра”, Қазақстан, 1944 ж.
12. Мұсатай Ғалым. “Асыл сөз”. Қарағанды, 2000 ж.
13. “Страница летописи Родного края”. СКО. “А.Қазақстан”, 1993 ж.
14. “Сегіз сері”. Тандамалы шығармалары. Петропавл, 2003 ж.



15. Садуақасов Тортай. “Ел мен жер”. Алматы, “Дайк-Пресс”, 2003 ж.

16. “Шал ақын”. Өлеңдер. Алматы, “Арыс” 2003 ж.

17. “Шоқан Уәлиханов”. Таңдамалы. Алматы, “Жазушы”, 1985 ж.

18. М.Габбасов. “Өмір жолы”. Петропавл, 2004 ж.

19. Төреқұлов Н., Қазбеков М. “Қазақтың бишешендері”. Алматы, “Жазушы”. 1993 ж.

20. Алматы. Мемлекеттік архив: 1) Қор N 369, тізбе 1, іс: 6459, 6453, 8974, 8975, 9102, 9112, 3692, 3721, 3745, 9621, 3741.

2) Қор N 345, тізбе 1, іс: 1880, 1818, 282, 234, 231, 163, 252, 23, 1921, 1793, 692, 490, 722, 889, 817, 311, 350, 1775, 2088, 1626.

3) Қор N 374, тізбе 1, іс: 6023, 1464, 1085, 863, 4020, 4172, 4262, 3467, 604, 374, 1345, 802, 1271, 1464, 1755, 4360.

4) Қор N 338, тізбе 1, іс: 603, 63, 307.

5) Қор N 379, тізбе 1, іс 1464.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	5
Жылғара және оның дәуірі.....	7
Жылғара мен Есеней.....	28
Санақ пен Ясақ, тізім мен есеп.....	33
Жер дауы, шағым, барымта.....	38
Жылғараның жер-мүлкі хақында.....	42
Мұсаның қонысы.....	47
Ғасырдың екінші жартысы және ел тынысы.....	52
Мандай батырдың өлімі.....	55
Әлібек батыр.....	57
Құрымсы би.....	61
Жылғара жөніндегі ел аузындағы өлеңдер.....	67
Жәпек батыр.....	70
Жылғара мен туыстарының шежіресі.....	72
Табанымда туған жердің ыстығы.....	82
Пайдаланған әдебиеттер мен архив деректері.....	96

“Арыс” қорының президенті  
Ғарифолла ӘНЕС

**ҒАЛЫМ ҚАДІРӘЛІҰЛЫ**  
**ЖЫЛҒАРА БАЙТОҚИН**

*Зерттеулер (архив деректері және  
ел аузында қалған сөз).*

Компьютерде реттеп дайындаған: Нұржамал Байтенова.

Редакторы **Н. МАУЫТОВ**  
Суретшісі **Н.НҰРМАҒАМБЕТОВ**  
Тех. редакторы **С.АҚЫЛОВ**

ИБ № 12

Терімге 15.07.2004 жіберілді. Басуға 28.08.2004 қол қойылды.  
Пішімі 60 x 84 1/16. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 6,5  
+ 0,5 жапсырма бет. Есепті баспа табағы 7,0. Таралымы 500.  
Тапсырыс № 64.

480091, Алматы,  
Құрманғазы көшесі, 29  
“Арыс” баспасы  
тел./факс: 61-66-28, 61-66-92  
E-mail: aris@nursat.kz



## ***Ардақты Алаш азаматтары!***

*Бұл кітапты сатып алып, «АРЫС» қорының ісі оңға басуына үлес қосқан Сізге мың да бір рахмет! Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «АРЫС» қоры жазықсыз жазаланып, аттары аталмай, көпшілік жадынан өше бастаған біртуар азаматтарымыздың мұрасын жинап, еңбектерін жарыққа шығарады; ескерткіш, мүсіндерін жасап, музейлерін жабдықтайды; арыстарымыздың өмірі мен творчествосын насихаттаушыларға жәрдем беріп, мерейтойларын өткізуге атсалысады; ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға қайырымдылық көмек көрсетеді...  
Қор жанындағы «АРЫС» баспасы  
Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды  
тез әрі сапалы орындап береді.*

480100, г. Алматы  
ул. Курмангазы, 29  
(уг. ул. А.Пушкина)  
каб. 418-421  
тел./факс: 616 628  
616 692  
E-mail: aris@nursat.kz



р/с 001700102 (тенге)  
30070492 (валюта)  
в АФ АО  
Казкоммерцбанк  
г. Алматы  
МФО 190501724  
РНН 600400010767

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	5
Жылғара және оның дәуірі	7
Жылғара мен Еселей	28
Санақ пен Ясақ, тізім мен есеп	33
Жер дауы, шатам, барымта	38
Жылғараның жер-мүлкі хақында	42
Мұсаның қонысы	47
Ғасырдың екінші жартысы және ел тынысы	52
Маңдай батырдың өлімі	55
Әлібек батыр	57
Құрымсы би	61
Жылғара ел аузындағы олеңдер	67
Жәпек батыр	70
Жылғара мен туыстарының шежіресі	72
Табанымда туған жердің ыстығы	82
Пайдаланған әдебиеттер мен архив деректері	96